

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті



Т.Шонанұлының 130 жылдығына арналған «Телжан Шонанұлының педагогикалық мұралары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар
ЖИНАҒЫ

13 желтоқсан, 2024 жыл

СБОРНИК

материалов республиканской научно-практической конференции «Педагогическое наследие Тельжана Шонанулы», посвященной 130-летию Т. Шонанулы

13 декабря, 2024 года

COLLECTION

of the republican scientific and practical conference "Pedagogical heritage of Telzhan Shonanuly" dedicated to the 130th anniversary of T. Shonanuly

December 13, 2024

Ақтөбе қаласы

УДК 37.0
ББК 74.00
Т32

Р.А.Бекназаров және т.б.

Т.Шонанұлының 130 жылдығына арналған «Телжан Шонанұлының педагогикалық мұралары» республикалық ғылыми тәжірибелік конференциясының материалдар
ЖИНАҒЫ



ISBN 978-601-376-032-2

Редакциялық алқасы

Р.А.Бекназаров
А.К.Каринов
К.Ж.Туребаева
А.М.Таганова
А.М.Токжанова
А.Т.Рыстыгулова
Р.А.Қазбергенова

Пікір берушілер:

Мустояпова А.С., М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Бахтиярова Г.Р., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Телжан Шонанұлының педагогикалық мұралары: Т.Шонанұлының 130 жылдығына арналған «Телжан Шонанұлының педагогикалық мұралары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, 13 желтоқсан, 2024 жыл. – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Университеті, 2024. – 140 б. - ISBN

Т.Шонанұлының 130 жылдығына арналған «Телжан Шонанұлының педагогикалық мұралары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы 2024 жылдың 13-желтоқсанында өтті. Жинаққа Т.Шонанұлының көзқарастарының қазіргі білім берудегі педагогикалық технологияларымен сабақтастығы, заманауи психологиялық зерттеулер және Т.Шонанұлының рухани мұраларының мәселелері, білім беру мазмұнындағы дәстүр мен инновация рөлі туралы мақалалар кірді.

ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амантаева Б.И.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, магистр
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: bamantayeva@zhubanov.edu.kz

Амангельдиева И.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: amangeldievaind@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада церебральды сал ауруы (ЦСА) бар балалардың ақыл-ой дамуын жетілдіруге бағытталған педагогикалық және түзету жұмыстарының өзекті мәселелері қарастырылады. Балалардың танымдық және психоэмоциялық дамуын қалыптастырудағы негізгі қиындықтар талданып, олардың білім алуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал ететін әдістер ұсынылады.

Тірек сөздер: церебральды сал ауруы, ақыл-ой дамуы, педагогикалық түзету, арнайы білім беру, реабилитация, психологиялық қолдау.

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные вопросы педагогической и коррекционной работы, направленной на развитие интеллектуального потенциала детей с церебральным параличом (ЦП). Анализируются основные трудности формирования их познавательного и психоэмоционального развития, предлагаются методы, способствующие их обучению и социальной адаптации.

Ключевые слова: детский церебральный паралич, интеллектуальное развитие, педагогическая коррекция, специальное образование, реабилитация, психологическая поддержка.

Abstract. This article examines the key issues of pedagogical and correctional work aimed at enhancing the intellectual development of children with cerebral palsy (CP). The main difficulties in shaping their cognitive and psycho-emotional development are analyzed, and methods that facilitate their education and social adaptation are proposed.

Key words: cerebral palsy, intellectual development, pedagogical correction, special education, rehabilitation, psychological support.

Қазіргі қоғам үшін балалар церебральды сал ауруы (БЦСА) өзекті мәселе болып қала береді. Әртүрлі авторлардың мәліметтері бойынша, бұл аурудың таралу деңгейі 1000 жаңа туған нәрестеге 1,5 пен 4 арасындағы аралықта болады [1-2]. Шетелдік деректерге сәйкес, балалар церебральды сал ауруының таралуы әр түрлі болады. Мысалы, Австралия мен Еуропада бұл көрсеткіш 1000 туылған балаға 1,4-тен 2,5-ке дейін болса, АҚШ, Египет және Тайванда бұл көрсеткіш 3 және одан жоғары [3-4]. Египеттегі балалар церебральды сал ауруының таралуы Н.Н. El Tallawy және оның авторларымен жасалған зерттеу нәтижелері бойынша 1000 жаңа туған нәрестеге 3,06 құрайды [5].

Балалар церебральды сал ауруы (БЦСА) - бұл мидың ерте кезеңдерде пайда болған зақымдану салдарынан болатын тірек-қимыл бұзылыстарының жинағы. Оның негізгі клиникалық белгілері — статокинетикалық рефлексстердің дұрыс дамымауы, тонус ақаулары, парездермен байланысты қозғалыс функциясының бұзылуы. Сонымен қатар,

бұл аурудың созылмалы кезеңдерінде нерв және бұлшықет талшықтарында, буындарда, байламдарда, шеміршектерде өзгерістер орын алады. Сондай-ақ, көптеген жағдайларда түрлі неврологиялық және психикалық бұзылыстар байқалады. Психикалық бұзылулардың ауырлығы жеңіл эмоционалдық ауытқулардан бастап, ауыр интеллектуалды кемістіктерге дейін өзгеруі мүмкін. Осылайша, балалар церебральды сал ауруы кезінде қозғалыс бұзылыстары ақыл-ой кемістігі, эпилепсиялық ұстамалар, қабылдау мен үйренуде қиындықтармен қатар жүруі мүмкін. Көбінесе көру, есту, сезіну сияқты жүйке жүйесінің басқа бұзылыстары байқалады, сондай-ақ ішкі ағзалар тарапынан да патологиялар туындайды, олар психомоторлық дамудың тежелуін арттырады. Әрине, «церебральды паралич» термині аурудың неврологиялық өзгерістерінің әртүрлілігін толық көрсете алмайды, бірақ ол әлемдік әдебиетте қолданылып келеді [6].

Балалар церебральды сал ауруы прогрессияға ұшырамайтын ауру болып табылады. Алайда, баланың өсуі мен дамуы барысында клиникалық көріністер өзгеруі мүмкін және бұл аурудың дамуы сезіледі. Бұл ми жүйесінің мүмкіндіктері мен қоршаған ортаға қойылатын талаптар арасындағы сәйкессіздік артуымен байланысты, бұл компенсаторлық процестердің күшеюіне әкеледі. Бұл өз кезегінде өмір сүру деңгейінің шектеулі болуына себеп болады: өзіне-өзі қызмет көрсету, жүру, психологиялық мәселелер, қоршаған ортаға бейімделу қиындықтары, оқу процесінде қиындықтар, болашақтағы еңбек қызметі шектеулері. Осы факторлардың барлығы БҚСА бар балалар мен олардың жақындарының өмір сапасының айтарлықтай төмендеуіне алып келеді [7].

Халықаралық аурулар классификациясы (МКБ 10) бойынша балалар церебральды сал ауруы келесі түрде бөлінеді: G80.0 Спастикалық церебральды паралич; G80.1 Спастикалық диплегия; G80.2 Балалар гемиплегиясы; G80.3 Дискинетикалық церебральды паралич; G80.4 Атаксикалық церебральды паралич; G80.8 Басқа балалар церебральды параличы.

Сонымен қатар, авторлардың әртүрлі функционалдық және клиникалық классификациялары да кеңінен қолданылады. Елімізде К.А.Семенова (1972) мен Л.О.Бадалянның классификациялары кеңінен таралған [8-9].

БҚСА диагнозы қойылған баланың уақытылы емделуі оның қалпына келуіне маңызды әсер етеді. Алайда, балаларда бұл диагноз көбінесе баланың 1 жасында, яғни ол «жүрмегенде» ғана қойылады. Көптеген зерттеушілер 3 айлық кезеңнен бастап реабилитациялық шараларды қолдануды ұсынады, себебі бұл кезеңде мидың даму жылдамдығы жоғары болады, ол реабилитацияның жоғары тиімділігіне ықпал етеді [10].

БҚСА бар балаларға арналған реабилитациялық шаралар төрт кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – амбулаторлық емдеу, ол балалар емханасында педиатр, невролог, ортопед, логопед, дефектолог және психолог мамандарының қатысуымен жүргізіледі.

Екінші кезең – стационарлық көмек, ол неврологиялық бөлімшелерде немесе неврологиялық және психоневрологиялық клиникаларда ұйымдастырылады.

Үшінші кезеңге мамандандырылған балалар бақшалары мен мектеп-интернаттар кіреді. Бұл мекемелерде кешенді емдеу, оқыту, тәрбие және коррекциялық-психологиялық жұмыс жүргізіледі. Ауыр формалары бар балалар әдеттегі, көмекші немесе жеке бағдарламалар бойынша үйде оқытылады.

Төртінші кезең – еңбек тәрбиесі.

Ойлау – негізгі жоғары психикалық функциялардың бірі. Осы жастан бастап белсенді дамып келе жатқан ауызша-логикалық ойлау баланың барлық басқа жоғары психикалық функцияларының жұмысын қалпына келтіреді. Ақыл-ой дамуының проблемасын зерттей отырып, ақыл-ой әрекетінің ерекше сипаттамаларын К.А.Семенова, Е.И.Кириченко, Э.С.Калижнюк, М.В. Ипполитова, Л.А.Данилова, И.Ю.Левченко, И.И.Мамайчук, А.Г.Лапшина, Т.А. Ворникова, И.В.Демина және басқалар бөліп көрсетеді. [4].

БҚСА бар балаға оқу мен даму үшін барлық жағдайлар жасалған соң оның білім беру процесін тиімді де жан-жақты дамытушылық тұрғыда ұйымдастыру маңызды.

Баланың ойлауын жетілдіру үшін оның қызығушылығын тудыратын және оқу процесіне белсене қатысатын жаттығулар қолданылады.

Церебральды сал ауруы (ЦСА) бар балалардың ақыл-ой дамуын жетілдіру – ерекше назар мен қамқорлықты қажет ететін мәселе. Бұл балалардың интеллектуалдық, моторлық және психоэмоциялық дамуы күрделі және әртүрлі факторларға байланысты. Сондықтан педагогикалық және түзету жұмыстары кешенді түрде, жеке бағдарлама бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Ерте диагноз қою, дұрыс емдеу, психологиялық және педагогикалық қолдау, сондай-ақ арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдану балалардың дамуына оң әсер етеді. Бұл жұмыстар балалардың білім алу, әлеуметтік ортада бейімделу және өмір сапасын жақсарту үшін аса маңызды. Әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, реабилитациялық шаралардың тиімділігін арттыру қажеттілігі ерекше орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баранов А.А., Намазова-Баранова Л.С., Куренков А.Л., Ключкова О.А., Каримова Х.М., Мамедъяров А.М. и др. Комплексная оценка двигательных функций у пациентов с детским церебральным параличом. М: ПедиатрЪ, 2014.
2. Stavsky M, Mor O, Mastrolia SA, Greenbaum S, Than NG, Erez O. Cerebral palsy – trends in epidemiology and recent development in prena tal mechanisms of disease, treatment, and prevention. Front Pediatr. 2017; 5: 21. DOI: 10.3389/fped.2017.00021.
3. Graham HK, Rosenbaum P, Paneth N, Dan B, Lin JP, Damiano DL et al. Cerebral palsy. Nat. Rev. Dis. Primers. 2016; 2: 15082. DOI: 10.1038/nrdp.2015.82.
4. Woolfenden S, Galea C, SmithersSheedy H, Blair E, McIntyre S, Reid S et al. Impact of social disadvantage on cerebral palsy severity. Dev Med Child Neurol. 2018; 17. DOI: 10.1111/dmcn.14026.
5. El Tallawy HN, Farghaly WM, Shehata GA, Rageh TA, Metwally NA, Badry R et al. Cerebral palsy in AlQuseir City, Egypt: prevalence, subt ypes, and risk factors. Neuropsychiatr Dis Treat. 2014; 10: 1267 1272. DOI: 10.2147/NDT.S59599.
6. Аронскинд Е.В., Морошек Е.А., Афанасьева Н.А. Организация помощи детям с БЦСА в реабилитационном центре «Здоровое детство» //Вестник физиотерапии и курортологии. 2015. Т. 21, № 2. С. 97.
7. Осокин В.В. Эволюция представлений о детском церебральном параличе //Современная наука: актуальные проблемы и пути их решения. 2014. № 9. С. 77-81.
8. Семенова К.А. К вопросу о классификации детского церебрального паралича //Педиатрия. Журнал им. Г. Н. Сперанского. 1972. № 2. С. 57.
9. Бадалян Л.О., Журба Л.Т., Тимонина О.В. Детские церебральные параличи. Киев: Здоровье, 1988.)
10. Артеменкова Л.Ф. Реабилитационные мероприятия в системе работы с детьми ран него возраста с диагнозом БЦСА //Мир науки, культуры, образования. 2016. № 3(58). С. 76-78.

ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖЕҢУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Амангельдиева И.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: amangeldievaind@gmail.com

Аңдатпа.Бұл мақалада балалар церебральды сал ауруы (БЦСА) бар балалардың дамуы мен оқытуындағы өзекті мәселелер қарастырылады. Түзету-педагогикалық

жұмыстардың негізгі бағыттары, сөйлеу, когнитивті және моторлық дағдыларды жетілдіруге арналған әдістер, сондай-ақ инновациялық тәсілдер сипатталады.

Тірек сөздер: балалар церебральды сал ауруы, түзету-педагогикалық жұмыс, арнайы білім беру, психологиялық түзету, әлеуметтік бейімделу.

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные вопросы развития и обучения детей с детским церебральным параличом (ДЦП). Описываются основные направления коррекционно-педагогической работы, методы развития речевых, когнитивных и моторных навыков, а также инновационные подходы.

Ключевые слова: детский церебральный паралич, коррекционно-педагогическая работа, специальное образование, психологическая коррекция, социальная адаптация.

Abstract. This article examines the key issues in the development and education of children with cerebral palsy. It describes the main directions of corrective pedagogical work, methods for improving speech, cognitive, and motor skills, as well as innovative approaches.

Keywords: cerebral palsy, corrective pedagogical work, special education, psychological correction, social adaptation.

Балалар церебральды сал ауруы (БЦСА) - бұл мидың ерте кезеңдерде пайда болған зақымдану салдарынан болатын тірек-қимыл бұзылыстарының жинағы. Оның негізгі клиникалық белгілері — статокинетикалық рефлексдердің дұрыс дамымауы, тонус ақаулары, парездермен байланысты қозғалыс функциясының бұзылуы. Сонымен қатар, бұл аурудың созылмалы кезеңдерінде нерв және бұлшықет талшықтарында, буындарда, байламдарда, шеміршектерде өзгерістер орын алады. Сондай-ақ, көптеген жағдайларда түрлі неврологиялық және психикалық бұзылыстар байқалады. Психикалық бұзылулардың ауырлығы жеңіл эмоционалды ауытқулардан бастап, ауыр интеллектуалды кемістіктерге дейін өзгеруі мүмкін. Осылайша, балалар церебральды сал ауруы кезінде қозғалыс бұзылыстары ақыл-ой кемістігі, эпилепсиялық ұстамалар, қабылдау мен үйренуде қиындықтармен қатар жүруі мүмкін. Көбінесе көру, есту, сезіну сияқты жүйке жүйесінің басқа бұзылыстары байқалады, сондай-ақ ішкі ағзалар тарапынан да патологиялар туындайды, олар психомоторлық дамудың тежелуін арттырады [1].

БЦСА баланың сөйлеу және ақыл-ой мүмкіндіктері белгілі бір дәрежеде бұзылған жағдайларда оңалту шараларының кешеніне логопед-дефектолог маманы қосылады. Зақымдану бағытына байланысты (сөйлеу, ақыл-ой, когнитивті бұзылулар) белгілі бір әдістер тағайындалады. Логопедиялық түзету белгілі бір дыбыстарды, олардың тіркестерін, буындар мен сөздерді белгілі бір ретпен айтуды қамтиды. Сондай-ақ, жақ-бет аппаратының жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін әртүрлі гимнастика қолданылады. Қосымша көмек ретінде маманға логопедиялық бет, тіл және төменгі жақ массажы қолдану ұсынылады, ол қолмен немесе арнайы зондтардың көмегімен жүзеге асырылады.

Дефектолог церебральды сал ауруы бар баланың психикалық және логикалық жағдайын жақсартатын оқу бағдарламаларын жүргізеді. Церебральды сал ауруы бар балалар тұратын отбасылардың психоэмоционалды жағдайын қалыпқа келтіру үшін кешенді оңалту бағдарламасында клиникалық психолог маман келесі міндеттерді шешеді: церебральды сал ауруы бар баланың және отбасының психологиялық мәртебесін бағалау; баланың танымдық функцияларын терең бағалау (есте сақтау, зейін); эмоционалды жағдайды бағалау, мазасыздықты, депрессианы диагностикалау; отбасы мен балаға кеңес беру және психологиялық көмек және түзету жүргізеді.

Эрготерапия – оңалтудың жаңа бағыты. Бұл мамандар балаларға күнделікті өмірде көмектеседі. Білімі бойынша эрготерапевт – тиісті дайындықтан өткен психолог немесе бейімделген дене шынықтыру маманы. Эрготерапевт міндеттеріне мыналар жатады:

- тұрмыстық қызметке деген стрессті бағалау;
- тұрмыстық қызмет деңгейін бағалау;

- мазасыздықты бағалау;
- шектелген немесе бұзылған қызметті қалпына келтіру немесе дамыту;
- тәуелсіз қызмет мүмкіндіктерін бағалау.
- отбасының гиперопекасының алдын алу;
- өзіне-өзі қызмет көрсету қызметіне қосу;
- тіршілік ету ортасын және оның бейімделуін тексеру;
- тұрмыстық саладағы қозғалыс мүмкіндіктерін қалпына келтіру;
- тұрмыстық қозғалыстарды шектеудің алдын алу [2].

Мектепке дейінгі жастағы БҚСА баларды түзету-педагогикалық жұмыстың негізгі бағыттары:

- моториканы және өзіне-өзі қызмет көрсету және гигиена дағдыларын дамыту;
- ойын қызметін дамыту;
- басқалармен (кұрдастарымен және ересектермен) сөйлеу қарым-қатынасын дамыту. Пассивті және белсенді сөздік қорын арттыру, үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру. Сөйлеудің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық құрылымын дамыту және түзету;
- қоршаған орта туралы білім мен идеялар қорын кеңейту;
- сенсорлық функцияларды дамыту. Кеңістіктік және уақыттық көріністерді қалыптастыру, олардың бұзылуын түзету. Кинестетикалық қабылдау мен стереогноздың дамуы;
- математикалық түсініктерді қалыптастыру;
- қол шеберлігін дамыту және қолды жазуды игеруге дайындау;
- мектепке дайындық

Жоғарыда аталған бағыттар бойынша жұмыс барысында түрлі кедергілер кездесуі мүмкін және кедергілерді жою барысында түрлі әдістер, оның ішінде инновациялық әдістер кеңінен қолданылады.

Церебральды сал ауруы бар балаларды оқытуда қолданылатын инновациялық әдістер – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуы мен білім алу процесін оңтайландыру үшін қолданылатын заманауи тәсілдер. Бұл балалардың физикалық, интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына қолдау көрсетуге бағытталған әдістер әртүрлі салаларда жұмыс істейді. Мысалы, психологиялық, педагогикалық, техникалық және әлеуметтік салаларда инновациялық шешімдер пайдаланылады. Олардың мақсаты – баланың мүмкіндіктерін барынша ашуға жағдай жасау.

1. Технологиялық қолдау (Assistive Technology): Церебральды сал ауруы бар балалар үшін арнайы құрылғылар мен бағдарламалар қолданылады, мысалы, электронды жазу құралдары, сөйлеуді тану жүйелері, көру және есту құралдары. Бұл технологиялар баланың оқуға және қарым-қатынас жасауына көмектеседі [3].

2. Қолданбалы бейнемазмұн (Multimedia Learning): Бейнемазмұн мен интерактивті мультимедиа технологиялары арқылы балалардың оқу процесін қызықты әрі тиімді ету. Әсіресе, визуалды және дыбыстық материалдар балалардың қабылдауын жақсартады [4].

3. Нейробиологиялық әдістер: Ми қызметінің оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін нейробиологиялық әдістер мен терапиялар қолдану. Бұл әдіс мидың қайта қалпына келуіне көмектеседі және оқытуға ықпал етеді [5].

Бұл әдістердің барлығы баланың оқу процесін жеңілдетуге, мүмкіндіктерін дамытуға және олардың әлеуметтенуін жақсартуға бағытталған.

Церебральды сал ауруы бар балаларды оқытуда қолданылатын инновациялық әдістер, шындығында, білім беру процесін жетілдіруге үлкен мүмкіндік береді. Бұл әдістер тек баланың физикалық және интеллектуалдық дамуын ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға бағытталған. Олардың көмегімен әрбір бала өзінің жеке мүмкіндіктерін ашып, қоғамда белсенді өмір сүруіне жағдай жасалады.

Қорытындылай келе, кез келген баланың мүмкіндігі шектеулі болса да, оның бойында дарын мен қабілет бар екенін ұмытпаған жөн. Бұл дарынды ашуға, оны дамытуға және қоғамға толыққанды қатысуына жағдай жасау – біздің ең басты міндетіміз. Осы бағыттағы жұмысты әрдайым жаңашыл әдістермен жетілдіріп, олардың әлеуетін барынша аша отырып, біз балаларымыздың жарқын болашағына қадам жасай аламыз. Әрбір бала – бұл болашақтың кілті, ал біз сол кілтті табуға көмектесетін жол көрсетушіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аронскинд Е.В., Морошек Е.А., Афанасьева Н.А. Организация помощи детям с БЦСА в реабилитационном центре «Здоровое детство» //Вестник физиотерапии и курортологии. 2015. Т. 21, № 2. С. 97.
2. Rosenbaum P. L., Dan B. The continuing evolution of «Cerebral Palsy» // Annals of Physical and Rehabilitation Medicine. 2019, 24. S1877–0657(19)30152–6.
3. Smith, A. M. (2019). Assistive Technology for Children with Cerebral Palsy. Journal of Special Education Technology.
4. Walker, L. R. (2017). Using Multimedia in Special Education. International Journal of Special Education
5. Miller, H. P. (2019). Neurobiological Approaches to Learning in Children with Cerebral Palsy. Journal of Neuroscience in Education.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ОРТАНЫҢ РӨЛІ

Бағытжанов А.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М03101 – Психология ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: bagytzhanov02@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада жасөспірімдердің мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін негізгі орта факторлары қарастырылады. Отбасы, мектеп, құрдастар тобы және ақпараттық кеңістіктің жасөспірімдерге тигізетін ықпалына талдау жасалады. Сондай-ақ әлеуметтік ортаның жағымды және жағымсыз әсерлері, олардың тұлғалық даму үдерісіндегі маңызы сипатталады. Мақалада мінез-құлықтың қалыптасуында қолайлы ортаның маңыздылығы мен оны қалыптастыру жолдарына назар аударылады.

Тірек сөздер: жасөспірім, мінез-құлық, әлеуметтік орта, отбасы, мектеп, құрдастар, тәрбие, тұлғалық даму

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные факторы среды, влияющие на формирование поведения подростков. Проводится анализ влияния семьи, школы, группы сверстников и информационного пространства на подростков. Также характеризуются положительные и отрицательные эффекты социальной среды, их значение в процессе развития личности. В статье основное внимание уделяется важности благоприятной среды в формировании поведения и путям его формирования.

Ключевые слова: подросток, поведение, социальная среда, семья, школа, сверстники, воспитание, личностное развитие

Annotation. This article examines the main environmental factors that influence the formation of adolescent behavior. The analysis of the influence of family, school, peer group and information space on teenagers is carried out. The positive and negative effects of the social environment and their importance in the process of personality development are also

characterized. The article focuses on the importance of a supportive environment in shaping behavior and ways to shape it.

Keywords: teenager, behavior, social environment, family, school, peers, upbringing, personal development

Жасөспірім кезеңі – жеке тұлғаның қалыптасуындағы ең күрделі әрі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл жас аралығында адам өмірге деген көзқарасын, мінез-құлқын және құндылықтарын белсенді түрде қалыптастырады. Жасөспірімдердің осы даму кезеңінде сыртқы ортаның, яғни отбасының, достардың, мектептің және қоғамның ықпалы ерекше маңызды рөл атқарады. Ортаның әрбір құрамдас бөлігі жасөспірімнің тұлғалық дамуына әртүрлі әсер етеді, бұл оның болашақтағы өмірлік таңдаулары мен мінез ерекшеліктерін айқындайды [1].

Жасөспірімдердің мінез-құлқына ортаның әсері тек жекелеген адамдармен қарым-қатынас арқылы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы мәдени, әлеуметтік және технологиялық факторлар арқылы да жүреді. Қазіргі заманда медиа және әлеуметтік желілер жасөспірімдер үшін ең ықпалды ортаға айналып отыр. Олардың ойлау жүйесін, өз-өзіне деген сенімін, тіпті өмірлік мақсаттарын қалыптастыруға интернеттегі ақпараттың тигізер әсері зор. Сондықтан жасөспірімдердің мінез-құлқының қалыптасуы күрделі әрі көпқырлы процесс екені айқын.

Отбасы – жасөспірім үшін алғашқы әлеуметтік орта. Бұл жерде бала алғашқы құндылықтарды бойына сіңіреді, қарым-қатынас дағдыларын үйренеді және өзін-өзі бағалау қабілетін дамытады. Ата-ананың мінез-құлқы, тәрбие стилі және эмоционалдық қолдауы жасөспірімнің мінезінің негізін құрайды. Отбасындағы үйлесімділік немесе керісінше, жанжалдар мен түсінбеушіліктер жасөспірімнің эмоционалдық жағдайына және оның болашақтағы мінез ерекшеліктеріне айтарлықтай әсер етеді.

Мектеп пен құрдастар ортасы да жасөспірімнің мінез-құлқына тікелей ықпал етеді. Мектеп – білім мен тәрбие беретін басты институт қана емес, сонымен бірге баланың әлеуметтенуінің маңызды алаңы. Мұғалімдердің ықпалы, сыныптағы тәртіп пен атмосфера жасөспірімнің жауапкершілік сезімін, өзін-өзі ұстау қабілетін дамытуға ықпал етеді [2]. Сонымен қатар, достардың пікірі мен әрекеті жасөспірім үшін жиі шешуші рөл атқарады. Құрдастар тобына ену немесе олардан шеттетілу мінездің белгілі бір қырларының дамуына себеп болады.

Қоғам мен мәдениет те жасөспірімдерге үлкен әсер етеді. Әлеуметтік нормалар, құндылықтар және дәстүрлер жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, қазіргі заманда технологияның дамуы жасөспірімдер мінезінің қалыптасуында бұрын-соңды болмаған өзгерістер әкелді. Әлеуметтік желілер, ойындар мен түрлі контенттер жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауын, эмоциялық тұрақтылығын және қарым-қатынас стилін қалыптастырады.

Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы және тұлғалық қалыптасуының негізі. Жасөспірім кезеңінде отбасының рөлі ерекше маңызды, себебі бұл кезең баланың жеке тұлға болып қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Ата-ананың қарым-қатынасы, тәрбиесі және эмоционалдық қолдауы жасөспірімнің мінез-құлқы мен болашақтағы өмірлік ұстанымдарына тікелей әсер етеді. Жасөспірім кезеңі адамның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік өзгерістерге бейімделу уақытын қамтиды. Осы кезде бала өзін-өзі тануға және қоғамда өз орнын табуға тырысады. Отбасындағы түсіністік пен қолдау бұл процестің жеңіл әрі тиімді өтуіне ықпал етеді. Егер ата-ана баланың эмоционалдық қажеттіліктерін түсініп, оны қолдаса, жасөспірім өзін қауіпсіз әрі сенімді сезінеді. Мұндай қолдау баланың өзіне деген сенімін нығайтып, оның жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық сияқты маңызды қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Отбасындағы қарым-қатынастың стилі де жасөспірімнің мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, демократиялық стильде тәрбие алған балалар өз пікірін еркін білдіріп, жауапты шешім қабылдауға бейім болады. Олар ата-анасының қолдауын сезініп, қиын жағдайларда олардан көмек сұрауға ұялмайды. Керісінше, авторитарлық немесе шектен тыс бақылауға

негізделген стиль баланың бойында қорқыныш, сенімсіздік және қарсылық сезімдерін тудыруы мүмкін.

Эмоционалдық атмосфера – отбасыдағы ең маңызды факторлардың бірі. Егер отбасында жиі кикілжіңдер мен жанжалдар орын алса, бұл жасөспірімнің психологиялық тұрақтылығына теріс әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда бала өз эмоцияларын дұрыс басқаруды үйренбей, агрессия немесе өзіне деген сенімсіздік секілді мәселелерге тап болады. Керісінше, мейірімділік пен сүйіспеншілікке толы ортада өскен балалар өзін қауіпсіз сезініп, позитивті мінез-құлық үлгілерін бойына сіңіреді.

Отбасы – құндылықтарды берудің басты қайнар көзі. Ата-ана балаға адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік секілді қасиеттерді үйретеді. Бұл құндылықтар жасөспірімнің болашақтағы өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады. Мәселен, ата-ананың үлгісі арқылы бала отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас қалай құрылатынын, қиындықтарды қалай жеңу керектігін және қалай дұрыс шешім қабылдау қажеттігін үйренеді. Сонымен қатар, отбасындағы рөлдік модельдер де маңызды. Егер ата-ана жауапкершілікті, құрметті және өзара түсіністікті көрсетсе, бала осы үлгіні қайталайды. Ал егер ата-ана теріс әрекеттер көрсетіп, жауапсыз немесе агрессивті мінез танытса, бұл балаға кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан ата-ананың әрекеті жасөспірім үшін ең алғашқы және маңызды үлгі болып табылады. Отбасының қолдауы жасөспірімнің психологиялық денсаулығын сақтауда басты рөл атқарады. Баланың өзін жалғыз сезінуі, түсінбеушілік немесе ата-ананың назар аудармауы эмоционалдық күйзелістерге және психологиялық мәселелерге әкелуі мүмкін. Ал керісінше, ата-ананың түсіністікпен қарауы және тұрақты қолдауы жасөспірімнің күйзеліс [3]. жағдайларын оңай жеңіп шығуына көмектеседі. Жасөспірімдердің мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ғана емес, мектеп пен құрдастар ортасы да үлкен ықпал етеді. Бұл кезеңде жасөспірімдер өздеріне тән ерекше әлеуметтік тәжірибелерді жинақтайды, қоғамда өз орнын табуға тырысады. Мектеп пен құрдастар тобы олардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі бағалауға әсер етеді. Осылайша, мектеп пен құрдастардың ықпалы жасөспірімнің мінез-құлқын бағыттаудағы маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Мектеп – жасөспірімдердің білім алатын, әлеуметтік дағдыларды игеретін және өзін-өзі дамыту мүмкіндігін алған басты орын. Мектептегі оқу үрдісі жасөспірімдерге білім ғана беріп қоймай, оларды әлеуметтендіреді. Мұнда балалар өзара қарым-қатынас жасау, топтық жұмыс істеу, тәртіпке бағыну сияқты әлеуметтік дағдыларды үйренеді. Сонымен қатар, мектептегі мұғалімдер жасөспірімдердің мінез-құлқына ерекше әсер етеді. Мұғалімнің мінез-құлқы мен педагогикалық тәсілдері балалардың жеке тұлғасына қалай әсер ететінін анықтауда маңызды рөл атқарады. Мектептегі атмосфера да жасөспірімнің өзін-өзі сезінуіне әсер етеді. Егер мектепте қолайлы және қауіпсіз орта болса, жасөспірімнің оқу нәтижелері мен психологиялық жағдайы да жақсы болады [4]. Мектептегі тәртіп, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас жасөспірімнің өзіне деген сенімін қалыптастыруға ықпал етеді. Жасөспірімдердің өмірінде құрдастар тобының рөлі өте үлкен. Бұл кезеңде жасөспірімдер өздерінің жеке тұлғасын құрдастарының пікіріне, әсеріне байланысты қалыптастырады. Құрдастар тобының пікірлері мен әрекеттері жасөспірімнің таңдауларын, құндылықтарын, тіпті мінез-құлықтарын өзгертуі мүмкін. Құрдастар арасындағы қарым-қатынастар жасөспірімнің өзін-өзі бағалауын, психологиялық жағдайын айқындайды. Құрдастар тобына ену, немесе одан шеттетілу, жасөспірімнің эмоционалдық жағдайына үлкен әсер етеді. Жасөспірімдер арасында ұқсас қызығушылықтары мен құндылықтары бар достар табу өзіндік ерекшеліктер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік береді [5]. Керісінше, құрдастар арасында әлеуметтік қысым, алаяқтық немесе бопсалау жасөспірімнің сенімсіздігін арттырып, мінез-құлқындағы теріс өзгерістерге себеп болуы мүмкін. Құрдастар арасындағы әлеуметтік қысым жасөспірімдердің мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Мектепте және мектептен тыс ортада жасөспірімдер көбінесе бір-біріне әсер етіп, өздері туралы

пікірлермен бөліседі. Бұл қалыпты әлеуметтік қарым-қатынастардың бөлігі болғанымен, құрдастардың теріс әсері де мүмкін. Мысалы, алкоголь, темекі немесе есірткі қолдануға үгіттеу, немесе қоғамнан тыс мінез-құлық үлгілерін ұсыну – жасөспірім үшін үлкен сын болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда жасөспірімдер өздерінің жеке шешімдерін қабылдай алмай, құрдастарының ықпалына түсуі ықтимал. Сондықтан құрдастар арасындағы қолдау мен ынтымақтастық өте маңызды, себебі бұл жасөспірімдердің психологиялық дамуына жағымды әсер етеді [6]. Мектеп пен құрдастар ортасы бір-бірімен тығыз байланысты. Мектеп – жасөспірімдер арасында қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін кеңістік, ал құрдастар тобы – бұл әлеуметтік топ, мұнда жасөспірімдер өзін көрсетуге, пікірлес адамдарды табуға ұмтылады. Мектепте құрдастарымен қарым-қатынас орнату мүмкіндігі жасөспірімдерге өзін тануға және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Қоғамдық, спорттық немесе мәдени іс-шаралар барысында жасөспірімдер бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, өзара сыйластық пен түсіністікке ие болады. Жасөспірімдердің мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – бұл олардың қоршаған әлеуметтік және мәдени ортасы. Әлеуметтік, мәдени және технологиялық факторлар өзара тығыз байланысты болып, жасөспірімдердің тұлғалық дамуына үлкен ықпал етеді. Бұл үш фактор жасөспірімдерге олардың құндылықтары, өмір сүру стилі және әлемге деген көзқарасы туралы ұғым қалыптастырады.

Мәдениет жасөспірімнің тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады. Әрбір қоғамның өзіндік мәдени құндылықтары мен нормалары бар, және жасөспірімдер осы құндылықтарға бейімделеді. Мәдениет қоғамның дәстүрлері мен ережелерімен, әлеуметтік рөлдермен, өнермен және тілмен тығыз байланысты. Мәдениет жасөспірімдерге әлемді қалай көру керектігін және қалай әрекет ету керек екенін көрсетеді. Әлеуметтік нормалар, дін, мораль және құндылықтар жасөспірімдердің өмірдегі таңдауларын, қарым-қатынастарын және мінез-құлқын айқындайды (Chao, 1994). Мысалы, бір қоғамда тәртіп пен сыйластық бірінші орынға қойылса, басқа қоғамда тәуелсіздік пен өзіндік пікірге басымдық берілуі мүмкін. Бұл мінез-құлықты қалыптастыруда үлкен роль атқарады. Сонымен қатар, мәдениет жасөспірімдердің өз-өзін қалай бағалайтынына, өз гендерлік рөлдерін қалай қабылдайтынына және әлеуметке қалай бейімделетініне де әсер етеді. Әлеуметтік факторлар – жасөспірімдердің мінез-құлқының қалыптасуында ерекше маңызды. Жасөспірімдер көбінесе өздерінің әлеуметтік ортасынан үйренеді. Бұл жерде отбасы, мектеп, құрдастар тобы және қоғамның жалпы әлеуметтік құрылымы ерекше рөл атқарады. Әлеуметтік рөлдерді, нормаларды және қарым-қатынас дағдыларын жасөспірімдер отбасынан, мектептен және басқа да әлеуметтік институттардан алады. Құрдастар тобының әсері әсіресе маңызды, себебі жасөспірімдер өздерінің мінез-құлқын қалыптастыруда көбінесе достарынан және құрдастарынан үлгі алады. Бұл кезеңде жасөспірімдер бір-біріне әсер ету арқылы тұлғалық ұстанымдарын қалыптастырады. Әлеуметтік орта жасөспірімнің өмірге деген көзқарасын, құндылықтарын және оның әлеуметтік дағдыларын анықтайды. Жасөспірімдердің әлеуметтік білімі мен әлеуметтік тәжірибелері олардың болашақтағы қарым-қатынастарында, жұмыс орнындағы мінез-құлқында және қоғамда өз орнын табуда шешуші фактор болып табылады. Технологияның дамуы жасөспірімдер мінез-құлқының өзгеруінде үлкен рөл атқарады. Соңғы жылдары технологиялар мен интернеттің әсері жасөспірімдердің тұлғалық дамуына маңызды өзгерістер әкелді. Әлеуметтік медиа, интернет және мобильді қосымшалар жасөспірімдер үшін қарым-қатынас жасаудың негізгі құралына айналды. Бұл оларды жаңа ақпаратпен таныстырып, әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасауға, пікірлермен бөлісуге және түрлі тақырыптар бойынша пікірталас жүргізуге мүмкіндік береді. Алайда, бұл жағдай жастардың жеке өміріне теріс әсер етуі мүмкін. Интернетте онлайн қарым-қатынастар, әлеуметтік желілердегі әсерлер және желідегі қысым жасөспірімдер арасында мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді. Бұл әсіресе жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы, психологиялық күйі және өз-өзін көрсету қабілетін қалыптастыруда айтарлықтай ықпал етеді.. Технологиялар арқылы

жасөспірімдер кең ауқымды ақпаратты жинай алады, бірақ осы ақпаратты талдай алу қабілеті мен оған критикалық тұрғыда қарау дағдылары маңызды дағдыларға айналады. Мәдени және әлеуметтік факторлар жасөспірімдердің технологияларды қабылдауына және қолдануына әсер етеді. Қоғамдағы мәдени өзгерістер жасөспірімдерге жаңа технологиялармен танысуға және оларды өз өмірлерінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, ақпараттық қоғамның дамуы жасөспірімдер үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады, бірақ бұл қоғамдағы әлеуметтік қысым мен жеке өмірдің құпиялылығы мәселелерін де көтереді. Сонымен қатар, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан жастарға тән дәстүрлер мен құндылықтар жасөспірімдерге жаңа шарттар технологияларды қалай пайдалануға болатынын көрсетеді. Бұл мәдени өзгерістер мен әлеуметтік жасөспірімдердің мінез-құлқына қарым-қатынастарға әсер етеді, және әлеуметтік Жасөспірімдердің мінез-құлқына әсер ететін негізгі факторлардың бірі — олардың қоршаған орта, атап айтқанда, мәдени, әлеуметтік және технологиялық аспектілер. Әлеуметтік орта, яғни отбасы, мектеп және құрдастар тобы, жасөспірімдердің мінез-құлқына шешуші ықпал етеді. Отбасында тәрбиеленген құндылықтар мен нормалар, сондай-ақ құрдастармен қарым-қатынас кезінде алған тәжірибе олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Құрдастар тобы жасөспірімдерге өзін көрсету мен қоғамда өз орнын табуға көмектеседі. Мәдени факторлар да үлкен рөл атқарады, себебі әрбір қоғам өзінің ерекше дәстүрлері мен ережелеріне сүйенеді, және жасөспірімдер осы мәдениетке бейімделіп, өзінің өмірлік көзқарастарын қалыптастырады.

Қазіргі заманда технологиялардың әсері де айтарлықтай маңызды. Әлеуметтік медиа мен интернет жасөспірімдердің қарым-қатынас стилі мен ақпаратты қабылдау тәсілдерін өзгертті. Технологиялар олардың мінез-құлқы мен өзін-өзі бағалауын айтарлықтай өзгертіп, жаңа ақпараттық қоғамда өмір сүруге бейімдейді. Осылайша, мәдени, әлеуметтік және технологиялық факторлар өзара тығыз байланысты болып, жасөспірімдердің мінез-құлқының қалыптасуында айтарлықтай рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенова, А. "Тұлғалық даму негіздері". Алматы: Рауан, 2018.
2. Құрманғалиева, Ш. "Жасөспірім психологиясы". Астана: Фолиант, 2020.
3. Сағындықова, Р. "Медиа және тұлға". Алматы: Қазақ университеті, 2021.
4. Мұхамбетқалиев, Н. "Қоғам және бала". Шымкент: Оңтүстік, 2017.
5. Жантөреұлы, М. "Тәрбие және мінез". Қарағанды: Болашақ, 2019.
6. Brown, B. B. (2004). Adolescents' Relationships with Peers. In R. M. Lerner & L. Steinberg (Eds.), Handbook of Adolescent Psychology (pp. 363-394). Wiley.

ПСИХОСОМАТИКА: ЖАН МЕН ТӘННІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Дуйсенова А.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

7М03101 – Психология ББ 2-курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

E-mail: d.ais.bs@inbox.ru

Андатпа. Бұл мақалада психосоматикалық аурулардың пайда болуына әсер ететін психологиялық және физиологиялық факторлар жан-жақты талданады. Эмоционалдық күйзелістер мен стресс ағзадағы патологиялық өзгерістердің бастауын қалай алатыны қарастырылып, бұл процестің даму механизмі көрсетіледі. Автор психосоматикалық бұзылыстардың диагностикасы мен профилактикасына бағытталған әдістерді ұсынады. Мақала психосоматикалық медицина саласындағы заманауи зерттеулер мен теориялық тұжырымдамаларға негізделген.

Тірек сөздер: психосоматика, эмоциялық күйзеліс, психологиялық факторлар, соматикалық патология

Аннотация: Статья посвящена анализу психологических и физиологических факторов, влияющих на развитие психосоматических заболеваний. Рассматриваются механизмы, через которые эмоциональные стрессы и напряжения ведут к патологиям организма, а также предлагаются методы диагностики и профилактики психосоматических расстройств. Работа основана на современных исследованиях и теоретических концепциях в области психосоматической медицины.

Ключевые слова: психосоматика, эмоциональный стресс, психологические факторы, соматическая патология

Abstract: This article provides a comprehensive analysis of the psychological and physiological factors influencing the development of psychosomatic diseases. It examines the mechanisms through which emotional stress and tension lead to pathological changes in the body, and offers methods for the diagnosis and prevention of psychosomatic disorders. The paper is based on contemporary research and theoretical concepts in the field of psychosomatic medicine.

Keywords: psychosomatics, emotional stress, psychological factors, somatic pathology

Психосоматика саласындағы жұмыстардың маңыздылығы қосымша негіздемені қажет етпейді. Психосоматикалық аурулар "өркениет ауруларының" маңызды бөлігі болып табылады және ғасырлар бойы олардың жалпы ауру-сырқау көрінісіндегі үлесінің артуына байланысты зерттеу тақырыбы болды. Қазіргі уақытта профилактикалық психологияның негізгі міндеті тиімді және уақтылы профилактикалық хаттамаларды әзірлеу мақсатында психосоматикалық патологияның даму қаупі жоғары топтарды анықтау болып табылады [1].

Алғаш рет "психосоматика" терминін Иоган Хайнрот XIX ғасырдың басында қолданған. Психосоматикалық медицина саласындағы прогреске әсер еткен маңызды ғылыми тұжырымдамалардың қатарына И.М.Сеченовтың жүйке теориясы, И.П.Павловтың психофизиологиялық ілімі, З.Фрейдтің психосоматикалық теориясы, Г.Сельенің стресс теориясы және т. б. кіреді. А.Р.Лурияның Аурулардың ішкі көрінісінің тұжырымдамасы (1935) тән ауруына байланысты пайда болатын тәжірибелер жиынтығын екі деңгейде қарастырады - сезімтал (ауруға байланысты пайда болатын сезімдер жиынтығы) және интеллектуалды (науқастың ауруға реакциясын көрсететін түсініктер) [1].

З.Фрейд Й.Брейермен бірге "трансформациядағы" "басылған эмоциялар", "психологиялық жан жарасы" соматикалық белгі ретінде көрінуі мүмкін деп тұжырымдады. З.Фрейд "ағзаны таңдау" үшін маңызды физикалық фактор - "соматикалық дайындықтың" қажет екенін атап өтті [3]. Ұзақ және тұрақты мазасыздық, нейроэндокриндік өзгерістер және қорқыныш сезімі ретінде көрінетін эмоционалды реакция психологиялық және соматикалық салалар арасындағы байланыс болып табылады. Қорғаныс механизмдері қорқыныштың толық қалыптасуына кедергі келтіреді, бірақ әдетте бұл физиологиялық құбылыстар мен олардың патогендік әсерлері толығымен жойылмайды. Бұл процесті тежелу деп санауға болады, яғни мазасыздықтың немесе дұшпандық сезімдердің психомоторлық және ауызша көріністері бұғатталған күйде, ал орталық жүйке жүйесінің тітіркендіргіштері вегетативті жүйке жүйесі арқылы соматикалық құрылымдарға бағытталаып, түрлі ағзалар жүйелеріндегі патологиялық өзгерістерді белсендіреді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасына сәйкес, денсаулық - бұл адамның әлеуметтік ортаға толық бейімделген жағдайда толық физикалық және психологиялық әл-ауқат күйі. Психосоматика-соматикалық аурулардың пайда болуы мен

ағымына психологиялық факторлардың әсерін зерттейтін медицина мен психологиядағы бағыт [1]. Бұл топқа сыртқы әсерлерден пайда болған немесе ағзаның психикалық белсенділігімен байланысты емес мүшелер мен жүйелердің ішкі бұзылуларынан туындаған аурулар кіреді. Психосоматикалық ауруларға этиопатогенезі - күйзелістің шынайы соматизациясы болып табылатын денсаулық бұзылулары жатады, яғни психикалық тепе-теңдікті қорғай отырып, тән саулығына зақым келетін психологиялық қорғаусыз соматизация. Патологиялық әсер ауруды тудыру үшін ағза белгілі бір жағдайда болуы тиіс [2].

Өртүрлі аурулар бастамасындағы эмоционалды жан жарасының әлеуеті біздің жадымыздағы эмоциялардың "қатып қалуына" негізделген, өйткені эмоциялар денеде "сақталады". Денедегі "қатып қалған" эмоциялар ағзадағы жүйке импульстарының қалыпты қозғалысына кедергі келтіреді және нейрондық желінің қалыпты жұмысына кедергі келтіретін функционалды байланыстар жасай алады. Орталық жүйке жүйесіндегі ішкі мүшелерден келетін ерекше импульс бұл сезімдерді күшейтеді, нәтижесінде патологиялық жағдайдың дамуына әкеледі. Осылайша, висцералдық жағымсыз эмоциялар пациенттердің белгілі бір симптомға немесе жалпы дене күйіне жеке реакциясы арқылы күшейеді [2].

Осы өзара іс-қимылдың психосоматикалық аспектісін (психикалық және соматикалық) қарау кезінде мынадай факторлар зерттеледі: соматикалық аурудың дамуындағы жедел немесе созылмалы эмоционалды күйзелістің рөлі; соматикалық патологияның дамуындағы отбасылық өзара қарым-қатынас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктердің рөлі; аурудың ағымына эмоциялық жағдайлардың әсері; ауруға деген қарым-қатынастың және аурудың күйзелісін сәтті женуге жеке ерекшеліктердің әсері; жалпы медициналық ұсынымдарды орындаудағы адалдық.

Күйзеліс жағдаяттары аурулардың пайда болуы мен дамуына әсер етеді. Психосоматикалық аурулардың пайда болу және даму механизмі жалпы былай сипатталады: күйзеліс факторы нейроэндокринді, вегетативті жүйке жүйесін тітіркендіретін эмоционалды шиеленісті күшейтеді, содан кейін тамыр жүйесі мен ішкі ағзаларда патологиялық өзгерістер болады [1]. Соматикалық патологияда психогормоналды және психовегетативті қатынастардың болуы дәлелденген факт болып табылады. Психологиялық қорғаныспен шартталмаған эмоционалды күйзеліс болған кезде, ол тиісті ағзалар жүйесіне әсер етеді, нәтижесінде жан жарасының функционалды кезеңі соматикалық жүйеде деструктивті морфологиялық өзгерістерге айналады, бұл аурулардың пайда болуына әкеп соқтырады. Сондықтан психологиялық фактор зақымдаушы ретінде әрекет етеді [3].

Кез-келген психикалық және физикалық ауру жақында өткерген немесе алыс балалық шақта болған эмоционалды жан жарасынан басталады. Адам күйзеліске ұшыраған кезде жүйке жасушалары иммундық жүйені бұзатын заттар шығарады. Дағдарысты жағдаяттың теріс заряды неғұрлым көп болса, соғұрлым ол ықтимал қауіп төндіреді.

Психосоматикалық бұзылулардың дамуын болжау үшін жеке тұлғаның жеке мінез-құлықтық ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Мысалы, мінез кескіні белгілі бір бұзылыстың биологиялық алғышарттары ғана емес, сонымен қатар аурудың клиникалық көріністеріне, тұлғаның бейімделу және қорғаныс механизмдерінің ерекшеліктеріне ерекше із қалдырады [3].

Психологиялық және соматикалық процестер арасындағы өзара әрекеттесу механизмін ашатын теориялық тұрғыдан дәйекті және эмпирикалық жемісті модельдер әлі жетілдірілмегенін атап өткен жөн. Бұл психосоматикалық бұзылуларды емдеу әлі де айтарлықтай тиімді емес екендігімен расталады. Психосоматикалық аурулардың дамуының ерекшелігі мен жеке өзгергіштігі туралы сұрақтар әлі күнге дейін жауапсыз: неліктен психологиялық факторлардың әсерінен адамда нақты осы психосоматикалық

синдром пайда болады және неге бұл мұндай әсерге ұшыраған барлық адамдарда болмайды [1].

Демек, психосоматикалық аурудың негізінде эмоциялық күйзеліске ағзалардағы функционалдық өзгерістермен және патологиялық бұзылулармен бірге жүретін реакция жатыр. Кез – келген психосоматикалық ауру-бұл адам ағзасының жүйе ретіндегі қасиеті. Осы ішкі жүйелер мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуі психосоматикалық ауру ретінде анықталған ағзаның жаңа жағдайына әкеп соқтыруы мүмкін. Бұл байланыстарды түсіну пайда болатын ауруға, оның ішінде психотерапиялық әдістердің көмегімен тиімді әсер етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мельник, Е.В. Психосоматические заболевания: факторы риска, выявление, профилактика: учеб. пособие / Е.В. Мельник. – Челябинск: Активист, 2016. – 123 б.
2. Малкина-Пых, И.Г. Психосоматика. Справочник практического психолога /И.Г. Малкина-Пых. – Москва: Эксмо, 2005. – 992 б.
3. Сандомирский, М.Е. Психосоматика и телесная психотерапия: практическое руководство / М.Е. Сандомирский. – Москва: Независимая фирма «Класс», 2005. – 592 б.

**ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ ТАМАҚТАНУ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ
ПСИХОӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ**

Ергарина Ж.М.-аға оқытушы, магистр
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: zyergarina@zhubanov.edu.kz

Нурболатова Д.Н.
Касенова Н.Б.
Жеткербай З.С.
Гибадуллина А.И.

6B03101 - Психология ББ 3 курс студенттері
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Андатпа. Мақалада 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдерде тамақтану бұзылыстарының түрлері мұқият қарастырылған, ауытқулардың себептері зерттелген. Сонымен қатар жасөспірімдер мен студенттер тобында бұзылулардың болуы немесе болмауын зерттеу деректері келтірілген, әртүрлі тәуелділік түрлерінің пайда болуы мен дамуының алдын алу бойынша ұсыныстар берілген.

Тірек сөздер: тәуелділік, жасөспірімдердің тамақтану тәртібі, тамақтану бұзылыстары, сыртқы тамақтану тәртібі, эмоционалды тамақтану тәртібі.

Аннотация. В статье подробно рассматриваются виды расстройств пищевого поведения у подростков в возрасте 13-17 лет, исследуются причины отклонений. Также приведены данные исследования о наличии или отсутствии расстройств в группах подростков и студентов, даны рекомендации по профилактике возникновения и развития различных видов зависимостей.

Ключевые слова: зависимость, пищевое поведение подростков, расстройства пищевого поведения, внешнее пищевое поведение, эмоциональное пищевое поведение.

Abstract. The article thoroughly examines the types of eating disorders in adolescents aged 13-17 and explores the causes of these deviations. It also presents research data on the presence or absence of disorders among adolescents and students and provides recommendations for preventing the emergence and development of various types of dependencies.

Keywords: addiction, adolescent eating behavior, eating disorders, external eating behavior, emotional eating behavior.

Қазіргі таңда қоғамда 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің тамақтану тәртібінің бұрмалануы мәселесі өзекті болуда. Дәл осы жаста негізгі мінез-құлық әдеттері қалыптасады, көп нәрсеге көзқарас қалыптасады, құндылық бағдарлары қалыптасады. Дәл осы кезеңде жас жігіттер мен қыздардың өздерінің сыртқы келбетіне назар аударуы және қоршаған қоғамда қабылданған «Стандарттарға» сәйкес келуге деген ұмтылысы артады. Жас ұрпақ көбінесе дұрыс емес өмір салтын насихаттайтын жарнама мен бұқаралық ақпарат құралдарына сенеді, соның салдарынан көптеген «Қисық» құндылықтар мен идеалдар, өздері туралы бұрмаланған идеялар қалыптасады, бұл мінез-құлықтағы, соның ішінде тамақтанудағы әртүрлі ауытқулардың дамуына әкеледі.

Бұл мәселе тек психологтар мен психотерапевттердің ғана емес, сонымен қатар мектеп оқушылары мен студенттер арасында тамақтану бұзылыстарының алдын алуды тиімді ұйымдастыруды, аурулардың дамуын болдырмайтын, денсаулықты сақтайтын және өмір сүру сапасын жақсартатын профилактикалық стратегияларды әзірлеуді талап етеді. Айта кету керек, қазіргі уақытта Қазақстанда жасөспірімдердің осы тобының арасында тамақтану бұзылыстарының алдын-алу бойынша әзірленген және тексерілген бағдарлама жоқ.

Оценочная распространенность САР варьируется в зависимости от используемой методики и оценки и исследуемой популяции. Согласно данным SPAQ (опросника для оценки сезонных расстройств), распространенность САР оценивается как 10-20% [18]. Однако более консервативные исследования, основанные на детальных диагностических интервью, оценивают частоту САР в пределах 2,4% до 2,9% [19,20]

Сезонное аффективное расстройство в 4 раза чаще встречается у женщин по сравнению с мужчинами и начало заболевания приходится в возрасте от 18 до 30 лет [21]. Наиболее подвержены расстройству в зимние месяцы, с ноября по февраль, те кто живет примерно на 33 градусах северной широты или на 30 градусах южной широты от экватора, по причине не способности синтезировать витамин D [22].

Опросник оценки сезонных паттернов (SPAQ), впервые разработанный Норманом Розенталем, американским психиатром, известным своими исследованиями сезонного аффективного расстройства и его коллегами в 1984 году [23]. Используется для диагностики САР и оценки сезонных изменений уровня энергии, настроения, аппетита, веса и сна. Состоит из 17 вопросов, благодаря которым можно выявить влияние сезонных изменений на человека. Позволяет определить корреляцию между депрессией человека и конкретными временами года.

Зная, какое значение имеет сокращение светового дня в развитии сезонного аффективного расстройства были разработаны методы, направленные на восполнение дефицита солнечного света с помощью яркого искусственного освещения, особенно по

утрам, которые неизменно демонстрируют свою эффективность [24,25,26,27,28]. Светотерапия также её называют терапией ярким светом или фототерапией является первой линией терапии для САР, что подчеркивает его отличие от БДР и БАР, где основными методами лечения выступают фармакотерапия (антидепрессанты второго поколения, СИОЗС) и когнитивно-поведенческая психотерапия (КПТ).

Кокрейновский обзор антидепрессантов второго поколения (А-II) и САР показал, что существует недостаточно доказательств, чтобы прийти к каким-либо общим выводам об использовании А-II при САР; и авторы отметили, что до 27% участников исследования, получавших А-II при САР досрочно прекратили лечение из-за побочных эффектов [29]. Побочные эффекты светотерапии обычно менее серьёзны, чем побочные эффекты, связанные с антидепрессантами [7].

Светотерапию не следует применять в сочетании с фотосенсибилизирующими препаратами, такими как литий, мелатонин, фенотиазиновые нейролептики и некоторые антибиотики [30]. В некоторых случаях могут возникать гипомания (что характерно БАР) и суицидальные мысли, особенно в первые несколько дней лечения [31].

Результаты анализа подчеркивают необходимость выделения САР как отдельного клинического расстройства. Основное различие заключается в том, что САР зависит от сезонных факторов. Это указывает на специфичность его возникновения, которая связана с недостатком солнечного света, тогда как этиология БДР и БАР обусловлена более сложными нейробиологическими и генетическими механизмами.

САР затрагивает миллионы людей по всему миру, особенно в регионах с длинными зимами и низким уровнем солнечного света. Изучение этого расстройства помогает понять, как сезонные изменения влияют на психическое здоровье в глобальном масштабе. Симптомы САР, такие как усталость, апатия и социальная изоляция, существенно снижают уровень жизни, ухудшают продуктивность и препятствуют выполнению повседневных обязанностей. Сезонное снижение производительности труда, частота больничных листов и связанные с этим экономические потери делают изучение и лечение САР важным не только для людей с САР, но и для общества в целом.

САР часто сосуществует вместе с другими психическими расстройствами, такими как тревожные и депрессивные расстройства, а также расстройства пищевого поведения. Изучение САР поможет лучше понять пересечения данных расстройств и разработать комплексные подходы к лечению.

Понимание триггеров САР (например, недостатка солнечного света) позволяет разработать эффективные профилактические стратегии, такие как светотерапия, прием витамина D в осенне-зимний период, диета, включающую высокое содержание белка, овощей и сложных углеводов, а также отказ от переработанных продуктов. Трансцендентальная медитация (ТМ), йога, прогулки на свежем воздухе и физические упражнения также рекомендованы в качестве профилактики САР [21].

Сезонное аффективное расстройство обладает уникальными характеристиками, которые отличают его от большого депрессивного и биполярного аффективного расстройства. Основное различие заключается в зависимости САР от сезонных изменений, что отражается как на причинах возникновения, так и на клинической картине. Перекрывающиеся симптомы делают дифференциацию сложной, но понимание ключевых различий может способствовать более точной диагностике.

Светотерапия как первая линия терапии для САР демонстрирует значительные преимущества перед стандартными методами лечения БДР и БАР. Это подчеркивает необходимость разработки дополнительных методов диагностики и лечения САР.

Для дальнейшего изучения САР важно проводить дополнительные исследования, направленные на изучение патофизиологии расстройства, долгосрочной эффективности светотерапии и разработки профилактических мер. Особое внимание следует уделить изучению коморбидных расстройств, которые могут влиять на течение САР и снижать

эффективность лечения. Это позволит повысить качество диагностики и терапевтической помощи пациентам с данным расстройством.

Список литературы:

1. Международная классификация болезней МКБ-11. Глава 06. Психические и поведенческие расстройства и нарушения нейропсихического развития. Статистическая классификация. – М.: «КДУ», «Университетская книга» – 2021. – 432с. – DOI:10.31453/kdu.ru.91304.0143. ISBN 978-5-91304-954-4
2. American Psychiatric Association: Diagnostic and Statistical Manual of Mental Disorders, Fifth Edition. Arlington, VA, American Psychiatric Association, 2013. ISBN 978-0-89042-554-1 (hardcover : alk. paper) — ISBN 978-0-89042-555-8 (pbk. : alk. paper)
3. Yang R, Zhao Y, Tan Z, Lai J, Chen J, Zhang X, Sun J, Chen L, Lu K, Cao L and Liu X (2023) Differentiation between bipolar disorder and major depressive disorder in adolescents: from clinical to biological biomarkers. *Front. Hum. Neurosci.* 17:1192544.doi: 10.3389/fnhum.2023.1192544
4. B. McMahon, S. Andersen, M. Madsen et al., “P.1.i.037 Patients with seasonal affective disorder show seasonal fluctuations in their cerebral serotonin transporter binding,” *European Neuropsychopharmacology*, vol. 24, supplement 2, p. S319, 2014.
5. A. J. Lewy, B. J. Lefler, J. S. Emens, and V. K. Bauer, “The circadian basis of winter depression,” *Proceedings of the National Academy of Sciences of the United States of America*, vol. 103, no.19, pp. 7414–7419, 2006.
6. A. L. Miller, “Epidemiology, etiology, and natural treatment of seasonal affective disorder,” *Alternative Medicine Review*, vol. 10, no. 1, pp. 5–13, 2005.
7. National Health Service, “Seasonal Affective Disorder—Symptoms,” *United Kingdom Government website*, <http://www.nhs.uk/Conditions/Seasonal-affective-disorder/Pages/Symptoms.aspx>
8. R. Anglin, Z. Samaan, S. Walter, and S. McDonald, “Vitamin D deficiency and depression in adults: systematic review and meta-analysis,” *British Journal of Psychiatry*, vol. 202, no. 2, pp.100–107, 2013.
9. S. Penckofer, J. Kouba, M. Byrn, and C. E. Ferrans, “Vitamin D and depression: where is all the sunshine,” *Issues in Mental Health Nursing*, vol. 31, no. 6, pp. 385–393, 2010.
10. D. C. Kerr, D. T. Zava, W. T. Piper, S. R. Saturn, B. Frei, and A. F. Gombart, “Associations between vitamin D levels and depressive symptoms in healthy young adult women,” *Psychiatry Research*, vol. 227, no. 1, pp. 46–51, 2015.
11. M. Kjørsgaard, K. Waterloo, C. E. A. Wang et al., “Effect of vitamin D supplement on depression scores in people with low levels of serum 25-hydroxyvitamin D: nested case-control study and randomised clinical trial,” *British Journal of Psychiatry*, vol. 201, no. 5, pp. 360–368, 2012.
12. Kwo, Wei, David, Ho. (2015). The genetic basis of seasonal affective disorder. doi: 10.17077/ETD.OWOAU62N
13. S. J. Lurie, B. Gawinski, D. Pierce, and S. J. Rousseau, “Seasonal affective disorder,” *American Family Physician*, vol. 74, no. 9, pp.1521–1524, 2006.
14. J. Blaszcak, “10 Things You Didn’t Know About Seasonal Affective Disorder,” [Fact sheet], *PsychCentral*, 2013, <http://psychcentral.com/lib/10-things-you-dont-know-about-seasonal-affective-disorder/>.
15. Mayo Clinic, “Seasonal affective disorder,” [Fact sheet], Mayo Clinic, Rochester, Minn, USA, <http://www.mayoclinic.org/diseases-conditions/seasonal-affective-disorder/basics/symptomscon-20021047?p=1>
16. R. Lam and A. Levitt, *Clinical Guidelines for the Treatment of Seasonal Affective Disorder*, Clinical & Academic Publishing, Vancouver, Canada, 1990.

17. N. Praschak-Rieder, A. Neumeister, B. Hesselmann, M. Willeit, C. Barnas, and S. Kasper, "Suicidal tendencies as a complication of light therapy for seasonal affective disorder: a report of three cases," *Journal of Clinical Psychiatry*, vol. 58, no. 9, pp. 389–392, 1997.
18. Magnusson A, Partonen T. The diagnosis, symptomatology, and epidemiology of seasonal affective disorder. *CNS Spectr.* 2005;10:625-634.
19. Levitt AJ, Boyle MH, Joffe RT, Bauml Z. Estimated prevalence of the seasonal subtype of major depression in a Canadian community sample. *Canadian journal of psychiatry / Revue canadienne de psychiatrie.* 2000;45:650-654.
20. Michalak EE, Wilkinson C, Dowrick C, Wilkinson G. Seasonal affective disorder: prevalence, detection and current treatment in North Wales. *The British Journal of Psychiatry.* 2001;179:31-34.
21. N. Rosenthal, "What is seasonal affective disorder? Answers from the doctor who first described the condition," Dr. Rosenthal's personal website, <http://www.normanrosenthal.com/seasonal-affective-disorder/>.
22. A. R. Webb, L. Kline, and M. F. Holick, "Influence of season and latitude on the cutaneous synthesis of vitamin D₃: exposure to winter sunlight in Boston and Edmonton will not promote vitamin D₃ synthesis in human skin," *The Journal of Clinical Endocrinology & Metabolism*, vol. 67, no. 2, pp. 373–378, 1988.
23. N. E. Rosenthal, D. A. Sack, J. C. Gillin et al., "Seasonal affective disorder. A description of the syndrome and preliminary findings with light therapy," *Archives of General Psychiatry*, vol. 41, no. 1, pp. 72–80, 1984.
24. C. Overy and E. Tansey, *The Recent History of Seasonal Affective Disorder (SAD)*, vol. 51 of *Wellcome Witnesses to Contemporary Medicine*, University of London, London, UK, 2014, <http://www.histmodbiomed.org/sites/default/files/W51LoRes.pdf>.
25. S. J. Lurie, B. Gawinski, D. Pierce, and S. J. Rousseau, "Seasonal affective disorder," *American Family Physician*, vol. 74, no. 9, pp. 1521–1524, 2006.
26. A. Cheung, C. Dewa, E. E. Michalak et al., "Direct health care costs of treating seasonal affective disorder: a comparison of light therapy and fluoxetine," *Depression Research and Treatment*, vol. 2012, Article ID 628434, 5 pages, 2012.
27. J. M. Eagles, "Light therapy and seasonal affective disorder," *Psychiatry*, vol. 8, no. 4, pp. 125–129, 2009.
28. G. Virk, G. Reeves, N. E. Rosenthal, L. Sher, and T. T. Postolache, "Short exposure to light treatment improves depression scores in patients with seasonal affective disorder: a brief report," *International Journal on Disability and Human Development*, vol. 8, no. 3, pp. 283–286, 2009.
29. K. Thaler, M. Delivuk, A. Chapman, B. N. Gaynes, A. Kaminski, and G. Gartlehner, "Second-generation antidepressants for seasonal affective disorder," *Cochrane Database of Systematic Reviews*, vol. 7, no. 12, Article ID CD008591, 2011.
30. P. F. Gallin, M. Terman, C. E. Reme, B. Rafferty, J. S. Terman, and R. M. Burde, "Ophthalmologic examination of patients with seasonal affective disorder, before and after bright light therapy," *American Journal of Ophthalmology*, vol. 119, no. 2, pp. 202–210, 1995.
31. M. Terman and J. S. Terman, "Light therapy for seasonal and nonseasonal depression: efficacy, protocol, safety, and side effects," *CNS Spectrums*, vol. 10, no. 8, pp. 647–663, 2005.

«ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРТЕГІНІҢ РӨЛІ»

Мамытова А.У.

Талдықорған, Жаркент

Панфилов ауданының №7 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті КММ,
педагог-психолог

Орынбасарова Ж.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: z.orynbassar@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақаланың өзектілігі ертегінің есту қабілеті бұзылған ерте жастағы балалардың ауызша сөйлеуін қалыптастырудағы тиімділігі көрсетілген. Есту бұзылысы бар балалардың ауызша сөйлеуді меңгеру ерекшеліктері сипатталады, ертегінің атқаратын функциялары бөлініп көрсетіледі, ертегімен жұмыс істеудің нұсқалары сипатталады. Мақала есту қабілеті бұзылған ерте жастағы балалардың ауызша сөйлеуін қалыптастырудағы ертегілердің рөлін зерттеуге арналған. Есту қабілеті бұзылған ерте жастағы балалардың сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамытудың тиімді әдісі ретінде ертегінің маңызы ашылады. Есту қабілеті бұзылған балалардың ертегі мәтіндерін қабылдау ерекшеліктері мен олардың сөздік қорын дамытуға, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыруға және ауызша сөйлеуге деген ынтасын арттыруға әсері талданады. Автор ертегілерді балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеп, түзету-педагогикалық тәжірибеде қолдану әдістерін қарастырады. Мақалада ертегі тәрбие мен оқыту құралы ретінде тек ауызша сөйлеуді дамытуға ғана емес, есту қабілеті бұзылған балалардың жалпы әлеуметтенуіне де ықпал ететіні дәлелденген. Мұғалімдер мен ата-аналарға оқу-тәрбие іс-әрекетінде ертегілерді пайдалану бойынша ұсыныстар берілген.

Тірек сөздер: есту қабілеті бұзылған балалар, нашар еститіндер, ерте жас, ертегі, қалыптастыру, жесттік сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу.

Аннотация: Актуальность данной статьи заключается в том, что показана эффективность сказки в формировании устной речи детей с нарушением слуха. Описаны особенности овладения устной речью детей с нарушением слуха, выделены функции сказок, описаны варианты работы со сказками. Статья посвящена изучению роли сказки в формировании устной речи у детей раннего возраста с нарушением слуха. В работе раскрывается значение сказкотерапии как эффективного метода развития речи и коммуникативных навыков у детей с ограниченными возможностями здоровья. Анализируются особенности восприятия сказочных текстов детьми с нарушением слуха и их влияние на развитие лексического запаса, формирование грамматического строя речи и повышение мотивации к устной коммуникации. Автор рассматривает методики использования сказок в коррекционно-педагогической практике, подчеркивая их значимость с учетом индивидуальных особенностей детей. В статье обосновывается ценность сказки как средства воспитания и обучения, и способствование не только развитию устной речи, но и общей социализации детей с нарушением слуха. Наряду с этим приводятся рекомендации для педагогов и родителей по применению сказок в образовательной и воспитательной деятельности.

Ключевые слова: слабослышащие дети, дети с нарушением слуха, ранний возраст, сказка, образование, язык жестов, устная речь.

Abstract: The relevance of this article is that it shows the effectiveness of fairy tales in the formation of oral speech in children with hearing impairments. The features of mastering oral speech in children with hearing impairments are described, the functions of fairy tales are highlighted, and options for working with fairy tales are described. The article is devoted to the study of the role of fairy tales in the formation of oral speech in young children with hearing impairments. The work reveals the importance of fairy tale therapy as an effective method of speech and communication skills development in children with disabilities. The features of perception of fairy tale texts by children with hearing impairments and their influence on the

development of vocabulary, the formation of the grammatical structure of speech and increasing motivation for oral communication are analyzed. The author considers the methods of using fairy tales in correctional and pedagogical practice, emphasizing their adaptation taking into account the individual characteristics of children. The article substantiates that a fairy tale, as a means of education and training, contributes not only to the development of oral speech, but also to the general socialization of children with hearing impairments. Recommendations for teachers and parents on the use of fairy tales in educational and upbringing activities are provided.

Key words: hearing-impaired children, children with hearing impairments, early age, fairy tale, education, sign language, oral speech.

Сөйлеу – адамдардың тіл арқылы қарым-қатынасының тарихи қалыптасқан түрі. Қарым-қатынастың негізгі түрі бола отырып, тәжірибе мен білімнің сақталуы мен берілуін қамтамасыз ететін сөйлеу баланың психикалық процестері мен бүкіл жеке тұлғасын қалыптастыру, оларды қайта құрылымдау және дамыту үшін де үлкен маңызға ие. Баланың сөйлеу қабілетін дамытуда ерте балалық шақ ерекше рөл атқарады. Есту қабілетінің бұзылуы баланың сөйлеуді меңгеруінде шектеулерге әкелетіні белгілі. Бұл естудің сөйлеудің қалыптасуы мен дамуының негізі болып табылатындығына байланысты. Қалыпты даму жағдайында бала айналасындағылардың мысалдарын естіп, оларға еліктеу арқылы өз ана тілін меңгереді. Сөйлеу мен есту бір-бірімен тығыз байланысты. Есту қабілетінің бұзылуы сөйлеудің сәтті дамуына кедергі келтіреді. Сөйлеуге дейінгі кезеңде пайда болатын есту қабілетінің шамалы төмендеуі (I дәрежелі есту қабілетінің жоғалуы) сөйлеудің айтарлықтай ауытқуына әкеледі. Р.М.Боскис есту қабілеті бұзылған балалар туралы жазған еңбектерінде естімейтін балалармен салыстырғанда есту қабілеті нашар балалар өз бетінше, ең аз болса да, сөйлеу қорын жинақтап, ауызша сөйлеуді меңгере алатынын жазған. Дегенмен, бұл балалар оқу процесінде ең жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Жалпы алғанда, есту қабілеті мен сөйлеудің дамуы арасындағы байланысты келесідей сипаттауға болады: есту қабілеті неғұрлым нашар болса, сөйлеу дамуының бұзылуы соғұрлым айқын болады (егер барабар мақсатты түзету жұмыстары жүргізілмесе). Сонымен қатар, зерттеушілер атап өткендей, сөйлеуді меңгерудегі қиындықтар есту қабілетінің ең аз жоғалуы 15-20 дБ болса да (И.В.Королева, Л.В.Нейман, Л.В.Чистович және т.б.) туындауы мүмкін [1]. Сондықтан есту қабілеті бұзылған балалардың ерте балалық шақ кезеңінде, осы үшін сезімтал кезеңде сөйлеуін дамыту өте маңызды міндет болып табылады. Есту қабілетінен айырылған балалардың қазіргі тобы гетерогенді категорияны білдіретінін ескеру қажет (Н.Н.Малофеев, О.И.Кукушкина, И.В.Королева, С.Н.Феклистова, т.б.). Бұл, ең алдымен, медициналық-техникалық оңалту салаларындағы елеулі өзгерістерге байланысты.

Есту қабілеті бұзылған балалардың ауызша сөйлеуін қалыптастыру арнайы әдістер мен құралдарды қолдануды талап ететін күрделі және көп қырлы процесс [2]. Сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін тиімді құралдардың бірі - ертегі. Ертегілер өзінің қолжетімділігімен, эмоционалдылығымен және бейнелілігімен оқу-тәрбие үрдісінде және жас балалармен түзету жұмыстарында ерекше орын алады. Ертегі тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар қиялды, эмоционалдық сфераны, танымдық қабілеттерін дамытатын құрал.

Есту қабілеті бұзылған балалар үшін ертегінің келесі негізгі қызметтері бар [3]:

1. Сөзге, сөйлеуге қызығушылықты ояту. Ертегілердегі бейнелер баланың назарын аударып, оны дыбыстар мен сөздерге еліктеуге талпындырады.

2. Есту арқылы қабылдауды дамыту. Есту аппараттарын немесе кохлеарлық импланттарды пайдаланып ертегілерді оқу арқылы дыбыстарды, интонацияларды және сөйлеу ырғақтарын қабылдауды жаттықтырады.

3. Сөздік қорын молайту. Жаңа сөздерді қайталау, түсіндіру арқылы ертегі белсенді және пассивті сөздік қорын қалыптастыруға көмектеседі.

4. Әлеуметтік бейімделу. Ертегілер көбінесе адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды бейнелейді, балаларға қоршаған әлемді жақсырақ түсінуге көмектеседі.

Максималды жағымды нәтижеге жету үшін ертегімен жұмыс істеу процесін есту қабілетінде бұзылысы бар баланың ерекшеліктеріне бейімдеу маңызды [4]. Ерте жастағы балалардың ауызша сөйлеу тілін қалыптастыруда ертегілерді қолданудағы кейбір әдістеріне мысал келтіретін болсақ:

1. Сюжеттің көрнекілігі. Иллюстрацияларды, қуыршақтарды немесе үстел үсті театрларды пайдалану балаға ертегінің мазмұнын жақсы түсінуге көмектеседі. Мысалы, ойыншықтарды пайдаланып көріністер жасауға немесе негізгі сюжетті нүктелерді салуға болады. Бейнелер немесе анимациялар сияқты мультимедиялық құралдарды пайдалану оқиғаны тартымды әрі қолжетімді етеді.

2. Қайталау және бекіту. Бір ертегіні қайталап отыру арқылы оқу баланың сөздерді, сөз тіркестерін және олардың мағынасын есте сақтауға мүмкіндік береді. Әрбір келесі оқу жаңа сөздерге немесе интонацияларға баса назар аударумен бірге жүруі керек. Оқып болғаннан кейін, балаға жаңа сөздерді түсінуді және қолдануға ынталандыру үшін оқиға туралы қарапайым сұрақтар қоюға болады.

3. Интерактивті қатысу. Балалар ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін сомдайтын драматизациялар сөйлеуді белсенді қолдануға ынталандырады. Бұл импровизация немесе диалогтардың қысқа мәтіндерін үйрену болуы мүмкін. Ертегі бойынша ойын ұйымдастыру, онда бала оның мазмұнына байланысты тапсырмаларды орындайды, мысалы, «Ертегіден затты тауып ата».

4. Шығармашылық қайталауды дамыту. Ертегінің сюжетімен танысқаннан кейін балаға оның аяқталуы немесе жалғасуының өзіндік нұсқасын ұсынуға болады. Бұл сөйлеуді ғана емес, қиялды да дамытады. Ұжымдық ертегілер құру: ертегіні ересек адам бастайды, ал бала оны толықтырады.

5. Интонация және эмоциялар бойынша жұмыс. Ертегіні оқығанда мәнерлі сөйлеу, әртүрлі эмоцияларды көрсету маңызды. Интонацияларды тану және жаңғырту үшін жаттығуларды қолдануға болады: «қасқыр не деді?», «түлкі қалай жауап берді?»

6. Мазмұнды талқылау. Ертегіні оқып қана қоймай, оны талқылаудың маңызы зор. Мысалы: «кейіпкер неліктен бұлай жасады?», «саған қандай кейіпкер ұнады?». Бұл аналитикалық ойлауды дамытады және баланы өз пікірін айтуға ынталандырады.

Кейбір ертегілер есту қабілеті бұзылған балаларға түсінікті болу үшін бейімделуді қажет етеді. Біріншіден, мәтін балаға түсінікті болуы үшін жеңілдетіп және ұзақ сөйлемдерді қысқартылуы қажет. Екіншіден, балаға ертегі түсінікті болу үшін көрнекі элементтермен қамтылуы тиіс. Үшіншіден, есте сақтау үшін рифмалық жолдарды қолдануы қажет. Осыған қатысты ертегілерге мысал келтірсек [5]:

1. «Теремок» – балалардың іс-әрекеттер мен кейіпкерлердің ретін есте сақтауға мүмкіндік беретін қарапайым және қайталанатын сюжеті бар ертегі. Оны ойыншықтар арқылы сахналауға болады.

2. «Бауырсақ» - ырғақты ертегі, мұнда негізгі сөз тіркестері оңай бөлектеліп, бала қайталай алады. Бұл ертегіде әр кейіпкердің бейнесі бар карточкаларды пайдалануға болады.

3. «Шалқан» - топтық жұмыс үшін өте қолайлы, өйткені онда ым-ишара немесе сөзбен көрсетуге болатын қайталанатын әрекеттер мен кейіпкерлер бар.

4. «Маша мен аю» - диалог элементтері бар жарқын сюжет. Бұл ертегі диалогтік сөйлеуді түсінуге көмектеседі.

5. «Үш аю» – сөздік қорды байыту үшін пайдалы «үлкен», «кіші», «орта» ұғымдарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Ертегілерді оқу-тәрбие үрдісіне біртіндеп енгізу келесі оң өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді. Бұл:

- Артикуляция және дыбыстарға еліктеу қабілеті жақсарады.

- Жалпы кітапқа, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырады.
- Эмоциясын айқын білдіруге және эмпатияны дамытады.

Бала өмірінің алғашқы күндері мен айларында есту қабілетінің бұзылуын анықтау мүмкіндігінің пайда болуы, дыбыстық ақпаратты қабылдауды жақсартатын жоғары технологиялық есту аппараттарын қолдану осы топтағы балалардың сөйлеу қабілетін айтарлықтай өзгертеді. Бұл процесте есту қабілеті бұзылған баламен мақсатты жұмысты ерте бастау жетекші фактор болып табылады. Есту қабілеті бұзылған балалардың нормативтік даму жолына түсу мүмкіндігі бар. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, есту қабілеті бұзылған балалармен түзету жұмыстарының құралдары мен әдістерін анықтаудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мәселесі ерекше мәнге ие болады. Есту қабілеті бұзылған балалардың ерте жаста сөйлеуін қалыптастыру мен дамытуда ертегілер ерекше дидактикалық потенциалға ие болады деген пікірдеміз. Ертегі – сөйлеуді дамытудың, балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейтудің және басқалармен сөйлеу арқылы өзара әрекеттесуін жақсартудың ерекше құралы. Бұл – көркем әдебиеттің ең көне және танымал жанрларының бірі, оның тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктері зор. Ертегі балаларды халықтың мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстырып қана қоймай, олардың шығармашылық ойлауын, қиялын, есте сақтау қабілетін, зейінін, эмоционалдылығын, адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ертегілер материалына сүйене отырып, коррекциялық-педагогикалық көмектің бірқатар мәселелерін ойдағыдай шешуге болады: сөйлеудің лексикалық және грамматикалық құрылымын, айтылым дағдыларын, қиялын, ойлауын және т.б. (В.Я.Пропп, Д.Л.Кулагин, Ю.А.Лебедева, Е.В.Померанцева) ғылыми зерттеулерде ертегінің келесі қызметтері ерекше атап өткен. Бұл:

– эстетикалық (сөйлеу бейнесін қалыптастырады). Осылайша, ертегілердің сөйлеу материалы баланың пассивті және белсенді сөздік қорын байытып, нақтылауға, бейнелі сөздерді меңгеруге, сөйлеудің тілдік мәдениетін қалыптастыруға және дамытуға көмектеседі;

– когнитивтік (дүние және адам туралы білімді жинақтайды және жеткізеді). Ертегілердің мазмұны қоршаған дүние туралы түсініктердің қалыптасуына, нақтылануына, баланың жалпылама ұғымдар жүйесін меңгеруіне ықпал етеді, тарихи өткенді, ата-бабалар мәдениетін, замандастары ұмытып кеткен құбылыстарды таныстырады;

- тәрбиелік (адамгершілік ұғымдар мен адами құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді). Ертегі мазмұнын меңгеру барысында балалар жақсылық пен зұлымдық, мейірімділік, жанашырлық пен қатыгездік, адалдық пен сатқындық, еңбекқорлық пен жалқаулық, батылдық пен қорқақтық, т.б ұғымдардың мәнін меңгереді;

– көңіл көтеру (оқудан немесе тыңдаудан ләззат сезімін тудырады). Есту қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жасауда ертегілерді пайдаланудың тиімділігі бірқатар ғылыми зерттеулермен дәлелденген. Мысалы, Н.Н.Кольцова ертегілер сенсорлық бұзылыстарының әртүрлі формалары бар балалардың сөйлеу әрекетін белсендіруге көмектесетінін атап өтті. Л.С.Выготский зерттеулерінде. сөйлеу мен ойлауды дамыту үшін ертегілерді қамтитын оқытудың ойын түрлерін пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетті. Сондай-ақ, В.М.Бехтерев ертегілердің эмоционалдық байлығы мидың сөйлеуді қалыптастыруға жауапты аймақтарын белсендіруге көмектесетінін көрсетті.

Қазіргі сурдопедагогикалық зерттеулерде есту қабілеті бұзылған балалар сөйлеу әрекетінің барлық компоненттерінің: қабылдау, түсіну, белсенді сөйлеудің қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшелігімен сипатталатыны (С.Н.Феклистова) атап өтті [6]. Бұл компоненттердің қалыптасу деңгейлері бір балада әрқашан корреляция бола бермейтінін ескеру маңызды (мысалы, қабылдаудың жеткілікті жоғары деңгейі оны түсіну мен қабылдаудың төмен деңгейімен атап өтуге болады). Сондықтан осы компоненттердің әрқайсысының қалыптасу жағдайын білу және осыны ескере отырып, түзету жұмыстарын жоспарлау маңызды. Ертегілер дұрыс қолданылған жағдайда есту қабілеті нашар ерте

жастағы балалардың сөйлеуін дамытудың маңызды құралы бола алады. Осылайша, ертегінің материалын бейімдеу оны сюжеттік суреттерді көрсету және пайдаланумен бірге сөздік қорды саналы түрде меңгеруге ықпал ететін толық сөздерді қолдануға көшу жүзеге асырылады. Бұл жаста балалардың ертегіге деген қызығушылығы айтарлықтай жоғары болғандықтан, мұғалімнің сөйлеудің айтылу жағында да әртүрлі ертегілер материалдарымен жұмыс істеуге мүмкіндігі бар: дыбыстарды жаттықтыру (аю қандай дыбыс шығарады - «ААА!», қонжық қандай дыбыс шығарады- «ааа!»), жеке буындар (ит қандай дауыс шығарады - «ав-ав»), содан кейін жеке сөздер мен сөз тіркестері, осылайша сөйлеу тілі қалыптасуда. Осылайша, есту қабілеті бұзылған ерте жастағы балалармен жұмыс істеуде ертегілерді пайдалану тиімді, көп функциялы және қолжетімді құрал болып табылады. Ертегі кейіпкерлері мен қызықты оқиғалар баланың айналасындағы әлеммен байланыс орнату үшін жасалған. Жалпы ертегілер әрбір адамның қайталанбас тұлғасын қалыптастыруда таптырмас рөл атқарады.

Қорытындылай келе, ертегі – есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу дағдысын дамытуға, сөздік қорын молайтуға, әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектесетін әмбебап құрал. Ертегілермен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс есту арқылы қабылдаудағы бұзылыс орнын толтырып қана қоймай, баланың жан-жақты дамуын ынталандырады. Мұғалімдерге, ата-аналарға, мамандарға ертегінің мүмкіндіктерін жүзеге асыру және оны түзету тәжірибесінде белсенді пайдалану маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. И.В.Королева, Диагностика и коррекция нарушений слуховой функции у детей раннего возраста / И.В. Королева. - СПб.: КАРО, 2015. - [280 с].
2. А.Лёве, Развитие слуха неслышащих детей: История. Методы. Возможности / А.Лёве; пер. с нем. Л.Н.Родченко, Н.М.Назаровой. - М.: Academia, 2013. – [220 с].
3. Т.И.Обухова, «Психокоррекционная и развивающая работа с детьми раннего и дошкольного возраста с нарушением слуха»: учеб.-метод. Пособие / Т.И. Обухова. - Минск: БГПУ. -2017. – [54 с].
4. Т.И.Обухова, Методика формирования речи детей раннего и дошкольного возраста / Т.И.Обухова. - Минск: БГПУ.- 2015.- [68 с].
5. В.Я.Пропп, Русская сказка. Л.: Издательство ЛГУ, 1984.
6. С.Н.Феклистова, Научно-методическая система коррекционной работы по развитию слухового восприятия и устной речи детей с нарушением слуха: моногр. / С.Н.Феклистова. - Минск: Белорус. гос. пед. ун-т, 2020. – [21].

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАРЫМ - ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мурзатлеуова А.Е.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: asselya_13@list.ru

Андатпа: Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының рөлі жан-жақты талданады. Авторлар педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, тәрбие шараларының балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуі мен тілдік дамуына тигізетін әсерін сипаттайды. Мақалада ата-аналар мен педагогтардың

ынтымақтастығы, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кезеңіндегі тәрбие жұмыстарының маңыздылығы, сондай-ақ, рөлдік ойындар мен арнайы әдіс-тәсілдердің тиімділігі қарастырылады. Сонымен қатар, мүлдем сөйлей алмайтын балалармен жұмыс істеуде қолданылатын визуалды және вербалды емес коммуникация құралдарының әлеуеті көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру үшін кешенді тәрбие жұмыстары мен педагогикалық қолдаудың қажеттілігін дәлелдейді.

Тірек сөздер: тәрбие жұмыстары, ерекше білім беру қажеттілігі, балалар, коммуникативтік, қарым қатынас, дағды

Аннотация: В данной статье всесторонне рассматривается роль воспитательной работы в формировании коммуникативных навыков у детей с особыми образовательными потребностями. Авторы, опираясь на педагогические и психологические исследования, описывают влияние воспитательных мероприятий на адаптацию детей к социальной среде и развитие их речевых способностей. В статье подчёркивается важность сотрудничества родителей и педагогов, значимость воспитательной работы на дошкольном и начальном школьном уровнях, а также эффективность ролевых игр и специальных методов. Кроме того, рассматриваются возможности использования визуальных и невербальных средств коммуникации в работе с детьми, не умеющими говорить. Результаты исследования доказывают необходимость комплексной воспитательной работы и педагогической поддержки для развития коммуникативных навыков у детей с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: воспитательная работа, потребность в особом образовании, дети, коммуникативный, отношения, навык.

Abstract: This article provides a comprehensive analysis of the role of educational and upbringing activities in developing communication skills in children with special educational needs. Based on pedagogical and psychological studies, the authors describe the impact of such activities on children's social adaptation and language development. The article highlights the importance of collaboration between parents and educators, the role of early childhood and primary education stages, and the effectiveness of role-playing games and specialized techniques. Additionally, it discusses the use of visual and non-verbal communication tools for children who are non-verbal. The research findings emphasize the necessity of comprehensive pedagogical intervention and educational support to foster communication skills in children with special educational needs.

Keywords: educational work, special education needs, children, communicative, relationships, skill.

Тәрбие жұмыстары арқылы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мәселесі - қазіргі таңда педагогика мен психология ғылымының өзекті бағыттарының бірі. Бұл мәселе ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік ортада өз ойын, сезімін және қажеттіліктерін жеткізе алу қабілетін арттыру мақсатында маңызды болып саналады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, коммуникативтік дағдыларды дамыту бала тұлғасының психологиялық тұрақтылығы мен әлеуметтік интеграциясының негізін құрайды, сонымен қатар, бұл дағдылар олардың болашақта білім алу және еңбек қызметінде табысты болуына ықпал етеді.

Зерттеулерде ата-аналар мен мектептің тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі айтылады. А. Жұмаханнның жүргізген зерттеуінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың ата-аналарына арналған тәрбие және мотивациялық шаралардың маңыздылығы атап өтілген. Автор ата-аналардың бала тәрбиесінде белсенді рөл атқаруы, балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы отбасылық тәрбие мен мектеп

арасындағы ынтымақтастықтың қажеттілігін баса айтады [1]. Бұл тұжырымдама ата-аналар мен педагогтардың ортақ күш-жігерінің арқасында балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуіне оң әсер ететінін көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі кезең – коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың ең маңызды сатысы ретінде қарастырылады. А. Айтбайқызының зерттеуінде мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілі дамуының тежелу себептері мен оларды түзету жолдары жан-жақты талқыланды. Авторлар тілдік дамудың кешігуіне әсер ететін әртүрлі факторларды анықтап, тиімді түзету шараларын ұсынды. Зерттеу нәтижелері бойынша, ерте жастан бастап жүйелі тәрбие жұмыстары мен ойын-сауық элементтері арқылы балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамыту мүмкіндігі бар екені дәлелденді [2]. Бұл тұрғыда, баланы әлеуметтік ортаға белсенді түрде енгізу үшін педагогикалық интервенциялар мен отбасы ішіндегі тәрбие шараларының үйлесімі қажет.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері мәселесі де педагогика саласында кеңінен зерттелген. М. Ештаева зерттеуінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі ерекшеліктері мен тиімді тәсілдері талқыланды. Олар балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістемесін нақтылау қажеттігін атап көрсетті. Зерттеуде, әсіресе, балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда топтық және жеке жұмыстардың үйлесімі, ойын түріндегі жаттығулар мен практикалық тапсырмалар тиімді екендігі айқындалды [3]. Бұл тұжырымдама педагогтардың әр баланың даму деңгейін ескере отырып, дифференциалдандырылған оқыту стратегияларын қолдануын талап етеді.

Психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалды сферасын қалыптастыру мәселесі де коммуникативтік дағдылардың дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. А. Аутаеваның мақаласында кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалды сферасын қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылды. Авторлар балалардың эмоционалдық реакцияларын басқару, өзін-өзі таныту және әлеуметтік қарым-қатынас орнатудағы қиындықтарын анықтап, оларды түзету мақсатында ойын тәртібі мен арнайы жаттығулардың маңыздылығын көрсетті. Эмоцияны басқару және өз ойын ашық жеткізу қабілеті – коммуникативтік дағдылардың ажырамас бөлігі болғандықтан, тәрбие жұмыстарында бұл бағытқа ерекше көңіл бөлу қажет [4].

Коммуникативтік дағдыларды дамытуда тәрбие жұмыстарының әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылып жүр. Г. Пономарева өз мақаласында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеудің тәрбиелік аспектілері қарастырылып, мұндай балаларға арналған арнайы әдістер мен технологиялардың тиімділігі туралы сөз етеді. Автордың айтуынша, ойындар, топтық тапсырмалар, драмалық оқиғалар және интерактивті жаттығулар сияқты түрлі педагогикалық әдістер балалардың әлеуметтік өзара әрекетін және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді [5]. Осы тәсілдер балалардың өзара диалог құру қабілетін арттырып, әлеуметтік ортада белсенді болуға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, ойындарды тәрбие жұмыстарының негізгі құралы ретінде қолдану ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады. Л. Сейтаблаева өз зерттеуінде ойындарды қолданудың ерекшеліктері мен олардың тәрбие жұмысына ықпалын анықтап, ойын әдістерінің балалардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы тиімділігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері бойынша, ойындар арқылы жүргізілетін тәрбие жұмыстары балалардың эмоционалды жағдайын жақсартып, оларды бір-бірімен еркін сөйлесуге және ой бөлісуге ынталандырады [6]. Бұл тәсілдер балалардың әлеуметтік қарым-қатынасын дамытып, олардың мектептегі және отбасыдағы өмір сүру сапасын арттырады.

Осылайша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ата-аналар, педагогтар және тәрбиеші қызметкерлердің өзара

ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады. Зерттеулерде ұсынылған әр түрлі әдістер мен тәсілдердің үйлесімі балалардың жеке қасиеттерін ескере отырып, олардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұл өз кезегінде, болашақта балалардың қоғамға толыққанды бейімделуіне, өз ойын ашық жеткізе алуына және әлеуметтік өзара әрекеттесуіне ықпал етеді.

Мүлдем сөйлей алмайтын балалар үшін рөлдік ойындарды ұйымдастыру арнайы әдістерді талап етеді. Мұндай балалар ойын барысында сөздік коммуникацияның орнына мимика, дене тілі, суреттер, белгілер және мультимедиялық құралдарды қолдана алады. Педагогтар мен терапевттер ойындарды модификацияланған түрде, визуалды-ауызша емес коммуникацияға негізделген әдістерді енгізеді. Мысалы, арнайы бейнелер мен символдар арқылы балалар өз эмоцияларын білдіруге, рөлдерді тануға және өзара әрекеттесуге үйренеді. Сонымен қатар, қозғалыс пен музыканы қосқан интерактивті ойындар да балалардың эмоционалды және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Осылайша, мүлдем сөйлей алмайтын балаларға арналған рөлдік ойындар олардың коммуникативтік дағдыларын, өз-өзін білдіру қабілетін және әлеуметтік интеграциясын қолдауға бағытталған балама тәсілдермен жүзеге асырылады.

Қорыта айтқанда, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мәселесі кешенді педагогикалық интервенцияны қажет етеді. Тәрбиелік шаралар, ойын-сауық әдістері және арнайы коррекциялық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатын тәрбие жұмыстары балалардың әлеуметтік, эмоционалды және тілдік дамуын ынталандырады. Зерттеулер көрсеткендей, ата-аналардың, педагогтардың және тәрбиешілердің ортақ күш-жігері нәтижесінде жүргізілетін тәрбие жұмыстары балалардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұмахан, А. Д. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың ата-аналарына жадынама / А. Д. Жұмахан // Студенческий вестник. – 2023. – No. 44-12(283). – P. 38-43.
2. Айтбайқызы, А. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілі дамуының тежелу себептері және оларды түзету жолдары / А. Айтбайқызы, Н. А. Садвакасова // Научные исследования XXI века. – 2024. – No. 5(31). – P. 61-68.
3. Ештаева, М. К. ПДТ балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері / М. К. Ештаева, Г. А. Абишева // , 22 апреля 2022 года, 2022. – P. 425-428.
4. Аутаева, А. Н. Кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалды сферасының қалыптастыру ерекшеліктері / А. Н. Аутаева, Ш. К. Еркебаева // , 15 мая 2024 года, 2024. – P. 166-175.
5. Пономарева, Г. А. Воспитательная работа с детьми с ЗПР / Г. А. Пономарева // Мастерская педагога. – 2024. – № 8. – С. 14-19.
6. Сейтаблаева, Л. С. Особенности применения игр в воспитательной работе с младшими школьниками с ЗПР / Л. С. Сейтаблаева // Российская наука в современном мире : Сборник статей XLVI международной научно-практической конференции, Москва, 31 мая 2022 года. Том Часть 2. – Москва: Общество с ограниченной ответственностью "Актуальность.РФ", 2022. – С. 40-41.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАРЫМ - ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РӨЛІ

Мурзатлеуова А.Е.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7M01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты

Аңдатпа: Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға тәрбие жұмысын ұйымдастыра отыра, дұрыс коммуникация құра білуге дағдыландырудың маңызы жазылған. Мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға бейімдеудің жолдары көрсетіліп, ескеруге тиіс жайттар тілге тиек етіледі. Ерекше қамқорлықты талап ететін балаларға психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетудің маңызы дәріптеліп, мәселені оңтайлы шешудің жолдары қарастырылған. Ұстаздың ұшқырлығы мен біліктілігінің көрінісі, педагогикалық шеберліктің маңызы айтылып, білім беру барысында ескеруі қажет тұстар талқыланған. Коммуникацияның қажеттілігі, оның әр адам үшін маңызы, дұрыс қарым – қатынас орнатудың жолдары пысықталып, тіл тазалығын сақтау, сауатты сөйлем құра алудың маңызы да сөз етіледі. Тәрбиелей отыра оқыту, оқыта отыра дұрыс коммуникация орнатудың барысы зерттеліп, мақалаға арқау етілген.

Тірек сөздер: тәрбие жұмыстары, ерекше білім беру қажеттілігі, балалар , коммуникативтік, қарым қатынас, дағды

Аннотация: В этой статье рассматривается важность обучения детей с особыми образовательными потребностями правильному установлению коммуникации через организацию воспитательной работы. Приводятся пути адаптации людей с ограниченными возможностями к обществу, а также подчеркиваются важные аспекты, которые необходимо учитывать. Освещается значимость психологической и педагогической поддержки для детей, требующих особого ухода, и рассматриваются способы оптимального решения проблемы. Обсуждается проявление креативности и квалификации педагога, важность педагогического мастерства, а также аспекты, которые необходимо учитывать в процессе образования. Проводится анализ необходимости коммуникации, её значения для каждого человека, а также путей установления правильных отношений, подчеркивается важность сохранения чистоты языка и способности строить грамотно предложения. Исследуется процесс воспитания и обучения, а также установление правильной коммуникации, что является основой данной статьи.

Ключевые слова: воспитательная работа, потребность в особом образовании, дети, коммуникативный, отношения, навык.

Abstract: This article discusses the importance of teaching children with special educational needs how to establish proper communication through the organization of educational work. It outlines the ways to adapt people with disabilities to society, highlighting important aspects that must be taken into account. The significance of psychological and pedagogical support for children who require special care is emphasized, and optimal solutions to the problem are considered. The article discusses the manifestation of creativity and qualifications of the teacher, the importance of pedagogical skills, as well as aspects that need to be considered in the educational process. The necessity of communication, its importance for every individual, and ways to establish proper relationships are analyzed. The importance of maintaining linguistic purity and the ability to construct grammatically correct sentences is also discussed. The process of education and training, as well as the establishment of proper communication, are explored, which forms the basis of this article.

Keywords: educational work, special education needs, children, communicative, relationships, skill.

Тағылымды тәрбие – тамырын тереңге жайып, тілдік қарым – қатынас қашан да биік тұрған сәтте жас буын өкілдерін жақсылыққа қарай ойыстырып, ізетті қоғам құруға болады. Бүгінгі желкілдеп өсіп келе жатқан жас шыбық, балғын балалар – ертеңгі күні ел әлеуетін арттырып, мемлекеттің мерейін үстем етуге ат салысатын жандарға айналары

анық. Олай болса, жарық дүниені енді танып, қоғамға бейімделіп келе жатқан бүлдіршіндергі барынша жан – жақты тәрбие беріп, қажетті күзиреттіліктермен қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақ халқы қашан да «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп, балалардың сөйлеу әдебі, қарым – қатынас құралын, жүріс – тұрысын жіті назарға алып, әдептіліктен аттамауға, достықты қадірлеуге үйреткен.

Адамзат баласының өзіне тән артықшылығы ақыл – ойы мен сөйлеу тілі екендігін алға тартатын болсақ, еліміздің кішкентай тұрғындарының сауатты сөйлеуіне мән беріп, дұрыс коммуникациялық қарым – қатынас дағдыларын меңгеруге мән бергеніміз дұрыс.

Әлбетте, қоғам болған соң түрлі тағдыр, жеке бас ерекшелігі болатыны мәлім. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі жандардың кейде көпшілік ортаға бейімделуі, бірден қарым – қатынас орнатуы қиын болып жатады. Әр бала – бір әлем екенін ескерсек, ерекше балаларды бөліп – жарып қарауға ешкімнің құқысы жоқ. Олар да өзге бүлдіршіндер тәрізді толыққанды тәрбие мен білім алуға мүмкіндіктері бар. Алайда, оларға жөн сілтеп, қажетті көмек қолын созып, тәрбие арқылы дұрыс коммуникация құра білуге дағдыландыру қажет.

Жалпы, коммуникация дегеніміз не? Ең алдымен аталмыш терминге анықтама беріп, тарқатып өтсек. Тілдік қатынас(коммуникация) – әр түрлі қоғамдық қатынастардың нәтижесінде адамдарға тән ойлау арқылы жарыққа шыққан сөйлесімнің тіл арқылы жүзеге асуы, яғни адамдардың аса маңызды қатынас құралы болу – тілдің негізгі және елеулі функциясы.

Қарым – қатынассыз топтың да, ұйымның да, қоғамның да болуы мүмкін еместігі мәлім. Өзара қарым – қатынас жасай алу – адамзаттың эволюция барысындағы басты жетістіктерінің бірі болып саналады. Мамандардың мәлімдеуінше, қарым – қатынас – ақпарат алмасу, өзара әрекеттесудің бірегей стратегиясына дағдылану, басқа адамды қабылдау және түсінуден құрылған және бірлескен қызметтің қажеттіліктерінен туындаған, адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуының көп жоспарлы, әрі қиын процессі [1].

Ерекше балалардың әрқайсының өзіне тән денсаулығында кінәраты бар екені айтпаса да түсінікті. Бұл тиісінше сөйлеу тіліне де әсер етуі мүмкін. Ми жұмысының қызметі, физиологиялық – психологиялық дамудың тежелуі, тағы да түрлі басқа себептер мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндердің сөйлеу тіліне кейде кедергі келтіретіні рас.

Тіл мен ойлаудың өзара байланысы ұғымдар арқылы жүзеге асады. Ал ұғымның пайда болуы санада өтетін пайымдау әрекетінің нәтижесі.

Сол себепті, ерекше балалардың ең алдымен дұрыс сөйлеуін жетілдіріп, тағылымды тәрбие арқылы тіл әдебін қалыптастырған абзал. Өкінішке орай, соңғы уақытта қазақ отбасыларының өзі орысша сөйлеп, тілдің шұбарлауына негіз болып, баламен қарым – қатынасты, тәрбиені орысша бойларына сіңіріп жүр.

Таза сөйлеу – ой айқындылығының белгісі. Шешендікті қадірлеген халық «Адам аласынан сөз аласы жаман, от шалысынан, сөз шалысы жаман» дегенде ана тілінің байлығын бағаламай, туған тілде таза сөйлей алмаған адамдардың қойыртпақ тіліне қарап, қынжылып айтса керек. Тіл тазалығы дейтініміз, - дейді А.Байтұрсынұлы, ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, ескірген сөздерге жоламау, жергілікті сөздерден қашу» [2, 151 б.].

Тәрбиенің бастауы – ұлттық құндылықтардан бастау алып, бала тілінің дұрыс шығуына, адамдармен дұрыс қарым – қатынас жасауына баулуды мақсат тұтады. Ерте кезде бүлдіршіндердің сөзі анық, әрі түсінікті болуы үшін, ойы жүйрік, ақылы тереңде болуы мақсатында халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін басшылыққа алып, жаңылтпаш жаттатып, ертегіден сыр шертіп, түрлі қызықты әңгімелерді балалардың бойына сіңіріп, мақал – мәтелдің мәйегімен сусындатқан. Бұл балалардың бойындағы әдептілік, көркем мінез қасиеттерін қалыптастыра отыра, адамдармен дұрыс қарым – қатынас жасауға дағдыландырып, үлкендермен тілдесу, қатарлас құрбылармен

әңгімелесудің өзіндік тәртібін меңгерткен. Бұл үрдіс қазіргі таңда да өзінің өзектілігін жойған жоқ. Себебі, дұрыс коммуникация құра білу үшін тәрбиенің маңызы зор.

Адам өмірінің барлық мазмұны тілде көрініс табады. Қоршаған орта туралы, шындық өмірдегі құбылыстар мен олардың арасындағы байланыстар туралы түсінік ойлау арқылы қорытылып және талданып, тілде бейнеленеді, ұлттық тілдік санамен қабылданады. Адам белгілі бір оқиға және деректер туралы ойын немесе оларға қатысын, сезімі мен талап – тілегін тіл арқылы жеткізеді, сөйлеу арқылы пайымдап, ой қорыту қалыптасады. Адамдар сөйлеу арқылы бірін – бірі іс – әрекетке шақырады, яғни коммуникативтік қарым – қатынасқа түседі [3,28 б].

Сөйлеу – адамдардың материалдық өзгертуші іс – әрекеті процесінде тарихи тұрғыда қалыптасқан тіл арқылы болатын қарым-қатынас нысаны. Сөйлеу қарым-қатынас мақсаты үшін не өз іс – әрекетін реттеу және бақылау мақсаты үшін хабарламаларды туындату және қабылдау процестерін қамтиды. Психология үшін, ең алдымен, адамның жоғарғы психикалық функциялары жүйесіндегі орны, оның ойлаумен, санамен, жадпен, эмоциялармен байланысы назар аудартады; бұл орайда, оның тұлғаның және іс-әрекеттің құрылымын бейнелейтін ерекшеліктері ерекше маңызды. Сөйлеу іс-әрекеттің тұтас актісі немесе сөйлеушілік емес қарекетке қамтылған сөздік қимылдар түріндегі көрінетін сөйлеу қызметі деп қарастырылады. Сөйлеу қарекетінің не сөздік қимылдың құрылымы принципінде кез келген әрекеттің құрылымымен үйлеседі, яғни бағдарлану, жоспарлану, жүзеге асу және бақылану сатыларын қамтиды. Сөйлеу әр жолы жаңадан құралатын белсенді және динамикалық сөздік стереотиптер тізбегі болып табылатын реактивті болуы мүмкін. Ішкі себептерден ауызша Сөйлеу кезінде онда пайдаланылатын тілдік құралдарды ұғынықты іріктеу мен бағамдау өте аз болады, ал жазбаша сөйлеуде және дайындалып ауызша сөйлеуде ол елеулі орын алады [4, 503 б.].

Алайда, жоғарыда айтып кеткеніміздей, мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндер үшін кейде дұрыс коммуникация құра алудың кейбір мәселелері бар екені жасырын емес.

Қиын жағдайға тап болған бала проблемаларының бірі әлеуметтенудің төмен деңгейі, яғни, мобильділіктің шектеулігі, құрдастар және ересектермен қарым – қатынастың кедейлігі, табиғатпен байланысудың және мәдени құндылықтарға қолжетімділіктің шектеулігі және т.с.с. [5,12 б].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар кейде өзінің бойындағы өзгешеліктен қысылып, өз қатарластарына ашылып өз ойын еркін жеткізе алмауы мүмкін. Мұндай сезім қалай пайда болады? Әдетте, балалар үлкендер тәрізді кейбір жайттарды жасырып, бүркіп қалмайды, керісінше, көрген – білгендерін, ойындағы жайтты жасырмай жайып салып, мүмкіндігі шектеулі балалардың бойындағы мәселені айтып қалуы мүмкін. Бұл өз кезегінде ерекше балалардың алдағы уақытта өзіне деген сенімсіздігін оятып, коммуникация құру барысында да байқалып қалады. Олар өздерімен қатарлас жандарға алдымен бой үйретіп, сөйлеуге қысылып, қарым – қатынас барысында қиналатыны содан. Сол себепті оларға педагогикалық – психологиялық көмек көрсетіп, балалардың бір – бірімен тіл табысуы барысында достық сезімін орнатып, олардың өз ортасына тез бейімделуіне жағдай жасаған дұрыс.

Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы, ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар. Бірінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі – біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болу керек. Екінші жолы мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындаудың да негізгі факторы осы [6].

Бала – бұл әрбір жас кезеңіне тән өзіндік морфологиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері бар, үнемі өсу және даму үстіндегі организм. Олардың

қарқынды дамуы кезеңінде жақсы тәрбиелей отыра айналадағы адамдармен дұрыс қарым – қатынас құруға дағдыландыра аламыз. Ерекше білім беруді қажет ететін бүлдіршіндерді қоғамнан шеттетпей, керісінше бойларындары дарынын аша түсуге ұмтылып, жан – жақты қолдау көрсеткеніміз дұрыс.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», - деген қағидаға сүйенетін болсақ, балалардың тамаша сөз саптауы мен сөйлемдерді дұрыс пайдалана алуы, ерекше балалардың өз ортасында жайлы сезінуі ең алдымен педагогтердің еншісінде. Өз ісінің маманы білім беру мен тәрбиелеу барысында ұтымды әдіс – тәсілдерді басшылыққа алып, балалармен жақсы қарым – қатынас орнатуға тырысады. Бүлдіршіндердің бір – біріне кішіпейіл болып, жақсы тіл табысуы ең алдымен ұстаздың еншісінде. Педагог өз тәрбиеленушілеріне жақсы көзқарас қалыптастырып, сенім артуға болатындығын аңғартса, өз кезегінде олар да бұл дағдыны әдетке айналдыратын болады. Бұл әрине, жақсы коммуникация құруға әсерін тигізіп, әр баланың өз ойын еркін жеткізуіне, кез – келген ортада тіл табыса алуына септігін тигізбек. Ерекше білім беру қажеттілікті талап ететін бүлдіршіндермен жұмыс жасау оңай емес, ол үлкен еңбекті, табандылықты, мол ресурсты талап етеді. Дегенмен, коммуникацияның қоғам үшін аса қажет екенін ескерсек, оған тиісті талапқа сай бейімдеу, мәселені оңтайлы шешуге ұмтылу өз нәтижесін беретіні анық.

Расымен де коммуникативтік кеңістік – күрделі жүйе. Коммуникативтік кеңістікте коммуникация түрлерінің маңызы зор. Адам өзін әртүрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сөйтіп әрбір жеке жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады. Сонымен қатар коммуникацияның сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Алайда, аталған қиындықтарға қарамастан, кез – келген балаға тәрбие мен білімді қажетті мөлшерде ұсынып, алға қойған мақсатқа жетуге болады. Біздің қоғам алауыздықты білмейді. Кез – келген адам мемлекет үшін ерекше құнды және олар толыққанды тәрбие мен білім алуға құқылы.

ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді [7].

Оқу мен тәрбие егіз ұғым екенін ескерсек, балаларды жақсылыққа қарай ойыстырып, дұрыс сөйлеуіне, өз пікірін білдіруіне, дұрыс коммуникация құра білуге дағдыландыру қоғам алдында тұрған үлкен міндет. Балалар біздің болашағымыз. Ізетті бүлдіршіндер – алдағы уақытта ізгілікті қоғам құруға себеп болып, бойларындағы машығын мемлекеттің мерейін үстем етуге жұмылдыратыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. Қысқаша психологиялық сөздік- «Академия», 2006 .
2. А.Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы -Алматы: «Елшежіре», 2013.
3. А. А. Амангелді, Мәдениетаралық коммуникация негізі - тіл /Вестник КазНПУ имени Абая. Серия Философские науки. - 2016
4. Б.Ө.Жақып Психология: Энциклопедиялық сөздік – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
5. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі - ҚР Білім және ғылым министрлігі ; Ы. Алтынсарин атын. Ұлттық білім акад.... – Астана, 2016.

6. О.Б.Гудожникова, Инклюзивті орта кәсіптік білім беру жағдайында денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды әлеуметтік-кәсіптік бейімдеу. Диссер. ғылымдардың пед. 13.00.01 - жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы. - Томск, 2016

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДИАЛОГТІК СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫР ЖОЛДАРЫ

Нетебай Ф.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
7М01902 – Арнайы педагогика ББ 1 курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: farizanetebai@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың диалогтік сөйлеуін сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастыру жолдары қарастырылады. Диалогтік сөйлеу – оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытудағы маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Мақалада сыныптан тыс жұмыстардың, әсіресе рольдік ойындар, шығармашылық жобалар, топтық тапсырмалар сияқты әдіс-тәсілдердің диалогтік сөйлеу дағдыларын дамытудағы тиімділігі талданады. Сонымен қатар, педагогтың рөлі мен оқушыларға қолдау көрсету арқылы диалогтік сөйлеу дағдыларын дамытуға қатысты ұсыныстар беріледі. Бұл жұмыс сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін арттыру үшін қажетті педагогикалық әдістемелер мен тәжірибелерді ұсынуға бағытталған.

Тірек сөздер: Сөйлеу тілі бұзылуы, диалогтік сөйлеу, сыныптан тыс жұмыс, әдіс-тәсілдер, рольдік ойындар, шығармашылық жұмыс, педагогикалық тиімділік.

Аннотация. В статье рассматриваются способы формирования диалогической речи учащихся с нарушениями речи посредством внеклассной работы. Диалогическая речь-один из важнейших аспектов развития коммуникативных навыков учащихся. В статье анализируется эффективность внеурочной деятельности, особенно таких методик, как ролевые игры, творческие проекты, групповые задания, в развитии навыков диалогической речи. Кроме того, будут даны рекомендации по роли педагога и развитию навыков диалогической речи через поддержку учащихся. Данная работа направлена на предоставление педагогических методик и практик, необходимых для повышения коммуникативных способностей учащихся с нарушениями речи.

Ключевые слова: Речевые нарушения, диалогическая речь, внеклассная работа, методы и приемы, ролевые игры, творческая работа, педагогическая эффективность.

Abstract: The article discusses the ways of forming the dialogical speech of students with speech disorders through extracurricular activities. Dialogic speech is one of the most important aspects of developing students' communication skills. The article analyzes the effectiveness of extracurricular activities, especially such techniques as role-playing games, creative projects, and group assignments, in developing dialogic speech skills. In addition, recommendations will be given on the role of a teacher and the development of dialogic speech skills through student support. This work is aimed at providing pedagogical techniques and practices necessary to improve the communication abilities of students with speech disorders.

Keywords: Speech disorders, dialogic speech, extracurricular activities, methods and techniques, role-playing, creative work, pedagogical effectiveness

Сөйлеу тілі бұзылған балалар – бұл тілдік дамуда түрлі қиындықтарға тап болатын балалар тобы. Олар дыбыстарды дұрыс айтпау, грамматикалық қателіктер жасау, сөздік қорларының аз болуы сияқты мәселелерге ұшырайды. Бұл балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту ерекше назар аударуды талап етеді. Әсіресе, диалогтік сөйлеуді қалыптастыру өте маңызды, өйткені балалардың тек оқу процесінде ғана емес, күнделікті өмірде де қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту қажеттілігі туындайды. Сөйлеу тілі бұзылған балалардың тілі қалыпты дамыған балалармен салыстырғанда ерекше қиындықтарға тап болады. Бұл балаларда сөйлеудің әртүрлі аспектілерінде проблемалар байқалады, оның ішінде фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қателіктер жиі кездеседі.

Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларда тілдік даму тежелуі байқалады. Олар дыбыстарды дұрыс айтуда, сөздердің дұрыс қолданылуында және грамматикалық құрылымдарды қалыпты қолдануда қиындықтарға тап болады. Мұндай балалардың сөздік қоры шектеулі, ал сөйлеу қабілеттері көбінесе сөздерді дұрыс орналастыруға, сұрақ қою мен жауап беруге қатысты қиындықтардан көрінеді. Диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту үшін осындай қиындықтарды жеңу қажет. Сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың диалогтік сөйлеуі жиі бұзылған грамматика мен дұрыс емес лексикадан туындайды. Олар әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында өз ойын толық жеткізе алмайды, сұраққа дұрыс жауап беруде немесе сұрақ қоюда кемшіліктер байқалады. Осы себептен, диалог құрастыру мен өз пікірін дұрыс жеткізу дағдыларын дамыту маңызды педагогикалық міндет болып табылады[1, 43-6].

Сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың диалогтік сөйлеуінде бірнеше қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл қиындықтар оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту процесін айтарлықтай қиындатады. Міне, осындай қиындықтардың негізгі түрлері:

1. Лексикалық қиындықтар. Сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың сөздік қоры шектеулі болуы мүмкін. Бұл олардың ойын толық әрі нақты жеткізуіне кедергі келтіреді. Лексикалық қателіктер мен сөздердің дұрыс қолданылмауы диалогтің мәнін түсінбеуге әкеліп соғуы мүмкін. Тұрақты тіркестер мен синонимдер, антонимдер қолданудағы қиындықтар да байқалады.

2. Грамматикалық қиындықтар. Грамматикалық құрылымдардың бұзылуы, мысалы, сөйлем мүшелерінің дұрыс орналаспауына немесе дұрыс жалғаулар мен қосымшалардың қолданылмауына байланысты оқушылардың сөйлеуінде түсініспеушіліктер туындайды. Осы грамматикалық қателіктер диалогты қалыпты жүргізуге қиындық тудырады.

3. Фонологиялық қиындықтар. Сөйлеу тілі бұзылған балаларда дыбыстарды дұрыс айту, дауыс ырғағы мен сөздің интонациясын сақтау қиын болуы мүмкін. Бұл, әсіресе, диалогтік сөйлеуде, яғни сұрақ-жауап немесе пікір алмасуда белгілі бір ақпараттың дұрыс жеткізілуіне әсер етеді. Оқушылар кейде сөздерді шатастырып айтуы немесе сөзді қысқартулары мүмкін.

4. Қарым-қатынас жасау дағдыларындағы кемшіліктер. Сөйлеу тілі бұзылған оқушылар кейде сұрақ қоюды немесе жауап беруді білмейді, өз ойларын реттеп жеткізуі қиын болады. Олардың тілдік интуициясы диалогтық қарым-қатынасқа сәйкес болмайды, бұл әңгімеге дұрыс қатысуға кедергі жасайды.

5. Қабылдау мен түсіну қиындықтары. Мұндай оқушылардың түсіну қабілеті кейде төмен болуы мүмкін, олар диалогтағы әрбір сөзді немесе сөйлемді дұрыс түсінбеуі ықтимал. Бұл әсіресе ұзақ немесе күрделі сөйлемдер мен сөздер қолданылған жағдайда байқалады. Тілдік құрылымдарды дұрыс қабылдамау диалогты жалғастыруға кедергі келтіреді.

6. Коммуникативтік мотивацияның болмауы. Сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың көбісі коммуникативтік мақсатқа жету үшін қосымша күш-жігер салуға дайын болмауы

мүмкін. Олардың әлеуметтік қарым-қатынас жасауға деген ынтасы төмен болуы немесе өз пікірін білдіруге қорқуы мүмкін, бұл диалогтік сөйлеудің әлсіреуіне әкеледі.

7. Жауап беру және сұрақ қоюдың қиындығы. Диалог барысында оқушылар сұрақтарды нақты қойып, жауаптар бере алмайтын жағдайларға ұшырайды. Олардың логикалық ойлау қабілеті әлі де дамымағандықтан, олар сұрақтардың мәнін түсінбеуі немесе өз ойын дұрыс жеткізе алмауы мүмкін [2, 123-б].

Сыныптан тыс жұмыстар – бұл балалардың тек оқу бағдарламасын орындаумен шектелмей, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды іс-шаралар. Сыныптан тыс жұмыс оқушылардың қызығушылықтарын оятып, әртүрлі ойындар, жаттығулар, шығармашылық жұмыстар арқылы диалогтік сөйлеуді дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстардың мақсаты – балалардың өзара қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, тілдік қабілеттерін арттыру және әртүрлі сөйлеу ситуацияларында дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сыныптан тыс жұмыстар балаларды шығармашылыққа баулиды, оларды өзін-өзі танытуға, жаңа білім алуға және өз ойын еркін жеткізуге ынталандырады. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстарда балалар өзара жұмыс істеп, бір-бірімен пікір алмасады, бұл диалогтік сөйлеудің дамуына ықпал етеді. Топтық тапсырмалар мен ойындар балалардың сөйлеу қабілеттерін кеңейтеді және олардың қарым-қатынас жасауға деген сенімділіктерін арттырады. Сыныптан тыс жұмыстардың сөйлеу тілі бұзылған балалар үшін диалогтік сөйлеу дағдыларын дамытудағы маңызы зор. Мұндай жұмыстар балалардың тілдік дағдыларын жетілдіріп, олардың қоғамда өз ойларын ашық әрі еркін түрде жеткізуге көмектеседі. Рольдік ойындар, қойылымдар, пікірталастар мен шығармашылық жаттығулар арқылы балалар тек сөйлеу дағдыларын емес, сонымен қатар әлеуметтік дағдыларын да дамытады. Сыныптан тыс жұмыстар сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға өзін-өзі көрсетуге, өз пікірін айтуға және қарым-қатынас жасауда сенімді болуға мүмкіндік береді.

Сөйлеу тілі бұзылған балалар үшін диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту – бұл олардың әлеуметтік бейімделуі мен қарым-қатынас жасаудағы маңызды дағды. Әсіресе, сыныптан тыс жұмыстар осы дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сыныптан тыс жұмыстар оқу бағдарламасынан тыс, балалардың шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың тілін дамытатын тиімді құрал болып табылады. Бұл жұмыстар оқушылардың тілдік дағдыларын кеңейту, коммуникативтік қабілеттерін жақсарту, сондай-ақ диалогтық қарым-қатынас жүргізу мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған.

Диалогтік сөйлеу – екі немесе бірнеше адамның өзара пікір алмасуы, сұрақ-жауап түрінде жүргізілетін қарым-қатынас. Бұл қабілет тек тіл үйренуші балалар үшін ғана емес, күнделікті өмірде де аса маңызды. Диалогтік сөйлеу балалардың өз ойларын нақты әрі түсінікті жеткізуге, түрлі адамдармен қарым-қатынас жасай білуге үйретеді [3, 70-б].

Сөйлеу тілі бұзылған балалар үшін диалогтік сөйлеуді дамыту әсіресе маңызды. Олар өзара қарым-қатынаста жиі қиындықтар көреді, сондықтан мұндай дағдыларды қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар мен әдістер қажет. Диалогтік сөйлеу оқушылардың тілін дамытуға, олардың сөздік қорын байытуға, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл дағдылар балалардың әлеуметтік бейімделуіне, қоғамда белсенді болуына ықпал етеді.

1. Рольдік ойындар мен драматизация

Рольдік ойындар – балаларды түрлі әлеуметтік жағдайларда ойнауға тартады, бұл олардың диалогтік сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Рольдік ойындар барысында балалар өздерін басқа адамның орнына қойып, нақты өмірде кездесетін жағдайларға байланысты сұхбат жүргізеді. Мысалы, дүкенде сатып алушы мен сатушының рөлін ойнау, дәрігер мен науқастың арасындағы әңгіме сияқты жағдайлар

диалогтік сөйлеуді дамытуға ықпал етеді. Мұндай ойындар балаларға нақты сөздер мен тіркестерді қолдануға үйретеді.

2. Ситуациялық тапсырмалар

Ситуациялық тапсырмалар – балаларды нақты өмірде кездесетін жағдайларға тапқылып, диалог жүргізуге үйрету әдісі. Мысалы, мектепте немесе көшеде кездесетін жағдайларды талқылап, балалардан сұрақтар қою мен жауап беруді сұрау арқылы оларды сөйлеу дағдыларын дамытуға болады. Ситуациялық тапсырмалар балалардың ойлау қабілетін дамытып, дұрыс сөйлеуге және қарым-қатынас жасауға үйретеді.

3. Шығармашылық жұмыстар

Шығармашылық жұмыстар балалардың өз ойын еркін айтуға, грамматикалық және лексикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылар өздеріне берілген тақырып бойынша әңгіме құрастырып, оны диалог түрінде ұсынуы керек. Мұндай жұмыстар балалардың сөздік қорын арттырып, сөйлеу қабілеттерін жақсартады. Сонымен қатар, олар шығармашылық жұмыстарды орындау барысында өздерін білдіруге және сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

4. Топтық жұмыстар

Топтық жұмыстар балаларды өзара әрекеттесуге, бір-бірімен пікір алмасуға үйретеді. Оқушылар топта жұмыс істегенде, олар өзара сұрақтар қойып, пікірлерін білдіреді. Бұл олардың диалогтік сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Топтық жұмыстарда балалар бір-біріне жауап беріп, ойларын толықтырады, бұл да олардың сөйлеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

5. Әңгімелесу мен пікірталас

Әңгімелесу мен пікірталас – балалардың өз пікірлерін еркін жеткізуіне, сұрақ қою мен жауап беруге үйрететін әдіс. Әңгімелесу барысында балалар өз ойларын анық әрі түсінікті жеткізе білуі тиіс, ал пікірталас кезінде олар әртүрлі көзқарастарды талқылап, өз пікірлерін қорғауға үйренеді. Бұл әдіс балалардың сөйлеу дағдыларын, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі [4, 202-б].

Сыныптан тыс жұмыстар сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың диалогтік сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл жұмыстар оқушылардың тілдік қабілеттерін дамытуға, олардың өзара қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, сөйлеу тілін байытуға көмектеседі. Рольдік ойындар, қойылымдар, топтық жұмыстар мен пікірталастар, шығармашылық тапсырмалар және ақпараттық технологиялар қолдану сияқты әдіс-тәсілдер балаларды белсенді түрде сөйлеуге ынталандырады, олардың коммуникативтік дағдыларын арттырады.

Қорыта айтқанда, сыныптан тыс жұмыстар сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту үшін тиімді құрал болып табылады. Бұл жұмыстар балалардың қарым-қатынас жасау қабілеттерін арттырып, олардың өз-өзін сенімді түрде білдіруіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Камарова, Н. А. (2018). Сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту. Алматы: Білім.
2. Исаева, Г. А. (2016). Балалардағы сөйлеу тілін дамыту және түзету жұмыстары. Алматы: ҚазҰПУ.
3. Садықова, Р. К. (2015). Сөйлеу тілі бұзылған балалармен жұмыс жасаудың психолингвистикалық негіздері. Алматы: Жібек жолы.
4. Шолпанова, К. Н. (2017). Сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған дидактикалық материалдар мен әдістемелер. Алматы: Рауан.
5. Жәутікова, Г. М. (2020). Арнайы білім беру педагогикасы: теория мен практика. Алматы: Дарын.
6. Рыбалко, Е. В. (2014). Диалогтік сөйлеуді дамыту бойынша әдістемелік нұсқаулар. Мәскеу: Высшая школа.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ САБАҚТАРЫНДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Нигметжанова Н.А.

ШҚО Білім басқармасы Тарбағатай ауданы
Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі "КММ

Өмірзақова Ә.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: aomirzakova030@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі балаларды оқытуда көрнекілік құралдарының маңызы қарастырылады. Көрнекілікті қолдану балалардың психофизикалық ерекшеліктеріне негізделген және олардың тиімділігі құралдардың жеткілікті әрі қажетті мөлшерде қолданылуымен байланысты. Көрнекі құралдар балалардың белсенділігін арттырып, назарын шоғырландыруға, материалды терең меңгеруге және негізгі ұғымдарды қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда, қажетсіз жағдайда қолданылған көрнекілік кері әсерін тигізуі мүмкін.

Тірек сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, оқыту әдістері, көрнекі құралдар, практикалық әдістер, сөйлеуді дамыту.

Аннотация: В данной статье рассматривается значение наглядных средств в обучении дошкольников. Применение наглядности основывается на психофизических особенностях детей и зависит от того, насколько правильно и в достаточном объеме используются эти средства. Наглядные материалы способствуют повышению активности детей, фокусировке их внимания, глубокому усвоению материала и формированию основных понятий. Однако использование наглядности в ненужных ситуациях может иметь негативный эффект.

Ключевые слова: дошкольник, методы обучения, наглядные средства, практические методы, развитие речи.

Abstract: This article discusses the importance of visual aids in the education of preschool children. The use of visual aids is based on the psychophysical characteristics of children, and their effectiveness depends on the appropriate and sufficient application of these tools. Visual aids help increase children's activity, focus their attention, facilitate deep learning of material, and support the formation of key concepts. However, when used in unnecessary situations, visual aids can have a negative effect.

Keywords: preschool child, teaching methods, visual aids, practical methods, speech development.

Сөйлеу – адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің негізгі түрі болып табылады. Сондықтан мектепке дейінгі мекемеде сөйлеу дағдыларына ерекше назар аударылады. Ана тілін меңгеру – баланың мектепке дейінгі кезеңдегі ең маңызды жетістіктерінің бірі. Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға қойылатын талаптар айтарлықтай артты. Олар сөйлеу белсенділігі, сөздік қоры, сөйлеудің грамматикалық құрылымы бойынша белгілі бір деңгейге жетуі, диалогтық сөйлеуден байланысты сөйлеуге көшуі қажет. Балалардың дұрыс сөйлеу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар көркем, бейнелі сөйлеуін де дамыту маңызды. Оқыту әдістері әрбір нақты әдістемеде нақтыланады. Оқыту әдісі – бұл тәрбиеші мен балалардың жұмысы, ол

балалардың білім, білік және дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етеді [1]. Ана тілін оқыту әдістемесінде бірнеше топ әдістерін бөліп көрсетуге болады.

Мектепке дейінгі мекемелерде сөздік әдістер мектептегідей жиі қолданылмайды. Балабақшада негізінен көркем сөзге байланысты сөздік әдістер қолданылады. Тәрбиеші балаларға бағдарламада қарастырылған көркем шығармаларды оқып береді. Сондай-ақ, неғұрлым күрделі әдістер де қолданылады – жаттау, мазмұнын айту. Ересектер тобына арналған сабақтарда бұрын берілген білімді бекіту және ұжымдық әңгімеге баулу үшін әңгімелесу әдісі қолданылады.

Көрнекі әдістер – сөйлеу мен абстрактілі ойлауды дамыту үшін білім алушыларға өте маңызды [2]. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері көрнекілікке сүйенуді талап етеді, сондықтан барлық сөздік әдістерде көрнекі оқыту тәсілдері қолданылады (заттың, ойыншықтың қысқамерзімді көрсетілімі, иллюстрацияларды қарау) немесе балаларды сергіту, демалту мақсатында көрнекі объектілерді көрсету (қуыршаққа өлең оқу, жұмбақтың шешуін табу – затты көрсету және т.б.).

Көрнекі әдістерді қолдану кезінде келесі шарттарды сақтау қажет:

- қолданылатын көрнекілік балалардың жасына сәйкес болуы тиіс;
- көрнекілік орынды және шамадан тыс қолданылмауы керек;
- бақылау балалардың бәрі көрсетілген затты жақсы көре алатындай ұйымдастырылуы қажет;
- иллюстрацияларды көрсеткенде негізгі, маңызды элементтерді нақты бөліп көрсету керек;
- құбылыстарды көрсету барысында берілетін түсініктемелерді мұқият ойластыру қажет;
- көрсетілетін көрнекілік оқыту материалының мазмұнымен дәл үйлесуі тиіс.

Практикалық (ойындық) әдістер. Бұл әдістердің мақсаты – балаларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету, сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін меңгеруге және жетілдіруге көмектесу. Балабақшада практикалық әдістер көбінесе ойын түрінде қолданылады. Ойын әдісі балалар арасында қызығушылық пен еркін атмосфера қалыптастыруға, олардың жасына сәйкес психологиялық жағдай жасауға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта балалар ақпаратпен шамадан тыс қаныққанын ескере отырып, оқыту процесі қызықты, тартымды және дамытушы болуы қажет. Л.Элькониннің пікірінше, байланыстырып сөйлеудің қалыптасуын жеңілдететін факторлардың бірі – бұл көрнекілік [3]. Көрнекі әдістер балабақшада жиі қолданылады. Оларға экскурсиялар, табиғи заттарды, ойыншықтарды, суреттерді, фотосуреттерді қарастыру, суреттер мен ойыншықтарды сипаттау, суреттер бойынша әңгімелеу жатады. Көрнекі әдістер сөйлеу мазмұнын жинақтауға, сондай-ақ сөздік қорды бекітуге, сөздің жалпылау қызметін дамытуға және байланыстырып сөйлеуге үйретуге бағытталған. Көрнекі әдістердің ерекшелігі – олар сөздік әдістермен белгілі бір дәрежеде үйлесімді түрде қолданылуы міндетті. Сөз бен көрнекіліктің тығыз байланысы тірі қабылдауды бірлікте қолдануды көздейді.

Көрнекілік балалардың білімге деген қызығушылығын арттырып, оқыту процесін жеңілдетеді. К.Д.Ушинский былай деп атап өткен: «Балаға бұрын білмейтін бес сөзді үйретіңіз, ол оларды ұзақ уақыт бойы әрең меңгереді; бірақ осы бес сөзді суреттермен байланыстырыңыз – бала оларды бірден үйреніп алады» [4]. Менің ойымша, көрнекі әдістің өте қызықты тәсілі – бұл сурет салу. Мектепке дейінгі бала үшін сурет салу – зерттелмеген және тартымды әлем. Балалар өз суреттерін өте жақсы көреді, олармен мақтанады, басқа суреттердің арасынан өз «өнер туындыларын» оңай таниды және тіпті ұзақ уақыттан кейін де есінде сақтайды. Балалардың суреттерін сурет бойынша әңгіме құрастыру үшін пайдалануға болады, осылайша мектепке дейінгі баланың сөйлеуін дамытуға ықпал етеді.

Баланың сөйлеуін дамыту тұрғысынан ең құндысы – сөйлеуді дамыту сабақтары, онда әртүрлі көрнекі материалдар қолданылады. Мектеп жасына дейінгі балаларға заттық

және сюжеттік суреттер көрсетіледі, олар сөйлеуді дамыту үшін құнды материал болып табылады. Заттық суреттерді ұсына отырып, тәрбиеші баланың көрнекі бейнелер арқылы түсінігін байыту, белсенді сөздік қорын кеңейту, бейнеленген заттың бөлшектерін көріп, көрсете және атай білуге үйрету міндетін қояды.

Балаларға сюжеттік суретті ұсына отырып, педагог оларды сюжетті түсінуге, оның түсіндірмесін тыңдай білуге және құрдастарының түсіндірмелерін тыңдауға, бейнеленген нәрсеге қатысты өз ойын білдіруге үйретеді. Суреттерді қарастыру балалардың қоғамдық, тұрмыстық және табиғи құбылыстар туралы түсініктерін жинақтауға ықпал етеді; сөйлеудің интонациялық мәнерлілігін және сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру қабілетін дамытады.

Алайда, балалар үшін көбінесе сөйлеу материалын рет-ретімен баяндау қиындық туғызады. Балалардың көпшілігі өз әңгімелеріне қажетті факторларды іріктеуде, оларды логикалық ретпен орналастыруда қиналады. Бұл мәселені шешудің тиімді құралдарының бірі – сөйлеуді дамыту сабақтарында модельдеу әдісін қолдану.

Модельдеу – қандай да бір құбылыстарды немесе процестерді модель құру және оны зерттеу арқылы зерттеу әдісі. Модельдеудің объектісі – модель. Модель – бұл қандай да бір процестің немесе құбылыстың орнын басатын кез келген бейне (ойша немесе шартты: бейнелер, сипаттамалар, сызбалар, графиктер, жоспарлар) [5]. Модельдеу әдісінің қолжетімділігі оның негізінде орнын басу принципінің жатуымен түсіндіріледі. Нақты зат балалардың әрекетінде басқа затпен, бейнемен немесе белгімен алмастырыла алады. Модельдердің үш түрі бар:

1. Заттық модель – заттың немесе өзара заңдылықпен байланысқан заттардың физикалық құрылымын білдіреді (заттың негізгі бөліктерін, пропорцияларын, кеңістіктегі бөліктердің арақатынасын қайта жасайтын жалпақ фигура моделі).

2. Заттық-схематикалық модель. Бұл жерде таным объектісінде бөлінген маңызды компоненттер мен олардың арасындағы байланыстар заттар-орынбасарлар мен графикалық белгілер арқылы белгіленеді.

3. Графикалық модельдер (графиктер, формулалар, схемалар).

Модель танымның көрнекі-практикалық құралы ретінде өз функциясын орындауы үшін келесі талаптарға сәйкес болуы керек:

- таным объектісі болып табылатын негізгі қасиеттер мен қатынастарды нақты көрсету;

- қабылдауға қарапайым әрі онымен әрекет жасауға қолжетімді болуы;

- меңгерілуі тиіс қасиеттер мен қатынастарды айқын әрі анық жеткізу;

- танымды жеңілдетуі.

Модельдеудің маңызы оның тікелей қабылдауға көрінбейтін, бірақ білім қалыптастыру, ұғымдарға үйрету барысында құбылыстар мен факторларды түсіну үшін маңызды болып табылатын объектілердің қасиеттерін, байланыстарын және қатынастарын көрнекі түрде көрсететінінде жатыр.

Мектепке дейінгі жаста мнемотехника әдістерін қолдану ерекше орын алады. Балаларда ерте жастан бастап белгілі бір дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру үшін оқыту процесіне мнемокестелер (схемалар) енгізіледі. Мысалы, балабақшаларда жуыну, киіну сияқты процестердің алгоритмдері жиі қолданылады. Мнемокестелер әсіресе өлеңдерді жаттауда тиімді. Оның мәні мынада: әрбір сөзге немесе шағын сөз тіркесіне сурет (бейне) ойлап табылып, осылайша бүкіл өлең схемалық түрде бейнеленеді. Осыдан кейін бала графикалық бейнені пайдаланып, өлеңді толықтай еске түсіріп айтады. Бастапқы кезеңде ересек адам дайын жоспар-схеманы ұсынады, ал оқыту барысында бала өз схемасын жасау процесіне белсенді түрде қатысады.

Мнемокестелерді жыл мезгілдері мен табиғат құбылыстары туралы әңгімелер құрастыруда да қолдануға болады: «Күз», «Қыс», «Көктем», «Жаз». Бұл ретте балалар әрбір жыл мезгіліне тән шартты белгілерді пайдаланады. Жыл мезгілдерінің белгілерін

шартты түрде белгілеу арқылы балалар «Көктем», «Күз», «Қыс» туралы мнемокесте жасап, олардың сипаттамасын айтып бере алады.

Қорытындылай келе, көрнекілік – мектепке дейінгі балаларды оқытудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Балабақшада көрнекілікті қолдану мектепке дейінгі жастағы балалардың психофизикалық ерекшеліктерімен негізделеді. Көрнекі құралдарды тиімді пайдалану үшін олардың жеткілікті және қажетті мөлшерде қолданылуы маңызды шарт болып табылады. Егер көрнекі құралдар қажет емес жерде қолданылса, олар теріс рөл атқарып, балаларды қойылған міндеттен алшақтатады.

Көптеген негізгі ұғымдарды қалыптастыру әртүрлі көрнекі құралдарды қолдану арқылы жүзеге асады. Әртүрлі көрнекілік құралдарын қолдану балалардың белсенділігін арттырады, олардың назарын аударады, осылайша дамуына ықпал етіп, материалды берік меңгеруіне көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.С.Макаренко. Педагогическая поэма. Полная версия - М: Издательство «АСТ», 2018.
2. Л.С.Выготский Психология развития ребенка. - М.: Изд-во Смысл, Изд-во Эксмо, 2005.
3. Д.Б.Эльконин. Детская психология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «Академия», 2007.
4. К.Д.Ушинский. Человек как предмет воспитания. – М: Издательство «RUGRAM», 2014.
5. А.Н.Леонтьев. Психологические основы развития ребенка и обучения. – М: Издательство «Смысл», 2009.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕББҚ БАР ТҮЛҒАЛАРҒА КӨЗҚАРАС: МЕДИЦИНАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕН ӘЛЕУМЕТТІК МОДЕЛЬГЕ ӨТУ ҚАЖЕТТІГІ

Оразова Ж.О.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, магистр
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: zorazova@zhubanov.edu.kz

Қайрақбай А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 1-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғаларға (ЕББҚ) қатысты қоғамдық көзқарастың эволюциясы қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, медициналық модельден әлеуметтік модельге өтудің маңыздылығы талданады. Авторлар дәстүрлі медициналық модельдің кемшіліктерін ашып көрсетіп, әлеуметтік модельдің инклюзия мен тең құқықты қамтамасыз етудегі артықшылықтарын сипаттайды. Сондай-ақ, Қазақстандағы инклюзивті қоғам құру жолындағы кедергілер мен мүмкіндіктерге талдау жасалады. Мақала білім беру, әлеуметтік саясат және қоғамдық сананы өзгерту салаларындағы өзекті мәселелерге арналған.

Тірек сөздер: ерекше білім беру қажеттілігі, медициналық модель, әлеуметтік модель, инклюзия, Қазақстан, қоғамдық көзқарас, құқық, теңдік, әлеуметтік әділеттілік, мүгедектігі бар адамдар

Аннотация. В этой статье рассматривается эволюция общественного мнения в отношении лиц с особыми образовательными потребностями в Казахстане (ООПБ). В частности, анализируется важность перехода от медицинской модели к социальной. Авторы раскрывают недостатки традиционной медицинской модели и описывают преимущества социальной модели в обеспечении инклюзивности и равных прав. Также будет проведен анализ барьеров и возможностей на пути создания инклюзивного общества в Казахстане. Статья посвящена актуальным вопросам в сфере образования, социальной политики и трансформации общественного сознания.

Ключевые слова: особые образовательные потребности, медицинская модель, социальная модель, инклюзия, Казахстан, общественное мнение, право, равенство, социальная справедливость, люди с инвалидностью

Annotation. This article examines the evolution of public opinion regarding people with special educational needs in Kazakhstan. In particular, the importance of the transition from a medical model to a social one is analyzed. The authors reveal the disadvantages of the traditional medical model and describe the advantages of the social model in ensuring inclusivity and equal rights. An analysis of barriers and opportunities on the way to creating an inclusive society in Kazakhstan will also be conducted. The article is devoted to topical issues in the field of education, social policy and transformation of public consciousness.

Keywords: special educational needs, medical model, social model, inclusion, Kazakhstan, public opinion, law, equality, social justice, people with disabilities

Қазіргі таңда Қазақстанда мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғау, олардың қоғам өміріне тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ету күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Ресми деректерге сүйенсек, елімізде мүгедектігі бар адамдардың 61% еңбекке қабілетті жаста. Алайда олардың басым бөлігі қоғамнан оқшауланған, инфрақұрылымға қол жеткізе алмайды және еңбек нарығына қатыса алмай отыр. Осы мәселені тереңірек түсіну үшін мүгедектікті түсіндірудің екі негізгі тәсілі медициналық және әлеуметтік модельдерге назар аудару қажет.

Соңғы жылдарды елімізде мүгедектігі бар адамдардың саны айтарлықтай артып келеді. Қазіргі таңда елімізде мүгедектікке негізінен медициналық модель арқылы қарайды. Медициналық модель мүгедектікті адам денсаулығы мен функционалды мүмкіндіктеріндегі кемшілік ретінде түсіндіреді. Бұл адамның мүмкіндіктерін емес, шектеулерін басты орынға қояды. Белгілі зерттеуші Майкл Оливер өзінің «The Politics of Disablement» атты еңбегінде медициналық модель мүгедектігі бар адамдарды «науқас» ретінде қабылдап, оларды пассивті көмек алушы ретінде шектейтінін атап көрсеткен [1]. Бұл модель мүгедектігі бар адамның емделуі мен оңалуын алдыңғы орынға қоя отырып, қоғамдағы тосқауылдарды ескермейді. Қазақстанда осы модельге негізделген жүйелер әлі де үстем және олар инклюзивті қоғамды дамытуға айтарлықтай кедергі келтіруде. Мысалы, мүгедектік анықтамасы тек диагнозға негізделеді, яғни адамның күнделікті өмірдегі қабілеті мен әлеуметтік ортасы ескерілмейді, тек медициналық тексеріс нәтижесі бойынша мүгедектік тобы тағайындалады.

Әлеуметтік модель мүгедектікті қоғамдағы тосқауылдар мен шектеулердің салдары ретінде қарастырады. Бұл тұжырымдаманы Том Шекспир «Disability Rights and Wrongs» атты еңбегінде жан-жақты сипаттап, мүгедектік - адамның шектеулі мүмкіндігі емес, оған қоғамның бейімделе алмауы екенін алға тартқан [2]. Бұл модель адамды емес, қоғамды өзгертуді мақсат етеді.

Әлеуметтік модель — мүгедектікті адамның физикалық немесе ақыл-ой қабілеттерінен емес, қоғамдағы кедергілерден туындайтын құбылыс ретінде қарастыратын көзқарас. Бұл модель мүгедектікті жеке адамның «кемшілігі» ретінде емес, қоғамның қолжетімсіз инфрақұрылымы, теріс көзқарасы мен кемсітуші қатынасы нәтижесінде пайда

болатын әлеуметтік мәселе деп түсіндіреді, яғни, әлеуметтік модельдің негізінде адамның қоғамға толыққанды қатысуына мүмкіндік беру мақсаты жатыр.

Медициналық модель мүгедектікті емделуге тиісті ақау ретінде қарап, адамның диагнозына басымдық береді. Мұндай көзқарас мүгедектігі бар адамды пассивті, көмекке мұқтаж тұлға ретінде сипаттайды. Ал әлеуметтік модель, керісінше, адамның қоғамдағы орны мен мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді.

Әлеуметтік модельдің келесідей негізгі артықшылықтары бар:

1. Адамды емес, ортаны өзгертуге бағытталған (мысалы, пандустар, қолжетімді көлік, инклюзивті білім беру);

2. Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың білімге, еңбекке және қоғамдық өмірге толық қатысуына жағдай жасай отырып инклюзивті қоғамды қамтамасыз етеді.

3. Диагноз емес, әлеует пен қабілетке мән беріледі, сәйкесінше мүгедектігі бар адамдарға қатысты теріс көзқарастар өзгереді, кемсітуді азайтады.

4. Қоғам тарапынан қолдау мен түсіністік болған жағдайда адам өзін бағалы әрі қажет тұлға ретінде сезінеді. Психоэмоционалдық қолдау мен өзіне деген сенімділік артады. Осылайша әлеуметтік модель мүгедектігі бар адамдарға тең құқықтар мен мүмкіндіктер берудің, инклюзивті қоғам құрудың негізі болып табылады. Бұл модель Қазақстанда да мүгедектікке деген көзқарасты жаңаша қалыптастыруға үлкен серпін береді [3].

Қазақстанда мүгедектігі бар адамдар қоғамға толық қатысу кезінде көптеген проблемаларға тап болып отыр. Бұл мәселені шешудің ең тиімді тәсілі мүгедектігі бар адамға науқас ретінде қарап оны оқшауламау, керісінше адамның қоғамдағы орны мен мүмкіндіктерін кеңейту, яғни әлеуметтік модельді негізге ала отырып, оны медициналық модельмен тең үйлестіру.

Бүгінде мүгедектігі бар адамдар білім, еңбек, көлік және медициналық қызметке қолжеткізуде біршама қиындықтарға тап болып отыр. Атап айтсақ:

1. Білім беру. Мектептердің инфрақұрылымы мен оқу құралдарының бейімделмеуі, сондай-ақ мұғалімдердің арнайы дайындықтарының жеткіліксіздігі басты кедергілердің бірі болып табылады.

2. Жұмыспен қамту. Қазақстанда еңбекке қабілетті мүгедек жандардың тек 25%-ы ғана жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш әлемдік стандарттармен салыстырғанда төмен. Мысалы: Германияда мүгедектерді жұмысқа орналастыруға ерекше көңіл бөлінген. Қазақстанда да осы бағытта заңнамалық өзгерістер енгізіліп, жұмыс берушілер үшін мотивациялық бағдарламалар ұсынылуы қажет.

3. Қоғамдық көлік және инфрақұрылым. Мүгедектігі бар адамдар қоғамдық көліктерді пайдалануда бірқатар кедергілерге ұшырайды. Бұл қоғамдық көліктердің техникалық жабдықталуынан басталып, олардың саны және жүргізушілердің өз міндетін толық атқармауы секілді

мәселелермен ушығады.

4. Қоғамдық орындарға қолжетімділік. Қала көшелері мүгедектер арбасын пайдаланушыларға, есту немесе көру қабілеті нашар жандарға бейімделмеген. Көптеген тұрғын үйлерде мүгедектер арбаларын түсіру және көтеру үшін бейімделген жеделсаты мен пандустар жоқ, сол себепті қамкөңіл жандардың өз беттерімен дүкен, аурухана, дәріханаларға баруға мұршасы жетпейді.

5. Ақпараттық қолжетімділік. Есту және көру бойынша бұзылыстардың көпшілігі радио мен теледидарлардағы ақпараттық және көркем бағдарламаларға қолы жете бермейді.

ҚР Үкіметі жоғарыда аталып өткен бірқатар мәселелерді шешу және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспарды қабылдады. Сондай-ақ Қазақстан БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын ратификациялаған. Бұл құжаттар әлеуметтік модель негізінде құқықтарды қамтамасыз етуді көздейді.

Қорыта келе, Қазақстанда мүгедектігі бар азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін медициналық модельден толықтай бас тартпай, оның пайдалы тұстарын сақтай отырып, әлеуметтік модельді белсенді түрде дамыту қажет. Бұл өзгеріс тек бір топқа ғана емес, тұтас қоғамға оң әсерін тигізеді. Себебі нағыз инклюзивті қоғам әр адамның құқығы мен мүмкіндігі ескерілген қоғам.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Oliver M. The Politics of Disablement. Macmillan. 1990
- 2.Shakespeare T. Disability Rights and Wrongs. Routledge. 2006
3. Лиходедова Л. Н. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. - Қарағанды, 2020

**ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН
ЖҮРГІЗІЛЕТІН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Оразова Ж.У.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, магистр
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: zorazova@zhubanov.edu.kz

Құлсариева А.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
6B01902 – Арнайы педагогика ББ 4-курс студенті
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Мақалада зияттық бұзылыстары бар бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастырылу ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар бұл санаттағы оқушылардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуындағы қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие және дамыту іс-шараларының маңыздылығына тоқталады. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстардың оқушылардың әлеуметтенуіне, қарым-қатынас дағдыларын дамытуына және шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпалы талданады. Мақалада педагогтерге арналған практикалық ұсыныстар да берілген.

Тірек сөздер: зияты зақымдалған оқушылар, бастауыш сынып, сыныптан тыс жұмыс, арнайы педагогика, даму ерекшеліктері, әлеуметтену, танымдық қабілет, тәрбие жұмысы, инклюзивті білім беру, әлеуметтік дағдылар.

Аннотация. В статье рассматриваются содержание и особенности организации внеклассной работы с учащимися начальных классов с интеллектуальными нарушениями. Авторы подчеркивают важность воспитательно-развивающей деятельности, соответствующей потребностям данной категории учащихся в их познавательном, социальном и эмоциональном развитии. Кроме того, анализируется влияние внеурочной деятельности на социализацию учащихся, развитие коммуникативных навыков и повышение творческой активности. В статье также представлены практические рекомендации для педагогов.

Ключевые слова: интеллектуальные учащиеся, начальный класс, внеклассная работа, Специальная педагогика, особенности развития, социализация, познавательные способности, воспитательная работа, инклюзивное образование, социальные навыки.

Annotation. The article discusses the content and features of the organization of extracurricular activities with primary school students with intellectual disabilities. The authors

emphasize the importance of educational and developmental activities that meet the needs of this category of students in their cognitive, social and emotional development. In addition, the impact of extracurricular activities on the socialization of students, the development of communication skills and increased creative activity is analyzed. The article also provides practical recommendations for teachers.

Keywords: intellectual students, primary school, extracurricular activities, Special pedagogy, developmental characteristics, socialization, cognitive abilities, educational work, inclusive education, social skills.

Зияты бұзылған балалардың математикалық дайындығы ерекше практикалық маңыздылыққа ие, өйткені күнделікті өмірде адам үнемі санауды және сандық шамалармен әртүрлі операцияларды жүргізуге мәжбүр. Баланың математикалық түсініктері, білім мен дағдыларды игеруі оның әлеуметтенуінің маңызды факторы болып табылады.

Зият бұзылысы бар балаларды оқыту әдістемесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Әдістемелік әдебиеттерде зияты бұзылған балаларды математикаға оқытудың ерекшеліктерін ашатын мәселелер жеткілікті қарастырылмаған. Сондықтан, бұл мәселенің теориялық және практикалық маңызы бар. Т.А.Власова, М.С.Певзнер, В.И.Лубовский, Н.А.Никашина, М.В.Ипполитова, Г.М.Капустина, Т.В.Егорова, М.Михайлюк және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде зият бұзылысы бар балалардың танымдық саланың дамуында өзіндік ауытқулар олардың қарапайым есептеу дағдыларында және әсіресе арифметикалық есептерді шешу қабілетінде айқын көрінетіндігі айтылған.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер зият бұзылысы бар балаларға математика оқыту практикасы ең қиын оқу пәні болып табылатындығын көрсетеді. Бұл қиындықтар тақырыптың ерекшелігімен де, осы санаттағы балалардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерімен де түсіндіріледі.

В.В.Эк зият бұзылысы бар бастауыш сынып оқушылары үшін математиканы меңгеру үлкен қиындықтар туғызатын айта келе, олардың себептері ең алдымен олардың танымдық және эмоционалдық-еріктік саласының даму ерекшеліктерімен байланысты екенін түсіндіреді [1].

Математикадан сыныптан тыс сабақтарын өткізу-бұл балалардың негізгі білім мен дағдыларды игеруіне ықпал ететін арнайы пропедевтикалық жұмыс. Ол практикалық жаттығуларды, ойындарды, өнімді іс-әрекеттің элементтерін қолдануға негізделген. Сыныптан тыс жұмыстар - зиятында бұзылысы бар балалардың тиімді дамуына ықпал ететін, оның дамуына кедергі келтіретін ауытқуларды жеңуге көмектесетін іс-шаралар.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру кезінде келесі дидактикалық қағидалар ескеріледі:

1. Саналылық пен белсенділік қағидасы. Білімді игеруге деген қажеттілік пен қызығушылықты оятуға ықпал ететін әртүрлі әдістерді қолдану.

2. Көрнекілік қағидасы. Көрнекілік оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады және оқу процесін жеңілдетеді.

3. Қол жетімділік қағидасы. Оқу процесінде нақты материалды қолдану оның түсінікті түсіндірмесі, өмірмен байланысы. Ақыл-ой әрекетінің жеке ерекшеліктері, сондай-ақ олардың дайындығы мен даму деңгейі ескерілу керек. Оқылатын материал балалардың ақыл-ой, психологиялық, физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып жасалуы керек.

4. Жүйелілік пен бірізділік қағидасы. Оқушылардың білім, білік, дағдыларды игеруі белгілі бір жүйені білдіруі керек, ал оларды қалыптастыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылады [2].

Кез-келген мектепте балалардың сыныптан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру әрдайым мұғалімдердің маңызды қызметінің бірі. Балалармен сабақтардан басқа, олармен еркін ортада қарым-қатынас жасау олардың дамуы мен тәрбиесі үшін маңызды және

балалармен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімге оның жұмысының қажеттілігін, оның әлеуметтік маңыздылығын сезінуге мүмкіндік береді.

В.В. Воронкова сыныптан тыс жұмыстың басты міндеті оқушыларды жан-жақты дамыту болып табылатынын атап өтті. Оның пікірінше, сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты зияты бұзылған балалардың сабақта алған білімдерін бекітіп, оларды өмірге дайындау және өз бетінше жұмыс істей білуге бағыттау. Олай болса, сыныптан тыс жұмыс деген не? Сыныптан тыс жұмыстың сынып-сабақ жүйесінен қандай ерекшеліктері бар? Осыны талдайық.

Сыныптан тыс жұмыс туралы көптеген анықтамалар бар. Біз өз зерттеуіміздің мазмұнына қарай И.А.Каировтың сыныптан тыс жұмысқа берген анықтамасын басшылыққа алдық. Оның пікірінше, сыныптан тыс жұмыстар - бұл оқушылардың білімін, дағдыларын, жеке қабілеттерін дамыту және тереңдету үшін, сондай-ақ олардың демалысын қызықты ұйымдастыруға бағытталған мақсатты сабақтар.

Сыныптан тыс жұмыстарды өткізудің негізгі мақсаттары:

- ✓ оқушылардың танымдық процестерін дамыту (зейін, қабылдау, қиял, ойлау, есте сақтау);
- ✓ эмоционалды-ерікті саланы түзету және дамыту;
- ✓ қарым қатынас дағдыларын қалыптастыру және әлеуметтік бейімделу;
- ✓ ақыл-ой әрекетін түзету және дамыту (талдау және синтез операциялары, логикалық және себеп-салдарлық байланыстарды орнату);
- ✓ оқуға, пәнге деген қызығушылықты дамыту.

Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі міндеттері:

- ✓ зияты зақымдалған балалардың танымдық процестері мен мүдделерін дамыту;
- ✓ танымдық қызметтің кемшіліктерін түзетуге ықпал ету;
- ✓ сөздік қорын байыту және жандандыру;
- ✓ бірлескен қызметте жалпы шешімге келу қабілетін қалыптастыру;
- ✓ тапсырмаларды орындау кезінде тәуелсіздік пен табандылыққа тәрбиелеу [3].

Сыныптан тыс жұмыстың сынып-сабақ жүйесінен бірқатар өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар.

- ✓ Сыныптан тыс жұмыстар балалармен оқу-тәрбие жұмысының қосымша нысаны ретінде әрекет етеді.
- ✓ Сыныптан тыс жұмыс – бұл оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен оны дамыту үшін мұғалімнің басшылығымен және олардың қызығушылықтарына негізделген.

Кесте 1. Сыныптан тыс жұмыстың ерекшеліктері

Ерекшеліктері	Сынып-сабақ жүйесі	Сыныптан тыс жұмыс
Жұмыс мазмұны	Оқу бағдарламасы анықтайды	Регламенттелмеген оқу бағдарламасы
Уақыты	қатаң регламенттелген-40 мин	Уақытпен шектелмейді (үйірме сабақтары мүмкін 20-30 минут ішінде өтуі мүмкін. Ертеңгіліктер 1 сағатқа дейін созылады.
Формасы сабақтың түрлері	Сабақ	Әртүрлі формалары бар
Оқушы құрамы	Тұрақты және біртекті құрам	Сыныптан тыс жұмысқа бір жастағы және әртүрлі жастағы балалар қатыса алады
Қатысым	Міндетті	Ерікті

Сынып-сабақ жүйесіне үй тапсырмасы бойынша жұмыс кіреді, оған бақылау, ақпарат іздеу, практикалық жұмыс кіреді. Себебі ол оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру нысаны ретінде мемлекеттік бағдарламада белгіленген оқу міндеттерін шешу қажеттілігіне байланысты. Ол міндетті болып табылады. Сабақта өткізілетін оқу-тәрбие жұмысы мен сыныптан тыс жұмыс арасында өзара байланыс бар: оқу сабақтары оқушылардың білімге деген қызығушылығын дамыта отырып, сыныптан тыс жұмыстарды өрістетуге ықпал етеді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушыларға сабақта алған білімдерін кеңейтуге және тереңдетуге, оларды іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың үлгерімін арттыруға және математиканы оқыту процесіне қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Оқыту әдістемесінде сыныптан тыс жұмыстың екі түрі бар:

1. Бағдарламалық материалды оқудан қалып қойған оқушылармен жұмыс (сабақтан кейінгі қосымша сабақтар);

2. Математикаға жоғары қызығушылық танытатын және тиісті қабілеттері бар оқушылармен жұмыс.

Белгіленген және жүйелі түрде жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың сабақта алған математикалық білімдерін нығайтады, ой-өрісін кеңейтеді. Ол үшін сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда мыналарды ескеруі керек:

1. Сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі түрлерін қолдану мүмкіндігі;

2. Сыныптан тыс жұмыстарды ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігі;

3. Сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстардың өзара байланысы, олардың бір-біріне мақсатты әсер етуін қамтамасыз ету.

Сыныптағы және сыныптан тыс жұмыстардың өзара байланысы екі түрде жүзеге асырылуы мүмкін: дамытушылық және жетілдірілген. Дамытушылық формасы сабақта бағдарламалық материалды ұсынуды қарастырады, онда білім алушылар сыныптан тыс жұмыстарда осы мәселені тереңірек зерттеуді қажет етеді, ал сыныптан тыс жұмыстарда білім алушылардың алған білімдері кейінгі сабақтардың мазмұнын саналы түсінуге көмектеседі. Жетілдірілген түрде тақырып алдымен сыныптан тыс жұмыстарда, содан кейін сабақтарда зерттеледі, бұл кейінгі сыныптан тыс жұмыстарда осы мәселе бойынша білімдерін одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді [4].

Сыныптан тыс математика сабақтарын бүкіл сыныппен және жеке оқушылармен өткізуге болады. Бұл сыныптардың мазмұны басқа сыныптардан айтарлықтай ерекшеленеді. Бүкіл сыныппен сыныптан тыс жұмыстар үшін оқушылардың көпшілігі орындай алатын материал таңдалады, бірақ ол сабақтарда ұсынылатын тапсырмалар мен жаттығуларды қайталамауы керек, ал жеке оқушылармен сыныптан тыс жұмыстар күрделірек тапсырмалар ұсынуға болады. Балалар сыныпта көрген және қызықты нәрселерінің барлығын жолдастарымен, мұғалімімен, ата-аналарымен бөлісуі керек. Оқу материалын оқудағы қиындықтар бастауыш сынып оқушыларының оқу, танымдық іс-әрекетін дамытудың негізі болып табылады.

Зият бұзылысы бар бастауыш сынып оқушыларының күнделікті өмірге қажетті математикалық білім, дағдылар жүйесін игеруіне қол жеткізу, олардың өмір бойы игілігіне айналатындай берік ету - математиканы оқытудың негізгі міндеті болып табылады. Демек, сыныптан тыс жұмыстарды оқушылардың пәнге деген қызығушылығын дамыту, білім сапасын арттыру құралы ретінде қарастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Эк В.В. Обучение математике учащихся младших классов специальных (коррекционных) образовательных учреждений VIII вида. - М.: Просвещение, 2005. - 221 с.

2. Кордемский Б.А. Увлечь школьника математикой: материал для классных и внеклассных занятий. – М.: Просвещение, 2007. – 112с.

3. Байрамукова П.У. Внеклассная работа как средство совершенствования математических знаний учащихся начальных классов общеобразовательной школы. – М., 2015

4. Елисеева И.Г. Зерде бұзылыстары бар оқушыларды математикаға оқыту үдерісін жоспарлау. – Алматы, 2011. - 206 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ – ЕРІКТІК САЛАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оразова Ж.О.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, магистр
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: zorazova@zhubanov.edu.kz

Сарсенханова А.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: sarsenkhanovaa19@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың эмоциялық-еріктік саласының даму ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар мұндай балаларда жиі кездесетін эмоционалдық тұрақсыздық, зейіннің әлсіздігі, ерік-жігердің жеткіліксіздігі сынды мәселелерді сипаттап, олардың себептерін түсіндіреді. Сондай-ақ, эмоциялық-еріктік дамуды қолдауға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру жолдары мен педагогикалық-психологиялық әдістері ұсынылады. Мақала арнайы білім беру саласындағы мамандарға арналған ғылыми-тәжірибелік негіз ретінде қызмет етеді.

Тірек сөздер: психикалық дамуы тежелген балалар, мектепке дейінгі жас, эмоциялық-еріктік сала, даму ерекшеліктері, түзету-дамыту жұмысы.

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности развития эмоционально-волевой сферы детей с задержкой психического развития (ПДТ) в дошкольном возрасте. Авторы описывают такие проблемы, как эмоциональная нестабильность, слабость внимания, недостаток силы воли, которые часто встречаются у таких детей, и объясняют их причины. Также будут предложены пути организации и педагогико-психологические методы коррекционно-развивающей работы, направленные на поддержку эмоционально-волевого развития. Статья служит научно-практической основой для специалистов в области специального образования.

Ключевые слова: дети с задержкой психического развития, дошкольный возраст, эмоционально-волевая сфера, особенности развития, коррекционно-развивающая работа.

Annotation. This article examines the features of the development of the emotional and volitional sphere of children with mental retardation (PDT) in preschool age. The authors describe problems such as emotional instability, lack of attention, and lack of willpower, which are common in such children, and explain their causes. Ways of organizing and pedagogical and psychological methods of correctional and developmental work aimed at supporting emotional and volitional development will also be proposed. The article serves as a scientific and practical basis for specialists in the field of special education.

Keywords: children with mental retardation, preschool age, emotional and volitional sphere, developmental features, correctional and developmental work.

Адам өміріндегі маңызды нәрсе - басқа адамдардың сезімдерін түсіну қабілеті, өйткені бұл қауіпсіз өзара қарым-қатынастың қайнар көзі. Балаларда эмпатия сезімі бастапқыда қалыптасады. Эмоциялар эволюция процесінде барлық тіршілік иелеріне ағзаның ішкі күйінің және оған сыртқы әсерлердің биологиялық маңыздылығын анықтауға мүмкіндік беретін құрал ретінде пайда болды. Эмоционалды күйлер мен процестерді зерттеу және пайда болу мәселесі бұрыннан қызықтыра бастады. 1872 жылы эмоциялар функционализмінің жақтаушысы болған Чарльз Дарвин биологиялық және психологиялық құбылыстардың тығыз байланысын түсінуде бетбұрыс болған "адам мен жануарлардағы эмоциялардың көрінісі" атты еңбегін жазды [1].

Ғылыми әдебиеттерді талдау қазіргі заманғы шетелдік зерттеушілер эмоциялардың даму мәселесімен айналысқанын көрсетеді. Олардың ішінде физиологиялық процесс тұрғысынан эмоциялардың дамуын қарастырған Уильям Джемс пен Карл Ланге, Стэнли Шехтер мен Джефферсон Сингер эмоцияларға когнитивті, ал Ричард Лазарус мотивациялық компонент қосты.

Ресей ғалымдары Л.С.Выготский, Б.И.Додонов, А.В.Запорожец, Е.П.Ильин, С.Т.Джанерьян, Г.А.Ковалев, А.Н.Леонтьев, А.Е.Ольшанникова, Д.Б.Эльконин және басқалары эмоциялық-еріктік саланың дамуын зерттеумен айналысты. Л.С.Выготскийдің идеялары аясында Л.И.Божовичтің басшылығымен жүргізілген жұмыстарда эмоциялардың проблемалық рөлі туралы айтылады.

Мектепке дейінгі балалық шақ – бұл адам өміріндегі өте қысқа кезең, тек алғашқы бес жыл. Осы кезеңде даму бұрынғыдан да тез жүріп, бала психикасының барлық аспектілері дамиды. Мектепке дейінгі жастағы психикалық дамудың негізгі бағыттарының бірі - жеке тұлғаның негіздерін қалыптастыру. Бала өзінің «Менін», белсенділігін сезінеді, өзін объективті бағалай бастайды. Бала өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін басқаруды, оның нәтижесін болжауды және орындалуын бақылауды үйренеді. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды өмірі күрделене түседі, эмоциялардың мазмұны байытылады, жоғары сезімдер қалыптасады.

П.К.Анохин эмоцияларды (қоздыру, толқыту) - айқын субъективті бояуы бар адамның сезімдері деп анықтады.

П.В.Симоновтың эмоциялар теориясына сәйкес, эмоцияның пайда болуын прагматикалық ақпараттың тапшылығымен түсіндіреді, яғни теріс боялған прагматикалық ақпарат: жиіркеніш, қорқыныш, ашу және т.б. тудырса, оң боялған ақпараттар қызығушылық, қуаныш сияқты эмоцияларды көрсетеді. Белгілі психолог С.Л.Рубинштейн біздің назарымызды адам баласы өзінде нақты жағдайда не болып жатқанын бастан кешіргенде ғана сезінетінін айтып өтеді.

С.Л.Рубинштейн эмоцияның үш деңгейін ажыратады:

➤ Органикалық эмоционалды-аффективті сезімталдық деңгейі. Бұл деңгейге физикалық сезімдер негізінен органикалық қажеттіліктерге байланысты болады, мысалы, қанағаттанбау, ләззат алу, қуану.

➤ Заттық іс-әрекетке және заттық қабылдауға сәйкес келетін сезімдер.

➤ Жалпыланған сезімдер: жоғары сезім, әзіл, ирония, қайғылы сезім [2].

С.Л.Рубинштейннің айтуы бойынша, аффект – бұл жарылғыш сипаттағы жарқын және тез жүретін эмоционалды процесс, ол саналы ерікті бақылауға бағынбайтын разрядты бере алады.

XX ғасырдың басында «ерік» ұғымы өзін-өзі бақылау әдісі ретінде қарастырылды. Американдық ғалымдар «ерік» ұғымының орнына «мінез-құлықтың табандылығы» деген ұғымды пайдаланды. А.Адлер, К.Г.Юнг, К.Хорни, Э. Фромм ерік-жігерді әлеуметтік факторлармен байланыстырады. Қазіргі кезде ерік туралы психологиялық зерттеулер өте көп және олар әртүрлі ғылыми бағыттарда көрініс табады.

Ерік – адамның белгілі бір іс-әрекетке мақсат қоюынан басталатын қабілеті. Ол тікелей мінез-құлықпен байланысты, себебі ол адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын, әрекетін саналы түрде игеруінен пайда болады.

Ерік адам баласының даму кезеңдерінде біртіндеп қалыптасатын күрделі процесс. Еріктің ең бастамасы тілек не ниет. Мысалы, «әдемі сурет салсам» бұл адамның тілегі, бірақ нені салады, немен салады, қалай салады оның нақты жоспары белгіленбеген. Адамның тілегі ерікпен байланысты, бірақ кейде адам күші жетпейтін мақсатты қойып, оны орындау кезінде көптеген кедергілерге ұшырайды, көңілі қалады. Белгілі бір ұстанымы, өзіне деген сенімі бар адам қалайда алға қойған мақсатқа қол жеткізеді.

Ерікті әрекеттер еріксіз қозғалыстар мен әрекеттер негізінде дамиды. Еріксіз қозғалыстардың ең қарапайымдары рефлексорлық болып табылады: жыпылықтау, жұту, түшкіру, дыбысқа қарай еріксіз бастың бұрылуы және т.б. жатады.

Мінез-құлық, іс-әрекеттер сияқты, еріксіз немесе ерікті болуы мүмкін. Еріксіз мінез-құлық түріне негізінен импульсивті әрекеттер және бейсаналық, жалпы реакция мақсатына бағынбайтын, мысалы, терезенің сыртындағы шу жатады. Еріксіз әрекеттерге қарама-қарсы, адамның мінез-құлқына тән саналы әрекеттер мақсатқа жетуге бағытталған. Саналы әрекеттер ерікті мінез-құлықты сипаттайды [3].

Ерікті мінез -құлықтың тағы бір маңызды белгісі - оның ішкі немесе сыртқы кедергілерді жеңумен байланысы. Ішкі немесе субъективті кедергілер адамның осы әрекетті орындамауға немесе оған қарама-қарсы әрекеттерді орындауға бағытталады. Мысалы, оқушы ойыншықтармен ойнағысы келеді, бірақ сонымен бірге кейін оны қайта жинауы керек. Ішкі кедергілер шаршау, көңіл көтеруге деген ұмтылыс, жалқаулық және т. б. болуы мүмкін. Сыртқы кедергілердің мысалы ретінде, жұмыс үшін қажетті құралдың болмауы немесе мақсатқа қол жеткізгісі келмейтін басқа адамдарға қарсы тұру болуы мүмкін.

Тілек әрқашан бірден жүзеге асырыла бермейді. Адам кейде бірден бірнеше сәйкес келмейтін және тіпті қарама-қайшы тілектерге ие болады және олардың қайсысын жүзеге асыратынын білмей, өте қиын жағдайға тап болады. Бірнеше тілектердің немесе бірнеше түрлі іс-әрекетке деген ұмтылыстардың соқтығысуымен сипатталатын психикалық күй әдетте мотивтердің күресі деп аталады. Мотивтердің күресі адамның белгілі бір бағытта әрекет ету қажеттілігін жақтайтын және қарсы болатын негіздерді бағалауды, қалай әрекет ету керектігін ойластыруды қамтиды. Мотивтер күресінің соңғы нүктесі-мақсат пен әрекет ету әдісін таңдаудан тұратын шешім қабылдау. Шешім қабылдаған кезде адам нақты шешімді көрсетеді; бұл жағдайда ол әдетте оқиғалардың одан әрі барысы үшін жауапкершілікті сезінеді.

Баланың барлық іс-әрекеттері, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы эмоционалды саланың дамуына ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі бала өзінің сезімдерін ғана емес, айналасындағы адамдардың тәжірибесін де түсінуді үйренеді. Ол эмоционалды күйлерді мимика мен пантомимика арқылы олардың сыртқы көріністерімен ажырата бастайды. Бала әдеби кейіпкерге жанашырлық таныта алады, эмоционалды күйлердің барлық түрлерін сюжеттік-рөлдік ойында жеткізе алады. Мектеп жасына дейінгі баланың сезімдері еріксіз. Олар тез жанып айқын көрінеді және тез сөнеді. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалар өз тәжірибесін басқара алмайды. Сондықтан балалар ересектерге қарағанда көңіл-күйдің өзгеруіне көбірек бейім. Олардың көңіл көтеруі де, ренжуі де оңай.

Мектеп жасына дейінгі балалардағы эмоциялар мен сезімдердің дамуы көптеген жағдайларға байланысты. Эмоциялар мен сезімдер баланың айналасындағы ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас процесінде қалыптасады. Бала неғұрлым жас болса және оның дәрменсіздігі соғұрлым маңызды болады [4].

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық-еріктік саласын дамыту мүмкіндіктеріне көп көңіл бөлінеді. Балаларға өздері және басқа адамдар қандай

эмоцияларды сезінетінін көруге, дұрыс түсінуге, есте сақтауға дұрыс көмектесу өте маңызды.

Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балаларда эмоциялық-еріктік саласының артта қалушылығы байқалады, олардың айқын көріністері эмоционалды тұрақсыздық, көңіл-күйдің өзгеруінің жеңілдігі және эмоциялардың қарама-қарсы көріністері болып табылады. Олар оңай және бақылаушының көзқарасы бойынша көбінесе мотивациясыз күлкіден жылауға және керісінше ауысады. Өз зерттеулерінде М.М.Семаго мен Н.Я.Семаго баланың психикалық белсенділігінің қайнар көзі аффективті өзін-өзі реттеудің күрделі ұйымдастырылған және көп деңгейлі жүйесі екенін атап өтті [5]. Себебі ол баланың эмоционалды бақылау дәрежесін де, эмоционалды рефлексия дәрежесін де қалыптастырумен тікелей байланысты. Эмоция-бұл бар немесе мүмкін жағдайларға субъективті бағалау қатынасын көрсететін психикалық процесс. Эмоциялар эмоционалды процестердің басқа түрлерінен ерекшеленеді: аффекттер, сезімдер мен көңіл-күйлер. Белгілі бір ортадағы заттарға реакция ретінде көрінетін эмоциялар бастапқы әсерлермен байланысты. Бір нәрсенің алғашқы әсері тек эмоционалды сипатта болады, мысалы, оның кез-келген сыртқы ерекшеліктеріне қорқыныш, ашу немесе қуаныш [6].

Сезім-бұл эмоциядан гөрі күрделі нәрсе. Бұл адамның не білетініне, не істеп жатқанына, оның қажеттіліктерінің объектісіне тұрақты, тұрақты қатынасы. Сезімдер айлар мен жылдармен өлшенетін тұрақтылық пен ұзақтықпен сипатталады. Сезімнің күрделілігі оның эмоциялардың тұтас ауқымын қамтитындығында.

Эмоциялардан айырмашылығы, сезімдер тек адамға ғана тән. Олар әлеуметтік шартты сипатқа ие және эмоционалды-мәдени даму шеңберінде адамның ең жоғары жаратылысын көрсетеді. Сезімдердің көрінісі арқылы адамның қоршаған ортаның нақты объектілеріне эмоционалды қатысуын нақтылауға, оның моральдық-этикалық идеяларды анықтауға болады.

Қорыта келе, психикалық даму толық қалыптаспаған кезде мектеп жасына дейінгі балада ойын қызметіне деген сараланған қызығушылық болмайды немесе өте аз болады және жоғарыда анықталған сипаттамалар бір уақытта психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық-еріктік саласының бұзылуын бағалау параметрлері болып табылады. Эмоционалды және жақсы байланыстар жеткіліксіз болса, баланың өмірінің соңына дейін эмоционалды дамудың кешігуі сақталуы мүмкін. Сондықтан мұғалім әрбір жеке баламен тығыз эмоционалды байланыс орнатуға тырысуы керек. Басқа адамдармен қарым-қатынас олардың іс-әрекеттеріне нәзіктік, қуаныш, жанашырлық, ашу және басқа да көптеген тәжірибелер қалыптастырады. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың сезімдерінің маңызды көзі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дарвин Ч.Р. О выражении эмоций у человека и животных: перевод с английского / Ч. Р. Дарвин, П. Экман. – СПб.: Питер, 2013. – 315 с.
2. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. – СПб. : Питер, 2002.
3. Жарықбаев Қ.Б., Саңғылбаев О.С. Психология: Энциклопедиялық сөздік–Алматы, 2011. – 624 б.
4. Тебенова К.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. – Алматы., 2011
- 5.Семаго Н.Я., Семаго М.М. Проблемные дети: Основы диагностической и коррекционной работы психолога.// М.: АРКТИ. – 2000. – Т. 208. – С. 7.
6. Жұмасова К., Есенова Л. Психология. - Астана: Фолиант, 2017. - 400 б

ЖЕҢІЛ ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ: ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Оразова Ж.О.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Психология және арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: zorazova@zhubanov.edu.kz

Төлеуғазиева Ж.Ә.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 – Арнайы педагогика ББ 1- курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың арифметикалық есептерді шешу қабілетін дамыту процесі зерттеледі. Зерттеу барысында жеңіл және орташа деңгейдегі зерде бұзылысы бар балалардың оқу әрекеттерінің ерекшеліктері мен оқу дағдыларын қалыптастыру әдістері қарастырылады. Мәтіндік арифметикалық есептерді шешу мысалында оқушылардың есеп шығару барысында кездесетін қиындықтары мен бұл қиындықтарды жеңуге арналған тиімді әдістемелер талданады. Сонымен қатар, оқушылардың арифметикалық дағдыларын қалыптастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер, атап айтқанда, тапсырмаларды саралау, көрнекі құралдарды пайдалану және ойын әдістері қарастырылады. Мақала зерде бұзылысы бар балаларға арналған математиканы оқытуда маңызды педагогикалық бағыттарды айқындайды.

Тірек сөздер: жеңіл зерде бұзылысы, арифметикалық есептер, оқу әрекеттері, оқу дағдылары, әдістемелік тәсілдер, мәтіндік есептер, оқыту әдістері, қиындықтарды жеңу, саралау, көрнекі құралдар, ойын әдістері.

Аннотация. В данной статье исследуется процесс развития способности учащихся с легким нарушением интеллекта решать арифметические задачи. В ходе исследования рассматриваются особенности учебной деятельности и методы формирования навыков чтения у детей с нарушениями интеллекта легкой и средней степени тяжести. На примере решения текстовых арифметических задач анализируются трудности, с которыми сталкиваются учащиеся при решении задач, и эффективные методики преодоления этих трудностей. Кроме того, рассматриваются методы и приемы, используемые при формировании арифметических навыков учащихся, в частности, дифференциация заданий, использование наглядных пособий и игровых приемов. Статья определяет важные педагогические направления в обучении математике для детей с нарушениями интеллекта.

Ключевые слова: легкое нарушение интеллекта, арифметические задачи, учебные действия, навыки чтения, методические приемы, текстовые задачи, методы обучения, преодоление трудностей, дифференциация, наглядные пособия, игровые приемы.

Annotation. This article examines the process of developing the ability of students with mild intellectual disabilities to solve arithmetic problems. The study examines the features of learning activities and methods of developing reading skills in children with mild and moderate intellectual disabilities. Using the example of solving text arithmetic problems, the difficulties faced by students in solving problems and effective methods of overcoming these difficulties are analyzed. In addition, the methods and techniques used in the formation of students' arithmetic skills are considered, in particular, the differentiation of tasks, the use of visual aids and game

techniques. The article defines important pedagogical directions in teaching mathematics to children with intellectual disabilities.

Keywords: mild intellectual impairment, arithmetic tasks, learning activities, reading skills, methodological techniques, text tasks, teaching methods, overcoming difficulties, differentiation, visual aids, game techniques.

Еліміздегі білім беруді жақсарту жағдайында ерекше қажеттілігі бар балаларға сапалы білім беру негізгі бағыттардың бірі болып отыр. Осыған байланысты білімді қалыптастырудың жаңа, ұтымды жолдарын іздеу, сондай-ақ оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың құралдары мен әдістерін жетілдіру арқылы оқу процесінің маңызы артады.

Жалпы жеңіл зерде бұзылысы бар балаларды оқыту мен қарапайым математикалық қабілеттерін дамытудың бірқатар ерекшеліктерін атап өтуге болады. И.М. Бгажнокова, В.В. Воронкова, А.Н. Граборов, Т.В. Егоров, И.Г. Еременко, Ю.Т. Матасов, Б.Н. Пинский, И.М. Соловьев және басқалардың еңбектерінде оқу дағдыларын қалыптастырудың, сонымен қатар жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың алған білімдерін өмірлік жағдайларды шешуде пайдаланудың рөлі атап көрсетілген. Бұл туралы А. Бинет өз еңбектерінде жазды. Бұл, ең алдымен, оқушыларда талдау, салыстыру, жалпылау процестерін дамытады (сатып алу құны, жол жүру уақыты, қашықтық және т.б.) [1].

Осы бағытта математика оқу пәні ретінде, соның ішінде арифметикалық есептерді шешуге үйретуде маңызды рөл атқарады. Арнайы педагог балаларға өмірдің өзі күнделікті міндеттер қоятынын және мұндай міндеттерді шеше білуі - өзін қоршаған әлемде бағдарлауға дайындау екенін көрсетеді. Есептерді шеше отырып, балалар көптеген математикалық ұғымдардың нақты өмірде, адамдардың тәжірибесінде маңызды екеніне көз жеткізеді. Арифметикалық есептерді шешу оқу әрекеттерін нақтылауға және түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, арифметикалық есептер ойлау қабілетін кеңейтіп, оларды қоршаған орта туралы жаңа мәліметтермен таныстырады.

Жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың ерекшеліктерін зерттеу саласындағы мамандар жүргізген зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, оларға тән келесі белгілерін көре аламыз:

- жүйке-психикалық функциялардың дамымауы кезінде абстрактілі ойлау формаларының тұрақты жеткіліксіздігі орын алады;

- интеллектуалды ақаудың, моториканың, сөйлеудің, қабылдаудың, есте сақтаудың, зейіннің, эмоционалдық саланың, ерікті мінез-құлықтың бұзылуымен үйлесуі;

- танымдық іс-әрекеттің дамымауы логикалық ойлаудың жеткіліксіздігінде көрінеді, көрнекі-тиімді ойлау, психикалық процестердің қозғалғыштығының бұзылуы [2];

Сондай-ақ, әртүрлі пәндік жиындармен әрекет ету тәжірибесінің жеткіліксіздігі арифметикалық есептерді шешу дағдыларын игеруде айтарлықтай қиындықтар туғызады. Жеңіл зерде бұзылысы бар балалардың күнделікті өмірде және болашақ мамандықта қажетті қол жетімді математикалық білім, дағдылар жүйесін игеруіне қол жеткізу, олар өмір бойы оқушылардың меншігіне айналатындай берік, математиканы оқытудың негізгі жалпы білім беру міндеті. Мектептегі оқу кезеңінде оқушылар келесі математикалық білім мен практикалық дағдыларды алуы керек:

- натурал сан, нөл, натурал сандар қатары, жай және ондық бөлшектер туралы идеялар;

- негізгі шамалар (кесіндінің ұзындығы, құны, заттардың массасы, фигуралардың ауданы, денелердің сыйымдылығы мен көлемі, уақыты), шамалардың өлшем бірліктері және олардың арақатынасы туралы түсінік;

- өлшемдердің, уақыт өлшемдерінің метрикалық жүйесін білу және оларды іс жүзінде қолдана білу;

- қарапайым өлшеу дағдылары, құралдарды қолдана білу (сызғыш, өлшеуіш кружка, таразы, сағат және т. б.);

- көп таңбалы сандар мен бөлшектермен төрт негізгі арифметикалық әрекетті шығара білу;
- қарапайым және күрделі (3-4 әрекетте) арифметикалық есептерді шеше білу;
- жазықтықтар мен көлемді геометриялық фигуралар туралы түсінік, олардың қасиеттерін білу, осы фигураларды сызу құралдарының көмегімен салу (сызғыш, циркуль, сызба квадраты, транспортир) [3].

Математиканы оқыту барысында балалар сөйлеуі дамиды, нақты математикалық терминдермен және олардың сөздік өрнектерімен байытылады. Олар өз іс-әрекеттеріне түсініктеме беруді, есепті шешу, арифметикалық әрекеттерді орындау немесе геометрия бойынша тапсырмалар туралы толық ауызша есеп беруді үйренеді. Мұның бәрі жеңіл зерде бұзылысы бар балалардың өз іс-әрекеттері туралы көбірек хабардар болуды талап етеді, олардың іс-әрекеттері жалпыланған сипатқа ие болады. Бұл жеңіл зерде бұзылысы бар мектеп оқушыларының ойлау қабілетінің кемшіліктерін түзету үшін үлкен маңызға ие.

Жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың есептерді шешуге байланысты пайда болатын қиындықтар туралы зерттеуге және оны қалыптастыруды оңтайландыратын тәсілдерді әзірлеуде А.П. Антропов, И.В. Зыгманова, Р.А. Исенбаева, Н.Ф. Кузьмина, М.Н. Перова секілді бірқатар кеңестік ғалымдардың жұмыстары маңызды орын алды [4].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, нақты мәселе арифметикалық есептерді шешуді оқытудың ерекшеліктерін зерттеу және әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде зерде бұзылысы бар оқушылардың арифметикалық есептерді шешу қабілетінің қалыптасу деңгейін зерттеу болып табылады.

Осы мәселе бойынша жеңіл зерде бұзылысы бар оқушыларға арналған бағдарлама аясындағы арифметикалық есептерді оқыту тәсілдерін қарастыра аламыз. М.Н. Перова және В.В.Эк 1-ден 4-ке дейінгі дайындық сыныптарындағы даму ерекшеліктері бар балаларға арналған бағдарламалар жинағына енгізілген [5.6].

Бағдарламада:

- арифметикалық есептерді оқытудың мақсаттары, айырмашылықты, туындыны, бөлікті табуға байланысты міндеттерді, сондай-ақ қалдықты табуға, сандық деректерді жазуға, тапсырманың шарты мен мәселесін бөлуге байланысты міндеттерді шешу әдістері қарастырылды;

- оқу жылдары бойынша математика жоспары, бірінші сыныпта тапсырманың құрылымын талдау көрсетілген. Тапсырманың шарты қандай, тапсырма мәселесі қандай. Екінші сыныпта балалар күрделі тапсырмалармен танысады. Олар "көп", "аз" сияқты өрнектерді, сонымен қатар "қосу" және "азайту" орындауды қажет ететін күрделі есептерді қолдана отырып шеше бастайды. Үшінші сыныпта балалар "көбейту" мен "бөлуге" мысалы, тең бөліктерге бөлу, көбейту және бөлуді қамтитын күрделі есептерді шешуді жалғастырады. Төртінші сыныпта оқушылар санның бірнеше есе өсуіне немесе азаюына байланысты есептерді шешеді, мысалы, "2 есе көп", "3 есе аз".

Арифметикалық есепті шешу әдістемесінде келесі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

- 1) есептің мазмұнымен жұмыс, оқушылар есептің мазмұнын, тапсырманың деректері мен сұрақ арасындағы байланысты түсінеді;

- 2) есептің шешу жолын табу- мұнда оқушылар тапсырма бойынша сұрақтарға жауап береді, қажетті арифметикалық әрекетті таңдайды;

- 3) оқушылар нақты тапсырманы орындап, есептің шешімін жазады, яғни, тапсырманы шешу процесі жазбаша түрде жүзеге асырылады.

- 4) қысқа немесе толық болуы мүмкін жауапты тұжырымдау;

- 5) шешімін тексеру, яғни жауаптың шынайылығын жауаптың тапсырманың шарты мен сұрағына сәйкестігін тексереді;

- 6) шешілген тапсырма бойынша кері байланыс, шешілген есеп бойынша қосымша сұрақтар қояды, оларды шешімнің барлық қадамдарын ауызша қайталауға шақырады.

Жеңіл зерде бұзылысы бар балаларды арифметикалық есептерді шешуге үйрету кезінде қолдануға болатын көптеген әдістер бар. Оларға:

- Екі тапсырманың мәтіндерін салыстыру әдісі: Бұл әдіс оқушыларға

тапсырмаларды мұқият оқуға және олардың құрылымын түсінуге үйретеді. Тапсырмалардың мәтіндерін салыстыру кезінде оқушыларға келесі сұрақты қою ұсынылады: «Тапсырмалар қалай ұқсас және қалай ерекшеленеді?». Мысалы, егер екі тапсырмада да есептер мен сандық деректер ұқсас болса, оқушылар олардың айырмашылықтарын тауып, сәйкес шешімдерді шығарады. Бұл әдіс оқушылардың салыстыру және талдау қабілеттерін дамытып, оларды математикалық ойлауға үйретеді.

- Сұрақтардан тапсырмаларды қабылдау: бұл әдіс оқушыларға тапсырманы

екі бөлікте қарастыруға көмектеседі: алдымен тапсырманың шартын түсініп, кейін сұраққа жауап береді, яғни оқушыларға тапсырманың құрылымын түсінуді жеңілдетеді және логикалық ойлау дағдыларын дамытады.

- Есепті шешу бойынша тапсырманың шарттарын толықтыруды қабылдау.

Бұл әдісте педагог есептің шешімін сандарсыз немесе тек мәтін түрінде ұсынады. Оқушылар мәтіннен жетіспейтін сандық деректерді тауып, тапсырмаға сәйкес толықтырады.

Оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне және даму деңгейіне байланысты тапсырмаларды жеке түрде ұйымдастыруды талап етеді:

• Репродуктивті тапсырмалар. Бұл тапсырмалардың шешімі оқушылардан

белгілі бір әдістерді немесе үлгілерді қолдануды талап етеді. Олар көбінесе таныс есептер түрінде болады, мысалы, бұрын үйренген амалдар мен формулаларды пайдалану. Бұл тапсырмалар оқушыларға білімін қайталап, оларды қарапайым жағдайларда қолдануды үйретеді, шығармашылықты және күрделі ойлау қабілеттерін талап етеді. Мұнда стандартты есептерден тыс тапсырмалар беріледі, мысалы, қосымша мәліметтермен жұмыс істеу немесе бірнеше тәсілмен есепті шешу.

• Қиындық деңгейі бойынша саралау. Бұл тәсілде оқушылардың дайындық деңгейіне қарай тапсырмаларды қиындау немесе жеңілдеу етіп бөлу қажет.

• Көлемі бойынша саралау. Оқушылардың жұмыс қарқыны әртүрлі болады, сондықтан оларға тапсырмалардың көлемін саралау маңызды. Көп жұмыс істей алмайтын оқушыларға қосымша уақыт пен жеңіл тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар шығармашылық немесе ойын сипатында болуы мүмкін.

• Тәуелсіздік дәрежесі бойынша саралау. Оқушылардың өзіндік жұмыс

жасау дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір балалар тапсырманы өздігінен орындай алса, басқалары мұғалімнің басшылығымен жұмыс істейді. Тәуелсіз жұмыс: балалар тапсырманы толықтай өздігінен орындайды. Бақылау және көмек: оқушылар тапсырмаларды орындау барысында мұғалімнің көмегіне жүгінеді.

• Оқу іс-әрекетінің нысаны бойынша саралау. Оқушыларға материалдық

заттарды немесе символдық құралдарды пайдаланып тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беру. Бұл әрекеттер нақты материалмен (санау құралдары) немесе символдық материалмен (модельдер, әріптер) жүзеге асуы мүмкін.

Ойын әдістері оқушыларға арифметика және басқа да оқу әрекеттерінде ынталандыруға және қолдау көрсетуге бағытталған шығармашылық тәсілдер.

“Сандарды тамшылар түрінде көрсету және салыстыру” әдісі. Бұл көбінесе бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған, атап айтқанда, 6-9 жастағы оқушыларға тиімді. Бұл әдіс балаларға сандардың тәртібін және олардың мәнін түсінуге көмектесетін көрнекі құрал ретінде қолданылатыны үшін, әсіресе жеңіл деңгейдегі зерде бұзылысы бар балалар үшін пайдалы болуы мүмкін. Бұл әдіс әсіресе балалардың кеңістік және сандық есте сақтау қабілеттерін дамытуға бағытталған, сондықтан балалардың санды визуалды түрде қабылдау, салыстыру және реттілікті меңгеру қажеттілігі бар оқушыларға тиімді. Жеңіл зерде бұзылысы бар балалар үшін көрнекі және практикалық тәсілдер арқылы

ойлау қабілетін дамытуға, баланың санау, сандық мәнді түсіну және олардың арасында байланыс орнату дағдыларын нығайтуға ықпал етеді.

Әдістің алғашқы кезеңінде балалардың алдына өсу ретімен сандар пайда болады - мысалы, "1"-ден бастап "10"-ға дейін. Бұл әдіс баланың сандарды дұрыс тәртіппен реттеп, олардың арасындағы сәйкестікті түсінуіне көмектеседі. Сандық салыстыру: балалар тамшылардың өлшемін салыстырып, оларды ретімен орналастырады. Әр тамшының өлшемі санға сәйкес келеді, яғни үлкен сандар үлкен тамшылармен көрсетіледі. Бұл балаларға санның көлемін көру арқылы оны санамен байланыстыруға мүмкіндік береді. Балалар әрбір тамшының орнын және ретін есте сақтап, сандардың тәртібін меңгереді. Бұл жұмыс баланың кеңістік және сандық есте сақтау қабілетін дамытады. Тамшылардағы сандар: бұл кезеңде әр тамшының үстінде сандар мен кішігірім нүктелер көрсетіледі. Мысалы, "3" саны бар тамшыда "үш нүкте" болады. Бұл балаларға санды және санның мәнін визуалды түрде салыстыруға мүмкіндік береді. Нүктелерді санмен байланыстыру: балалар санды көргенде, оның мәнін көрсету үшін салынған нүктелерді санауға үйренеді. Мысалы, "3" саны бар тамшыда үш нүкте бар екенін көріп, балалар 3 санын сандық мәнімен байланыстыра алады.

Математикалық тапсырмаларды шешу кезінде қолданылатын әдістер. Бұл әдісте әңгімелеу, визуалды құралдар мен кезең-кезеңмен сұрақ қою арқылы оқушыларға тапсырманы түсінікті етіп жеткізу мақсатында әртүрлі әдістер қолданылады. Төменде берілген мысалдағы әдіс-тәсілдерді талдап көрейік:

Мақсаты: Мұғалім тапсырманы шешу үшін оқушылардың назарын аудару үшін қызықты және таныс әңгіме қолданады. Мысалы тапсырма аю, қасқыр мен түлкінің қатысуымен баяндалады. Оқушыларға қызықты болатын ертегі кейіпкерлері пайдаланылады. Мұғалім ертегінің қысқаша үзіндісін көрсетеді, онда қасқыр мен түлкі аюды қалай ояту туралы таласады. Тапсырманы оқып болған соң, мұғалім оқушыларға сұрақтар қойып, олардың тапсырманы қалай дұрыс түсіну керектігін көрсетеді. Қойылатын сұрақтар:

Бұл тапсырма не туралы? Қасқыр қанша рет үреді? Түлкі қанша рет үреді? Түлкі туралы не білеміз? Ол қасқырдан 9 есе көп үреді. Қасқыр мен түлкі қанша рет бірге үрді?

Оқушылар тапсырманың негізгі бөліктерін бөліп алады: Қасқыр: 5 рет үреді. Түлкі: қасқырдан 9 есе көп үреді, яғни $5 \times 9 = 45$ Барлығы: қасқыр мен түлкінің жалпы қанша рет үретінін есептейміз: $5 + 45 = 50$ рет. Оқушылар тапсырманы оқып, талқылап, бірге шешім шығарады. Бір оқушы тақтаға шығып, шешімді жазып, мұғалімнің нұсқауымен есепті шығарады. Оқушы тақтаға тапсырманың шартын және шешімін жазып шығады. Мұғалім бұл жазуда дұрыс амалдар мен есептеу жолдарын көрсетеді. Бұл әдіс оқушыларға тапсырмаларды шешуде нақты қадамдарды орындауды үйретеді және математикаға деген қызығушылықтарын арттырады [7].

Жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың арифметикалық есептерді шешу дағдыларын берік қалыптастыруға ықпал ететін осы дағдыны дамытуда әртүрлі әдістемелік әдістерді қолданған дұрыс. Оқушыларды оқуда ілгерілету және олардың қабілеттерін дамыту үшін көп деңгейлі тапсырмаларды қолданған жөн. Бұл жағдайда олар өздерінің мүмкіндіктеріне, сенімділікке ие болады, бұл олардың ақыл-ой белсенділігін арттыруға және оқуға мотивация жасауға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Афанасьева, Ю.А. Анализ контингента обучающихся специальных (коррекционных) учреждений VIII вида / Ю.А. Афанасьева, И.М. Яковлева// Коррекционная педагогика: теория и практика. - 2014. - № 1. - С. 19 - 24.

2. Скира Е.В. Новые подходы к обучению умственно отсталых школьников решению арифметических задач // Сборники конференций НИЦ Социосфера. 2014. № 40. С. 57-66

3. Зыгманова, И.В. Умение учащихся вспомогательной школы решать арифметические задачи с опорой на предметные действия // Дефектология. - 1993. - №3. - С. 65 - 76.

4. Яковлева И.М. Состояние умений младших школьников с интеллектуальными нарушениями решать простые арифметические задачи \ И.М. Яковлева, Е.В. Скира \ Проблемы современного педагогического образования. Сер.: Педагогика и психология. – Сборник научных трудов: - Ялта: РИО ГПА, 2018. – Вып. 58. – Ч. 4. - С. 296–299.

5. Белошистая А. В. Формирование и развитие математических способностей дошкольников: Вопросы теории и практики: Курс лекций. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. 400 с.

6. Эк В.В. Обучение математике учащихся младших классов специальных (коррекционных) образовательных. Учреждений VIII вида: пособие для учителя / В.В. Эк. - 2-е изд., перераб. М.: Просвещение, 2005. 221 с.

7. Перова М. Н. Методика преподавания математики в специальной (коррекционной) школе VIII вида. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001. 408 с.

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМІН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Оразова Ж.У.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, аға оқытушы, магистр
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: zorazova@zhubanov.edu.kz

Тұрарбек Г.С.

Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
6В01902 – Арнайы педагогика ББ 4-курс студенті
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Андатпа. Мақалада зияттық дамуында ауытқуы бар балалардың математикалық білімін сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылады. Авторлар бұл санаттағы оқушылардың танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, ойын, көрнекілік және практикалық әрекеттерге негізделген жұмыс түрлерінің маңызын атап өтеді. Сыныптан тыс іс-шаралардың оқушылардың қызығушылығын арттырып, математикалық ұғымдарды меңгеруге және логикалық ойлауын дамытуға ықпал ететіні дәлелденеді.

Тірек сөздер: зияты зақымдалған балалар, математикалық білім, сыныптан тыс жұмыс, танымдық даму, логикалық ойлау, арнайы педагогика, дидактикалық ойындар, практикалық әрекет, инклюзивті білім, білім беру технологиялары.

Аннотация. В статье рассматриваются эффективные способы формирования математических знаний детей с отклонениями в интеллектуальном развитии посредством внеурочной деятельности. Авторы отмечают значение видов работ, основанных на игровой, наглядной и практической деятельности, с учетом познавательных особенностей данной категории учащихся. Доказано, что внеклассные мероприятия повышают интерес учащихся, способствуют усвоению математических понятий и развитию логического мышления.

Ключевые слова: интеллектуальные дети, математическое образование, внеклассная работа, познавательное развитие, логическое мышление, Специальная педагогика, дидактические игры, практическая деятельность, инклюзивное образование, образовательные технологии.

Annotation. The article discusses effective ways to form mathematical knowledge of children with intellectual developmental disabilities through extracurricular activities. The authors note the importance of types of work based on game, visual and practical activities, taking into account the cognitive characteristics of this category of students. It is proved that extracurricular activities increase the interest of students, contribute to the acquisition of mathematical concepts and the development of logical thinking.

Key words: children with intellectual disabilities, mathematical education, extracurricular work, cognitive development, logical thinking, special pedagogy, didactic games, practical activity, inclusive education, educational technologies.

Математикадан сыныптан тыс жұмыс баланың қабілетін, тұлғасын қалыптастырады және дамытады. Бұл процесті басқару дегеніміз – адамның табиғатына тән қабілеттерді дамыту және жетілдіру ғана емес, сонымен қатар жаңа дағдыларды қалыптастыру және өзін-өзі үнемі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігін тудыру.

Математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру кезінде оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға, пәнге қызығушылықты оятуға бағытталған іс-шаралар жатады. Оқушылардың қабілеттерін дамыту және олардың математикаға деген қызығушылығын ояту мүмкіндіктері математикадан сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі формаларын ұсынады. Математика бойынша сыныптан тыс жұмыстың ұйымдастырушылық формалары оқу-тәрбие процесінің міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуі керек, оның түпкі мақсаты балалардың жан-жақты дамуына және ең алдымен интеллектуалды дамуына ықпал ету болып табылады [1].

Балаларға сыныптан тыс жұмыстарды жүйелі түрде өткізу олардың математикаға қызығушылығын арттырады. Сыныптан тыс уақыттағы топтық жұмыстардың негізгі мақсаты – балалардың математикаға қызығушылығын арттыру.

Математикадан сыныптан тыс және сыныптағы жұмыстар нәтижесінде көрнекі материалды, қабырға газеттерін, бақылау-өлшеу және басқа да аспаптар мен құрылғыларды сыныпта белгілі бір жерге шоғырландыру қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта математикалық бұрыш ұйымдастыруға болады.

Сыныптағы математика бұрышы жинақталған материалдардың қоймасы емес, сынып оқушыларының сабақтағы және сыныптан тыс жұмыстар үрдісіндегі іс-әрекеттерінің көрінісі, осы әрекеттер барысындағы болатын өзгерістердің нәтижесі.

Математикалық бұрыш балалардың белсенді қатысуымен ұйымдастырылып, безендіріледі. Бұрыш жұмысына жауапты оқушылар бөлініп, кезекшілік ұйымдастырылады. Бұрыштағы жұмыстардың мазмұны әртүрлі:

1. Оқытылатын материалға сәйкес оқушыларға ұсынылатын танымдық сипаттағы тапсырмалар;

2. Үй жануарлары мен құстар туралы, балаларға жақсы таныс тауарлар мен өнімдердің бағасы туралы және т.б.

3) «Сен білесің бе...» атаулары бойынша қызықты математикалық ақпарат жинағы құрастырылды. Ол үшін балалар газеттерден, балалар кітаптарынан және т.б. оқи алатын мәліметтерді жинақтайды.

4) Математика бұрышында сыныптан тыс жұмыстарға арналған әртүрлі құралдар, материалдар, жеке көрнекі құралдар сақталады, қажет болған жағдайда беріледі.

5) Бұрышта мезгіл-мезгіл оқушылардың үздік дәптерлерінің көрмелері, балалар жасаған көрнекі құралдар, математикалық экскурсияда жинақталған материалдар жинақталады.

6) Бұрышта сұрақтар, оқушылардың жұмыстары туралы хабарламалар жазылған түрлі-түсті плакаттар ілінеді, математикалық газетке орын бөлінеді [2].

Математикалық газет өзінің саналы ұйымдастырылуымен балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі және математикалық үйірмелердің, сұрақтардың, сайыстардың үгітшісі, ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Қабырғалық

математикалық газетті шығару үшін мұғалім бүкіл сыныпты емес, қатар бойынша жұмыс жасауға болады.

Мұндай жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары келесідей:

- ✓ әр сынып оқушысы газет шығаруға қатыса алады;
- ✓ әр оқушы өз қабілеттерін көрсете алады;
- ✓ әр оқушының өз жұмысын мүмкіндігінше жақсы орындауға деген ұмтылысын күшейтеді;
- ✓ оқушылар «командамен» жұмыс істеуді үйренеді, бұл тәрбиелік мәні бар.

Оқушыларға газет шығаруға белгілі бір уақыт беріледі (2-3 апта). Осы уақыт ішінде олар өз газетінің атауын ойлап табуы керек, мұғаліммен бірге топтың барлық қатысушылары арасында міндеттерді бөлуі керек және оқушының мүмкіндіктері де, оның тілектері де ескерілуі керек. Осыдан кейін балалар мұғаліммен кеңесу мүмкіндігіне ие бола отырып, үйде немесе сабақтан кейін материалдар дайындайды. Математикалық газетті шығаруға дайындық кезінде оқушыларға мынадай тапсырмалар беруге болады:

- ✓ қызықты математикалық есептерді табыңыз;
- ✓ тапсырмаларды өзіңіз жасаңыз;
- ✓ ұсынылған тапсырмалардың ішінен ең қызықтысын таңдаңыз;
- ✓ сурет бойынша тапсырма ойлап табыңыз;
- ✓ тапсырмаға сурет салыңыз;
- ✓ газетті қалай рәсімдеу керектігін ойлаңыз [3].

Оқушылар барлық материалды дайындаған кезде редакция алқасының жиналу күні белгіленеді. Осы уақытта бірқатар оқушылар өздерінің жетістіктерін әкеліп, газет шығарады. Газет аптаның басында ілінеді, сол күні бірінші сабақта газетке қатысқан оқушылар оны жарнамалауы керек. Газетті тоқсанына бір рет шығуын жоспарлаймыз. Оқу жылының соңында үздік редакциялық алқа анықталады.

Көңілді математика минуттары кездейсоқ өткізіледі. Оларды мұғалім қойылған мақсатқа байланысты жоспарлауы мүмкін, мысалы, балалардың математика үйірмесін ұйымдастыруға, математика бұрышы және т.б.

Үйірме жұмысы балалардың математикалық ойлауының дамуына ықпал етеді: сөйлеудің қысқалығы, символды шебер қолдану, математикалық терминдерді дұрыс қолдану, заттар мен құбылыстардың барлық сапалық жағына назар аудару, қолжетімді қорытындылар жасау және өз ойын дәлелдеу.

Үйірменің негізгі міндеттері:

- оқушыларға математикаға қызығушылық таныту;
- оқушылардың білімін толықтыратын және тереңдететін математикалық фактілер мен мәліметтердің, іскерлік пен дағдылардың белгілі бір қорын жинақтау;
- математика тарихымен танысу;
- логикалық ойлауды дамыту.

Үйірменің жұмыс жоспарын жасауға қойылатын талаптар:

- математикадан үйірме жұмысының мазмұнын мектеп курсының мазмұнымен байланыстыру;
- оқушылардың математикалық дайындық деңгейіне мазмұнның сәйкестігі;
- қиын міндеттерді шешу;
- қызығушылықты пайдалану;
- оқушылардың тілектерін есепке алу;
- мұғалім мен оқушыларға арналған әдебиеттің болуы.

Экскурсия да математикадан сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі болып табылады. Математикалық экскурсиялар балаларды ең қарапайым өлшеу құралдарымен және оларды практикалық қолданумен таныстыруға бағытталады. Бұл экскурсияларда балалар жерге түзу сызықтар салуды, қашықтықты көзбен өлшеуді, қол жетпейтін нүктелерге дейінгі қашықтықты өлшеуді және т.б. үйренеді.

Математикалық экскурсияда балалар жаңа білім алады, сондықтан экскурсия кезінде олардың зейіндері шоғырланады. Сондықтан мұғалім экскурсияны жоспарлау кезінде оның тәрбиелік бөлігіне ғана емес, сонымен қатар балалардың дұрыс демалуында қарастыруы керек. Демалыс кезінде қызықты математикалық ойындарды ұйымдастырған пайдалы. Математикалық экскурсиялар сабақ сияқты сыныптан тыс жұмыстардың басқа түрлерімен бірдей жоспарланады.

Экскурсия жүргізбес бұрын мұғалімнің өзі баратын нысанды алдын-ала аралап, барлық қауіпсіздік элементтерін қамтамасыз етуі керек. Экскурсиялық алаңға және кері қайту уақытын ескеріп, балалардың демалуына қолайлы жерлерді анықтаған пайдалы.

Математикалық тақырыптағы көрмелерді ұйымдастыруға болады. Көрменің ашылу күні оның "тұсаукесері" өтеді, яғни мұғалім балаларға көрмеде ұсынылған жұмыстар туралы айтып, ең қызықты тапсырмалармен таныстырады, сол немесе басқа дереккөзге жүгінуге кеңес береді. Бұл жұмысты балалар көрмеде ұсынылған кітаптарды көріп қана қоймай, оларды кітапханада бір немесе басқа тапсырма алып, мұқият зерттегісі келетіндей етіп жасау керек. Мұғалім конкурс жариялай алады, мысалы, "ең ақылды" - көрмедегі кітаптарда ұсынылған басқа тапсырмаларды кім шешеді немесе "Ең ізденімпаз" – сыныпқа үйден немесе кітапханадан осындай кітаптарды әкеледі немесе "ең жақсы суретші" көрмесінде - ең қызықты сурет салған оқушы анықталады [4].

Соңғы жылдары математикалық кештердің, сыныптан тыс жұмыстардың бұл түрі кеңінен қолданылуда. Кеш сайыс түрінде өтеді. Жарыстарға барлығы қатыса алады. Байқауға дайындалу барысында мұғалім сабақта өткен бөлімдерден бірнеше тапсырмаларды таңдайды. Байқауға дайындалу кезінде мұғалім балаларды жарыстың уақыты мен онда ұсынылатын тапсырмалардың сипаты туралы алдын ала хабардар етеді. Жарыстың мақсаты мен міндеттерін түсіндіру бойынша тиісті жұмыстарды жүргізеді. Өзінің сипаты мен мазмұны бойынша бұл тапсырмалар оқулықтағы әдеттегі тапсырмалардан аздап ерекшеленуі керек, өйткені сайыс білімді бақылауға емес, математикалық қабілеттерді анықтауға және математикаға қызығушылықты арттыруға қызмет етеді.

Математикалық кештің негізгі мақсаты - оқушылардың математикаға қызығушылықты арттыру, ой-өрісін кеңейту; оқушылардың бойында ынтымақтастық, бір-бірін құрметтеу сезімін тәрбиелеу. Кешке дайындық оны өткізуге бір жарым-екі ай қалғанда басталады: ұйымдастыру комитеті құрылады, міндеттер бөлінеді. Кешке бірнеше күн қалғанда хабарландыру ілінеді, шақыру билеттері таратылады, математикалық газеттің арнайы шығарылымы орналастырылады, кешті өткізетін зал безендіріледі.

Қорыта келе, зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының математикалық білімін арттыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы өте зор. Сыныптан тыс жұмыс баланың математикалық білімін дамытады, бала өзін-өзі дамытуға ұмтылады, баланың дамуына кедергі келтіретін бұзылыстарды жеңуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алпысов А.Қ. Математиканы оқыту әдістемесі. – Павлодар, 2012.-151 б.
2. Джумағалиева Б.Е. Бастауыш сыныптарда математикадан жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар. – Астана, 2021
3. Соколова И.В. Технология внекласной работы по математике. -Ростов-на-Дону, 2005
4. Пермякова Н.В., Ханюкова Т. В. Роль внекласной работы по предмету в формировании ключевых компетентностей у обучающихся по математике. -Белгород, 2021

АҚЫЛ ОЙЫ ЖЕҢІЛ БҰЗЫЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Рыстыгулова А.Т.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, магистр
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: arystygulova@zhubanov.edu.kz

Мырзағали Ә.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
7М01902 – Арнайы педагогика ББ 1 курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: asem.meyrambekkyzy@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту жолдары қарастырылған. Дәстүрлі әдістер (диалогтық оқыту, рөлдік ойындар) мен инновациялық тәсілдер (мультимедиялық ресурстар, виртуалды технологиялар) арқылы олардың әлеуметтік және коммуникативтік қабілеттерін арттыру мүмкіндіктері талданған. Топтық жұмыс пен ата-аналармен ынтымақтастықтың балалардың әлеуметтену процесіндегі маңызы атап көрсетілген.

Тірек сөздер: Ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылар, коммуникативті дағдылар, дәстүрлі әдістер, инновациялық тәсілдер, әлеуметтік бейімделу, топтық жұмыс, мультимедиялық ресурстар.

Аннотация: Статья посвящена развитию коммуникативных навыков у учащихся с легкими нарушениями интеллекта. Рассмотрены традиционные методы (диалоговое обучение, ролевые игры) и инновационные подходы (мультимедийные ресурсы, виртуальные технологии), способствующие улучшению их социальных и коммуникационных способностей. Подчеркнута роль групповой работы и сотрудничества с родителями в процессе социализации детей.

Ключевые слова: Ученики с лёгкой умственной отсталостью, коммуникативные навыки, традиционные методы, инновационные подходы, социальная адаптация, групповая работа, мультимедийные ресурсы.

Abstract: The article focuses on developing communicative skills in students with mild intellectual disabilities. It discusses traditional methods (dialogic teaching, role-playing) and innovative approaches (multimedia resources, virtual technologies) that enhance their social and communication abilities. The role of group work and collaboration with parents in the socialization process is emphasized.

Keywords: Students with mild intellectual disabilities, communication skills, traditional methods, innovative approaches, social adaptation, group work, multimedia resources.

Ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылар білім беру жүйесіндегі ерекше қажеттіліктері бар балалар ретінде қарастырылады. Бұл балалардың оқу және әлеуметтік дағдылары қалыптасу барысында белгілі бір қиындықтарға тап болады, әсіресе коммуникативті дағдыларды дамыту мәселесінде. Ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылар үшін әлеуметтік ортада тиімді қарым-қатынас орнату, өз ойларын дұрыс жеткізу және тілдік дағдыларын дамыту маңызды міндет болып табылады. Осы орайда, білім беру жүйесінің дәстүрлі әдістері мен инновациялық тәсілдерін біріктіріп, балалардың коммуникативті дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдістерді анықтау қажет [1, 12-б.].

1. Ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылардың ерекшеліктері

Ақыл ойы жеңіл бұзылған балалардың жеке дамуындағы ерекшеліктер олардың оқу және әлеуметтік қабілеттеріне әсер етеді. Олар көбінесе сөйлеу, тілдік құрылымдарды түсіну және қолдануда қиындықтарға тап болады. Осыған байланысты, олар әлеуметтік ортада өздерін толыққанды сезінбеуі мүмкін, бұл олардың коммуникативті дағдыларын дамытуға кедергі жасайды.

Ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылардың негізгі мәселелерінің бірі — тілдік дағдылардың кеш қалыптасуы. Олар ақпаратты түсіну, тілдік құрылымдарды қолдану және басқалармен өзара әрекеттесу кезінде белгілі бір қиындықтар көреді. Бұл балалардың эмоциялық және әлеуметтік жағдайлары да өте маңызды. Олар қоғамда өз орнын табуға қиындықтар туғызуы мүмкін, сондықтан олардың коммуникативті дағдыларын дамытуда арнайы әдіс-тәсілдер қажет [2, 34-б.].

2. Білім беру жүйесіндегі дәстүрлер

Ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылармен жұмыс жасауда қолданылатын дәстүрлі әдістер білім беру процесін жеңілдетіп, оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Дәстүрлі әдістер балалардың әртүрлі әлеуметтік жағдайлармен танысуына, қарым-қатынас жасау барысында қажетті дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

- Диалогтық оқыту. Бұл әдіс оқушылардың белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалім оқушыларды сұрақ қоюға, өз пікірлерін білдіруге, сонымен қатар басқа балалардың пікірлерін тыңдауға ынталандырады. Диалогтық оқыту балалардың пікір алмасу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, олар өз ойларын түсінікті әрі айқын жеткізуге үйренеді.

- Рөлдік ойындар. Рөлдік ойындар балалардың өзара қарым-қатынасын дамытуға бағытталған. Мұнда оқушылар түрлі рөлдерде ойнап, қоғамдағы нақты жағдайларды тәжірибеде орындауға мүмкіндік алады. Бұл әдіс балалардың тілдік дағдыларын дамытуға, сонымен қатар өзара түсіністік пен ынтымақтастықты қалыптастыруға септігін тигізеді.

- Сұрақ-жауап әдісі. Бұл әдіс арқылы оқушылар өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге, тыңдаушының сұрақтарына жауап беруге, сондай-ақ басқа балалармен пікір алмасуға үйренеді. Мұғалімдер сұрақтарды әртүрлі деңгейде қою арқылы оқушыларды терең ойлауға және сөйлеуге ынталандырады.

- Визуалды құралдар. Ақыл ойы жеңіл бұзылған балалар үшін көрнекілік үлкен маңызға ие. Визуалды құралдар, мысалы, суреттер, карточкалар, сызбалар және бейнемазмұн балалардың ақпаратты дұрыс қабылдауына және әлеуметтік ортада өздерін сенімді сезінулеріне мүмкіндік береді. Бұл әдіс әсіресе тілдік дағдыларды меңгеруде тиімді болып табылады [3, 57-б.].

3. Инновациялар және заманауи тәсілдер

Заманауи білім беру технологиялары мен инновациялық әдістер ақыл ойы жеңіл бұзылған балалардың оқу процесін жеңілдетіп, олардың коммуникативті дағдыларын дамытуда тиімді құрал бола алады. Жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер білім беру процесін қызықтырып, оқушылардың назарын ұстап тұруға мүмкіндік береді [4, 25- б.].

- Ақпараттық технологиялар. Ақыл ойы жеңіл бұзылған балалар үшін арнайы жасалған ақпараттық технологиялар мен мобильді қосымшалар білім алу процесін жеңілдетеді. Бұл құралдар оқушыларға тек оқу материалдарын меңгеруге емес, сонымен қатар өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға да мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті бағдарламалар мен жаттығулар балалардың өздерінің тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- Мультимедиялық ресурстар. Бейнемазмұндар мен анимациялар оқушылардың көзқарасын кеңейтіп, оларға ақпаратты жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық ресурстар оқушыларды қызықтырып, олардың коммуникативті дағдыларын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, олар балалардың эмоционалды жағдайын реттеп, оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады.

- Виртуалды және артық шындық (AR). Виртуалды және артық шындық технологиялары оқушыларды жаңа оқу орталарымен таныстырып, олардың коммуникативтік дағдыларын жақсартуға ықпал етеді. Мысалы, виртуалды ортада түрлі рөлдерде әрекет ету, түрлі әлеуметтік жағдайларды ұсыну балалардың өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі [5, 49- б.].

4. Топтық жұмыс және әлеуметтік орта

Ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуда топтық жұмыс үлкен рөл атқарады. Бұл әдіс оқушылардың өзара әрекеттесуіне, пікірлерін білдіруіне, басқаларды тыңдауға және конструктивті түрде талқылауға дағдыландырады. Топтық жұмыс балаларды әлеуметтік ортаға бейімдейді, олар бір-бірімен байланыс орнатып, бірге жұмыс істеуді үйренеді.

Топтық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін мұғалімдер әрбір оқушыға нақты міндеттер қойып, олардың жеке белсенділігін ынталандыруы керек. Сонымен қатар, топтық жұмыс барысында мұғалім оқушыларға әртүрлі әлеуметтік дағдыларды үйретеді, мысалы, пікірлерді тыңдау, құрмет көрсету, бірлесіп жұмыс істеу сияқты.

5. Оқытудағы ерекше әдістер мен технологиялар

- Арт-терапия. Бұл әдіс балалардың шығармашылық әлеуетін ашып, эмоциялық жағдайларын жақсартуға көмектеседі. Арт-терапия балаларға өз сезімдерін көрсетуге мүмкіндік береді, бұл оларды коммуникацияға тартуға ықпал етеді. Бұл әдіс балалардың ішкі әлемін түсінуге, оларға өз ойларын дұрыс білдіруді үйретуге мүмкіндік береді.

- Гештальт-терапия. Гештальт-терапия баланың эмоциялық және әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Бұл әдіс балалардың өздерін дұрыс тануына және түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, гештальт-терапия оқушылардың өз пікірлерін білдіру, басқалардың пікірлерін тыңдау және өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

- Қарым-қатынас тренингтері. Арнайы ұйымдастырылған тренингтер оқушыларға өз пікірлерін айтуға, қарым-қатынас жасауға және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Бұл тренингтер оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға және олардың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді [6, 75-б.].

6. Мұғалімдер мен ата-аналарға арналған қолдау жүйесі

Ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылардың дамуында мұғалімдер мен ата-аналардың ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады. Ата-аналар мен мұғалімдер арасында тұрақты байланыс орнатып, баланың дамуындағы өзгерістерді бірге қадағалау қажет. Мұғалімдер ата-аналармен бірге балаға көмектесіп, оның коммуникативті дағдыларын дамыту үшін арнайы тапсырмалар мен жаттығулар ұйымдастыруы керек.

Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуда ата-аналар да маңызды рөл атқарады. Олар балаларымен бірге түрлі ойындар өткізіп, оларды әлеуметтендіруге көмектесуі тиіс. Мұғалімдер ата-аналарға арнайы кеңестер мен ұсыныстар беру арқылы балалардың оқу және даму процесін жақсартуға үлес қосады.

Қортындылай келе, ақыл ойы жеңіл бұзылған оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту – бұл олардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуы үшін маңызды процесс. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру оқушылардың өзін-өзі түсінуге, басқа адамдармен өзара әрекеттесуге, қоғамға бейімделуге ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі дәстүрлі әдістер мен инновациялық технологиялардың үйлесімді түрде қолданылуы олардың бұл дағдыларды дамытуына көмектеседі.

Диалогтық оқыту, рөлдік ойындар, сұрақ-жауап әдістері сияқты дәстүрлі тәсілдер балалардың өз пікірін білдіруге және басқалардың пікірлерін тыңдауға дағдыландырады. Сонымен қатар, мультимедиялық ресурстар, компьютерлік бағдарламалар мен виртуалды технологиялар олардың оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Бұл әдістер оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін де арттырады.

Сонымен бірге, топтық жұмыс пен әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасаудың маңызды екенін атап өту қажет. Бұл оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, қоғамда өз орнын табуға көмектеседі. Мұғалімдер мен ата-аналардың ынтымақтастығы да үлкен маңызға ие. Олар бірлесіп балалардың дамуына қажетті жағдайлар жасап, олардың коммуникативті дағдыларын күнделікті өмірде нығайта алады.

Ақырында, ақыл ойы жеңіл бұзылған балалардың коммуникативті дағдыларын дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер білім беру жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады. Білім беру мен тәрбиенің жаңа инновациялық тәсілдері мен дәстүрлі әдістерін тиімді үйлестіре отырып, біз балаларға өз ойларын жеткізуде, қоғаммен байланыс орнатуда және өздерін түсінуде маңызды құралдарды ұсынуға мүмкіндік аламыз. Бұл оқушылардың әлеуметтену процесін жеңілдетіп, олардың толыққанды тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шалтаева, Р. Қ. (2016). Арнайы білім беру: теория және практика. Алматы: Қазақ университеті.
2. Құдиярова, С. Қ. (2018). Арнайы педагогика: Теориясы мен әдістемесі. Алматы: Білім.
3. Бейсенбаева, Г. К. (2018). Ақыл-ойы бұзылған балалардың психологиясы мен педагогикасы. Алматы: Рауан.
4. Садыков, А. Ә. (2017). Педагогикадағы инновациялық технологиялар: теориясы мен практикасы. Астана: Фолиант.
5. Нұрмұханбетова, Ә. Қ. (2020). Педагогикалық инновациялар және арнайы білім беру. Алматы: Мектеп.
6. Аманбаева, К. Б. (2019). Ақыл-ойы бұзылған балаларға арналған педагогикалық көмек. Алматы: Қазақ университеті.

ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Сайфуллаева А.Е.

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
7M01902-Специальная педагогика ОП магистрант 2 курса
Республика Казахстан, город Актобе
E-mail: asmiras16000@gmail.com

Аннотация: В статье рассматриваются особенности формирования социально-коммуникативных навыков у детей старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития. Раскрываются педагогические условия, формы и методы, способствующие развитию навыков общения, взаимодействия и социализации. Подчеркивается значимость игровой деятельности, специально организованной среды и участия семьи в коррекционно-развивающем процессе.

Ключевые слова: социально-коммуникативные навыки, задержка психического развития, старший дошкольный возраст, коррекционная педагогика, игра, социализация.

Аңдатпа: Мақалада психикалық дамуы тежелген ересек мектеп жасына дейінгі балаларда әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылады. Баланың қарым-қатынас, өзара әрекеттесу және әлеуметтену дағдыларын дамытуға ықпал ететін педагогикалық жағдайлар, әдістер мен формалар сипатталады.

Ойын әрекетінің, арнайы ұйымдастырылған ортаның және отбасылық қолдаудың маңыздылығы аталады.

Тіпек сөздер: әлеуметтік-коммуникативтік дағдылар, психикалық дамудың тежелуі, ересек мектеп жасына дейінгі балалар, түзету педагогикасы, ойын, әлеуметтену.

Abstract: The article explores the specific features of developing social and communicative skills in older preschool children with delayed mental development. It outlines pedagogical

conditions, methods, and approaches that foster communication, interaction, and social integration. The significance of play activities, a structured developmental environment, and family involvement in the correctional process is emphasized.

Keywords: social-communicative skills, delayed mental development, older preschoolers, special education, play, socialization.

Развитие социально-коммуникативной сферы у детей с задержкой психического развития (ЗПР) на этапе старшего дошкольного возраста является одной из приоритетных задач коррекционно-педагогической работы. В условиях стремительного внедрения инклюзивных подходов и интеграции в образовательную среду особое значение приобретает обеспечение успешной социализации таких детей. ЗПР сопровождается дефицитами в эмоционально-волевой сфере, трудностями установления и поддержания контакта со сверстниками и взрослыми, ограниченностью речевых средств и неустойчивостью внимания, что напрямую влияет на их способность к полноценному взаимодействию. В старшем дошкольном возрасте у детей формируются базовые умения, необходимые для успешного вхождения в школьную жизнь. Однако при наличии ЗПР данные процессы замедлены, фрагментарны и требуют целенаправленного педагогического воздействия. Исследования показывают, что традиционные методы воспитания и обучения оказываются недостаточно эффективными без адаптации под индивидуальные особенности таких детей. Наиболее действенным подходом в формировании социально-коммуникативных навыков выступает организация специально разработанной коррекционно-развивающей среды. Такая среда должна учитывать не только уровень психического развития ребёнка, но и его эмоциональные потребности, возможности к восприятию информации и особенности взаимодействия с окружающими.

Педагог, выступая в роли медиатора, направляет и стимулирует социальные проявления ребёнка, обеспечивая условия для их постепенного закрепления в повседневной деятельности. Особое место в системе коррекционно-педагогической работы занимают игровые формы обучения. Театрализованные игры, сюжетно-ролевые взаимодействия, игры-драматизации и упражнения на развитие эмпатии позволяют детям с ЗПР в безопасной и поддерживающей атмосфере осваивать нормы общения, учиться выражать свои чувства и понимать эмоции других. Через повторяемость игровых ситуаций происходит закрепление социальных моделей поведения, формируются навыки самообслуживания, вежливости, умение слушать и реагировать на партнёра. Важно подчеркнуть значимость системности и последовательности в реализации развивающих программ.

Эффективность педагогического воздействия во многом определяется не только методами, но и мотивацией ребёнка, степенью его включённости в деятельность. Поэтому ключевым фактором успеха является создание ситуации успеха и эмоционально благоприятной атмосферы, способствующей росту самооценки и укреплению интереса к взаимодействию. Формирование социально-коммуникативных навыков требует тесного взаимодействия всех участников образовательного процесса – педагогов, специалистов сопровождения, родителей. Совместные мероприятия, проведение праздников, экскурсий, тренингов для родителей повышают эффективность усвоения социальных моделей и делают процесс социализации ребёнка более устойчивым.

Таким образом, работа по развитию социально-коммуникативных навыков у детей старшего дошкольного возраста с ЗПР должна строиться на основе комплексного, индивидуализированного и поэтапного подхода. Только в условиях тесной взаимосвязи эмоционального, речевого и поведенческого компонентов можно достичь устойчивого прогресса в социальной адаптации и подготовить ребёнка к обучению в школе и полноценному участию в жизни общества.

Список литературы:

1. Локтева Е. В. Формирование социально-коммуникативных навыков у детей старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития: дис. канд. пед. наук. – Москва, 2011. – 194 с.
2. Асанова Н. В. Особенности социализации детей с задержкой психического развития в условиях ДОУ // Дошкольная педагогика. – 2020. – № 3. – С. 45–49.
3. Данилина И. В. Социальное развитие дошкольников с ОВЗ в инклюзивной образовательной среде // Специальное образование. – 2019. – № 1. – С. 52–58.
4. Флерица Е. С. Игровая деятельность и её значение для психического развития детей. – М.: Педагогика, 2003. – 208 с.
5. Мастюкова Е. М. Психолого-педагогическая помощь детям с задержкой психического развития. – М.: Просвещение, 2001. – 144 с.
6. Власова Т. А., Певзнер М. С. Дети с отклонениями в развитии. – М.: Владос, 2005. – 320 с.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АРТ-ТЕРАПИЯ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЭМОЦИАЛЫҚ-ЕРІКТІК САЛАСЫН ДАМУЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сарсенханова А.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: sarsenkhanovaa19@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды-еріктік саласын арт-терапия құралдары арқылы дамыту мүмкіндіктері қарастырылады. Арт-терапияның түрлі түрлері: сурет, ертегі, құм, ойын терапияларының қолданылу ерекшеліктері талданады. Арнайы педагогикада арт-терапияның түзету, диагностикалық және профилактикалық мүмкіндіктері ашылып, оны білім беру процесіне енгізудің тиімділігі сипатталады.

Тірек сөздер: психикалық дамуы тежелген балалар, арт-терапия, эмоционалды-еріктік сала, түзету жұмысы, мектеп жасына дейінгі балалар

Аннотация. В данной статье рассматриваются возможности развития эмоционально-волевой сферы дошкольников с задержкой психического развития посредством арт-терапии. Анализируются особенности применения различных видов арт-терапии: изотерапии, сказкотерапии, песочной и игровой терапии. Раскрываются коррекционные, диагностические и профилактические возможности арт-терапии в специальной педагогике, а также эффективность её внедрения в образовательный процесс.

Ключевые слова: дети с задержкой психического развития, арт-терапия, эмоционально-волевая сфера, коррекционная работа, дошкольники

Abstract. This article explores the possibilities of developing the emotional-volitional sphere of preschool children with delayed mental development through art therapy techniques. It analyzes the application of various forms of art therapy, such as drawing, fairy tale, sand, and play therapy. The study reveals the corrective, diagnostic, and preventive potential of art therapy in special education and emphasizes its effectiveness when integrated into the educational process.

Keywords: children with delayed mental development, art therapy, emotional-volitional sphere, corrective work, preschoolers

«Психикалық дамудың кешеуілдеуі» ұғымы органикалық зақымдануы немесе орталық жүйке жүйесінің функционалдық жеткіліксіздігі бар балаларға қатысты қолданылады. Олар эмоционалды-ерікті саланың жетілмегендігімен және уақытша, емдік және педагогикалық факторлардың әсерінен өтелетін өзіндік сапалық ерекшеліктері бар танымдық іс-әрекеттің дамымауымен сипатталады.

60-70 жылдары арнайы психологияда балалар дамуының ерекше аномалиясы ретінде психикалық дамудың кешеуілдеуді арнайы кешенді зерттеу өрбіді. Бұл күрделі бағдарламаларға көшуге байланысты тұрақты үлгермеген мектеп оқушыларында білім беру проблемалары күрт өскен кезде мектеп тәжірибесінің қажеттіліктерінен туындады. Осы уақытқа дейін дифференциалды диагностикада айтарлықтай тәжірибе жинақталды.

Отандық ғалымдарымыз Ж.И.Намазбаева, М.Ш.Адилова, Л.Х.Макина, Р.А.Сүлейменова, И.Г.Елисеева, Ш.Ж.Карипжанова, Г.Ж.Есенжолова, Б.С.Халыкова, Г.Ж.Букежанова, А.Қ.Рсалдинова, Н.Ю.Юлдабаева, К.Б.Бектаева, Л.С.Заркенова, Н.Н.Омарова, Г.Қ.Жұмағалиева, Ш.Ж.Кәріпжанова, Қ.С.Тебенова, Н.Ш.Ахметова және т.б. ерекше білімді қажет ететін тұлғаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық жүйесін зерттеді және осы еңбектерді қазіргі таңда арнайы педагогтар өздерінің кәсіби қызметінде жүйелі қолдануда.

Мектепте оқуда қиындықтарға тап болған балаларды зерттеудің шетелдік тәжірибесін зерттеген Т.А.Власова, В.И.Лубовский бұл қиындықтардың мәні мен себептері туралы нақты түсінік жоқ екенін көрсетті. АҚШ, Англия, Германияда балалардың бұл санаты «оқуда қиындықтары бар балалар», «оқу қабілеті жеткіліксіз балалар», «бейімделмеген», «педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған», «мінез-құлқы бұзылған балалар», сондай-ақ «миы аз зақымданған балалар» деп белгіленген.

Психологтар мен педагогтар осы мәселенің әртүрлі аспектілерін ескеріп, «психикалық дамудың кешігуі» (ПДТ) ұғымы баланың психикалық іс-әрекетінің дамуындағы артта қалушылықты сипаттайтынын көрсетеді. Г.Е.Сухарева, Т.А.Власова, М.Певзнер, В.И.Лубовский, К.С.Лебединскаяның зерттеулері үлгермеген бастауыш сынып оқушылары арасында ерекше категорияны анықтауға мүмкіндік берді, олардың оқудағы қиындықтары психикалық даму қарқынының кешеуілдеуінен туындайтынын дәлелдеді. "Психикалық дамудың кешігуі" терминін Г.Е.Сухарева ұсынған.

Психикалық дамудың кешігуі интеллектуалды және эмоционалды-ерікті саланың қайтымды бұзылыстары болып табылады, оқудағы ерекше қиындықтармен бірге жүреді. Психикалық дамудың кешігуі көбінесе психологиялық-педагогикалық категория болып есептеледі, бірақ ол органикалық бұзылуларға негізделуі мүмкін [1]. Сондықтан бұл жағдай медициналық саласында, яғни педиатрия және балалар неврологиясы арқылы қарастырылады. Балалардағы әртүрлі психикалық функциялардың дамуы біркелкі болмағандықтан, әдетте "психикалық дамудың кешігуі" деген қорытынды мектеп жасына дейінгі балаларға 4-5 жастан ерте емес, іс жүзінде мектептегі оқу процесінде белгіленеді.

Зерттеулер көрсеткендей, психикалық дамудың кешеуілдеуінің тұрақты формалары орталық жүйке жүйесінің мозаикалық органикалық зақымдануымен байланысты. Бұл олардың ми құрылымдарының толық дамымауымен сипатталатын зият бұзылысынан ерекшеленеді. Мектеп жасына қарай психикалық қызметтің барлық салаларында психикалық дамудың артта қалуы бәріне ортақ. Бұл сенсорлық ақпаратты қабылдау және

өндеу жылдамдығының нормасымен салыстырғанда баяулау, ақыл-ой операциялары мен әрекеттерінің жеткіліксіз қалыптасуы, танымдық белсенділіктің төмендігі және танымдық қызығушылықтардың әлсіздігі, қоршаған орта туралы білім мен идеялардың шектеулілігі, тез шаршау, сөздік қордың аздығы, қабылдау мен ойлау қызметінің төмендігімен көрінеді [2].

Балалар сөйлеуі артта қалады және эмоционалды-ерікті саланың дамуындағы кемшіліктер эмоционалды тұрақсыздық пен қозғыштықта, мінез-құлықты ерікті реттеудің қалыптаспауында, оқу мотивациясының әлсіздігінде және ойынның басым болуында көрінеді. Сондай-ақ, моториканың қалыптасуындағы кемшіліктер, әсіресе ұсақ, қозғалыстарды үйлестірудегі қиындықтар, гиперактивтіліктің көріністері тән. Бұл ерекшеліктер ғалымдардың осы санаттағы балалар тек мектеп кезеңінде ғана емес, ең алдымен мектепке дейінгі балалық шақта арнайы түзету-дамыту жаттығуларын ұйымдастыруды талап етеді деген маңызды қорытынды жасауына мүмкіндік берді. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, қалыпты дамып келе жатқан балалармен салыстырғанда психикалық дамуы кешеуілдеген мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні, қабылдауы, есте сақтауы, жеке іс-әрекеттің дамымауы, сөйлеудің артта қалуы, сөйлеу белсенділігінің төмен деңгейі, сөйлеудің реттеуші функциясының қалыптасу қарқынының баяулауы анық байқалады. Осы аталған ерекшеліктер мектепке дейінгі психикалық дамуы тежелген балалардың жетекші ойын іс-әрекетінде анық көрінеді және ересек тобындағы балалар мотивациялық-қажеттілік компонентінің жетілмегендігімен, символдық функциямен жұмыс жасаудағы эмоциялық-еріктік сала бұзылысының қиындықтарымен сипатталады.

Кішкентай бала өз эмоцияларын ақылмен басқара алмайды. Оның сезімдері тез пайда болады және тез жоғалады. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды саласының қалыптасуымен сезімдер күрделене бастайды, ойлауға бағынады. Бірақ бұл бала моральдық нормаларды игеріп, олармен өз іс-әрекеттерін байланыстырған кезде болады. Баланың эмоциялық-ерік саласының ерекшеліктері ересек адамдардың білімімен және бейсаналық көрінісімен байланысты қалыптасады, себебі бала ересек адамға еліктеп, оған өте ерте «қызығушылық» танытады.

Балалардың эмоционалды дамуының ерекшеліктерін нақты анықтау және түсіну үшін ең алдымен қалыпты психофизикалық дамуы бар баланың эмоцияларының қалай дамидынын, эмоцияның сезімдерден ерекшелігін байқаймыз, содан кейін психикалық дамуы тежелген мектепке дейінгі балалардағы эмоционалды дамудың қандай бұзылыстары болатынын байқай аламыз [3].

Баланың барлық іс-әрекеттері, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы эмоционалды саланың дамуына ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі бала өзінің сезімдерін ғана емес, айналасындағы адамдардың тәжірибесін де түсінуді үйренеді. Ол эмоционалды күйлерді мимика мен пантомимика арқылы олардың сыртқы көріністерімен ажырата бастайды [4]. Бала эмоционалды күйлердің барлық түрлерін арт-терапия құралдары арқылы жеткізе алады. Ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «арт – терапия» термині бейнелеу өнерімен емдеу болып табылады. Бұл бағыт психология, медицина, педагогика, мәдениеттану және т.б. сияқты салаларды қамтитын пәнаралық тәсіл болып табылады. «Арт-терапия» ұғымы көркемдік тәжірибеге негізделген, бұл арт-терапевтік сабақтар процесінде адамның бейнелеу қызметіне енуіне байланысты.

«Арт-терапияны» (art therapy) алғаш рет М.Наумбург және А.Хилл тәжірибенің клиникалық формаларын анықтау үшін қолдана бастады, оның барысында эмоционалды, психикалық немесе физикалық бұзылулары бар науқастарды сүйемелдеу жүзеге асырылды және оларды емдеу, оңалту мақсатында шығармашылық жұмыс жүргізілді.

Арт-терапияны қолданудың мақсаты - әлеуметтік ортадағы өнер және көркемдік қызмет арқылы психикалық дамуы тежелген балалардың ерекше психологиялық-педагогикалық қолдауға бейімделу қабілетін қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін әртүрлі бағыттағы міндеттерді шешу қажет:

➤ эмоционалды – ерікті саладағы кемшіліктерді түзету: агрессивтілік, ашуланшақтық, қыңырлық, окшаулану және т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерді жою және алдын алу;

➤ психикалық дамуы тежелген балаларға ұжымда психологиялық бейімделу дағдыларын қалыптастыру;

➤ невротикалық көріністерді жеңу: қорқыныш, үрей және т.б.;

➤ тұлғааралық сенім мен топтық ынтымақтастықты тәрбиелеу [5].

Арт-терапия әртүрлі бағыттар мен түрлерді қамтиды, олардың әрқайсысын толығырақ қарастырамыз:

Сурет терапиясы - оның жұмыс процесі сурет пен түс, саз және ермексазбен жұмыс істеуден тұрады. Сурет салу процесі психикалық дамуы тежелген балаға жағымсыз эмоциялардан арылуға көмектеседі, ал іс-әрекеттің өніміне сүйене отырып, мұғалім баланы не мазалайтынын анықтай алады.

Ертегі терапиясы - бұл ертегі, астарлы әңгіме, аңыз оқиғалары мен нақты өмірдегі мінез-құлық арасындағы байланысты қалыптастыру процесі арқылы емдік әсер.

Құм терапиясы - баланың өз өмірін, өз әлемін өз қолымен құру қабілеті мен құқығының символдық көрінісі. Құм терапиясы балалардың вербалды емес және ауызша әңгіме тіркесіміне негізделген.

Ойын терапиясы - бұл арт-терапияның бір түрі, соның арқасында балалардағы эмоционалды және мінез-құлық бұзылыстарын түзету жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта түзетудің психологиялық әдістерінің белсенді дамуына байланысты көптеген мамандар жұмыста дамуында бұзылысы бар және мұғалімнің көмегіне мұқтаж балалармен арт-терапия әдістерін қолданады. Арт-терапия әдістерін психикалық дамуы тежелген мектепке дейінгі балалардың эмоциялық - ерік саласының бұзылыстары болған кезде кеңінен қолдануға болады. Арт-терапияны жиі қолдану арқылы мұғалім келесі мәселелерді шеше алады:

➤ есте сақтау және еңбекке қабілеттілік процестерін белсендіреді;

➤ танымдық-эмоционалды саланы және шығармашылық қабілеттерін дамытады;

➤ тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады.

Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді жеңу: байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Жоғары психикалық функцияларды қалыптастыру: зейінді шоғырландыру, бөлу және ауыстыру қасиеттерін дамыту; көру, есту және ауызша есте сақтауды дамыту.

Арт-терапия психикалық дамуы тежелген балалармен келесі бағыттар бойынша түзету жұмыстарын жүзеге асырады:

Диагностикалық бағыт – психикалық дамуы тежелген баланың интеллектуалды, эмоционалды және жеке сипаттамаларының деңгейін анықтауды білдіреді.

Профилактикалық бағыт - оң бейнелерді қабылдау процесі психикалық дамуы тежелген балаға күшті психотерапиялық әсер етеді, олардың жанжалды жағдайынан өз бетінше шығуға көмектеседі.

Түзету бағыты - нәтижесінде маман әртүрлі мәселелері бар балалармен жұмыс жасаудағы оң нәтижелерді атап өтеді [6].

Арт-терапияның белсенді (актив) және белсенді емес (пассив) екі түрі бар.

Арт-терапияның *белсенді емес* түрі - бұл адамның басқа адамдардың өнер туындыларын қабылдау процесі, мысалы картиналарды қарау, кітап оқу, музыка тыңдау және т.б.

Арт-терапияның *белсенді* түрі - бұл адамның шығармашылық қызметке белсенді қатысатын процесі, атап айтқанда: өзі суреттер жасайды, ертегілер немесе әңгімелер жазады және т.б.

Қазіргі уақытта арт-терапия білім беру процесінде белсенді қолданылады. Осылайша, арт-терапия өзіне белгілі бір міндеттер қояды.

➤ арт-терапевтік әдістерді бейімдеу және оларды балалармен және олардың ата-аналарымен психокоррекциялық жұмыс жүйесінде қолдану.

➤ Әртүрлі жастағы балалармен психокоррекциялық жұмыста арт-терапияны қолданудың ерекшеліктерін анықтау және тиімділігін анықтау.

➤ Балалардағы әртүрлі бұзылуларды түзетуді қамтамасыз ететін арт-терапиялық технологиялар мен түзету бағдарламаларын әзірлеу.

➤ Арт-терапевтік әдістер арқылы баланың психоэмоционалды жағдайын үйлестіру және оның мәдени-білім беру кеңістігінде әлеуметтік бейімделу.

Арт-терапия түзету процесінде үлкен рөл атқарады, шығармашылық саласында жаңа білім, дағдыларды алуға ықпал етеді, баланың әлеуметтік қабілеттерін дамытады, басқа адамдармен қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін игеруге көмектеседі, өзін-өзі тануға әсер етеді, сонымен қатар өз әрекетін реттеуге үйретеді. Бұл психикалық дамуы тежелген балалардың эмоциялық-ерік сферасын түзете-дамытуға зор үлесін қосады.

Қорыта келе, біз психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық-еріктік саласын арт-терапия құралдары арқылы дамытудың маңызы туралы келесідей тұжырым жасадық:

1) Арт-терапия - бұл психокоррекцияда қолданылатын өнер түрлерінің жиынтығы, әдістер немесе әдістер кешені.

2) Арт-терапия - психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық-еріктік саласын дамыту құралы.

3) Білім беру процесінде арт-терапияны қолдану көптеген мәселелерді шешуге ықпал етеді.

4) Арт-терапия ойлар мен эмоцияларды дамытуға мүмкіндік береді, шаршауды, жағымсыз эмоционалды күйлерді және олардың көріністерін азайтады.

5) Арт-терапия арнайы білім беру мекемелерінің қызметіндегі құнды құрал.

6) Арт-терапия психикалық дамуы тежелген балаларды түзету және дамыту жұмысындағы жаңа бағыт болып табылады.

7) Арт-терапияны қолдану барысында психикалық дамуы тежелген бала жалғыздық сезімінен, қорқыныш пен алаңдаушылықтан арылады.

8) Арт-терапевтік сабақтар психикалық дамуы тежелген балаларға психотерапиялық әсер етіп, эмоционалды-еріктік саланың жақсаруына әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исакова М.С. Арнайы психология. –Алматы, 2016. -256 б.
2. Коккозева К.Ш. Арнайы педагогика: Оқу құралы. –Алматы, 2018. -244
3. Специальная педагогика. под ред. Н.М.Назаровой. –М., 2013. - 384 с.
4. Данилина Т.А. В мире детских эмоций. Пособие для практических работников ДОУ. – М. Айрис-пресс. 2004. – 160 с.
5. Лебедева Л.Д. Практика арт-терапии: подходы, диагностика, система занятий. СПб.: Речь, 2013. – С. 81.
6. Мардер Л. Цветной мир. Групповая арт-терапевтическая работа с детьми дошкольного и младшего школьного возраста. - «Генезис», 2012 г. – С. 73.

Е.АШЫҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАЛПЫ ТІЛ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Таганова А.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, п.ғ.к доцент

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

E-mail: Aru73@mail.ru

Андырмаш Ж.Қ.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
7М01902 - Арнайы педагогика ББ 2-курс магистранты
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: zhasmin22122020@icloud.com

Андатпа: Бұл мақалада жалпы сөйлеу бұзылыстары бар балалардың байланыстырып сөйлеуін Е.Ашықбаевтың шығармалары арқылы дамыту қарастырылады, оның мақсаты – сөйлеу дамуында кешеуілдеуі бар балалардың тілдік дағдыларын көркем әдебиет арқылы жақсарту жолдарын зерттеу. Мақала балалардағы сөйлеу кемшіліктерін түзетуге арналған педагогикалық әдістер мен тәсілдерді анықтауға бағытталған. Көркем әдебиет, әсіресе ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар мен әңгімелер балалардың сөздік қорын кеңейтуге және грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдалануға үйретуге ықпал етеді. Шығармалармен жұмыс істей отырып, балалар ойларын дұрыс және толық жеткізуге мүмкіндік алады. Көркем шығармалармен жұмыс істеу балалардың сөздік қорын молайтуға ықпал етеді. Ертай Ашықбаев шығармаларының балалар тілін дамытудағы маңызына ерекше назар аударылады. Бұл мақала жалпы сөйлеу бұзылыстары бар балалардың тілін дамытуға бағытталған әдістердің тиімділігін көрсетуге арналған.

Тірек сөздер: тіл бұзылысы, балалар, байланыстырып сөйлеу, көркем әдебиет, сөйлеу дағдылары, сөйлеу мәдениеті, сөздік қор, педагогика.

Аннотация: В данной статье рассматривается развитие связной речи у детей с общими речевыми нарушениями через произведения Е. Ашықбаева. Цель статьи — исследовать пути улучшения языковых навыков детей с задержкой речевого развития с помощью художественной литературы. Статья направлена на определение педагогических методов и подходов для коррекции речевых дефектов у детей. Художественная литература, особенно сказки, стихи, скороговорки и рассказы, способствует расширению словарного запаса детей и обучению правильному использованию грамматических конструкций. Работая с произведениями, дети получают возможность правильно и полно выражать свои мысли. Работа с художественными произведениями помогает детям расширять свой словарный запас. Особое внимание уделяется значению произведений Е. Ашықбаева в развитии речи детей. Эта статья направлена на демонстрацию эффективности методов, направленных на развитие речи детей с речевыми нарушениями.

Ключевые слова: речевые нарушения, дети, связная речь, художественная литература, речевые навыки, культура речи, словарный запас, педагогика.

Abstract: This article examines the development of connected speech in children with general speech disorders through the works of E. Ashykbayev. The aim of the article is to explore ways to improve the language skills of children with speech delays through the use of literature. The article focuses on identifying pedagogical methods and approaches for correcting speech deficiencies in children. Literature, especially fairy tales, poems, tongue twisters, and stories, helps expand children's vocabulary and teaches them how to correctly use grammatical structures. By working with these works, children are given the opportunity to express their thoughts correctly and completely. Special attention is given to the significance of the works of E. Ashykbayev in the development of children's language. This article aims to demonstrate the effectiveness of methods aimed at developing the speech of children with speech disorders.

Keywords: speech disorders, children, connected speech, artistic literature, speech skills, speech culture, vocabulary, pedagogy.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы - есту қабілеті мен ой-өрісі қалыпты баланың мағыналық сөйлеу тілінің компоненттерінің бұзылуынан болатын күрделі тіл тежелуі. Бұл жағдай баланың тілдік дамуына кедергі келтіріп, оның қарым-қатынасқа түсудегі

қиындықтарын арттырады. Сөйлеудің бұзылуының түрлі себептері бар: мұнда есту қабілеті, моторика, психологиялық факторлар және ортаның ықпалы да маңызды рөл атқарады. Алайда бұл қиындықтарды жеңу үшін түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады. Жалпы тіл бұзылысы бар балалардың тілдік дамуында көптеген артта қалушылық байқалады. Бұл тежелулердің басты себептері – балалардың дұрыс сөйлем құра алмауы, грамматикалық ережелерді бұзу, сөздерді дұрыс таңдамау және олардың сөйлеу қарқынын реттей алмауы. Жалпы тіл бұзылысы бар балалардың тілін дамытуда маңызды роль атқаратын факторлардың бірі – көркем әдебиет. Көркем әдебиет балалардың сөздік қорын кеңейтуге, грамматикалық құрылымдарды меңгеруге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. [1]

Көркем әдебиет -мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың қуатты құралы болып табылады. Ол сөйлеуді дамытудың негізі және балалардың сөздік қорын толықтыруда үлкен рөл атқарады. Көркем әдебиет арқылы балалар тілінің дамуы тек сөздік қорды байытумен шектелмейді, сонымен қатар баланың өзіндік әлемін, ойлауын және моральдық құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әдеби шығармалар баланың тілінің көркемдігі мен байлығын түсінуіне, сондай-ақ қоршаған ортаны эстетикалық қабылдауға үйретеді. Бұл ретте көркем сөз балаға өзінің туған тілінің әдемілігін түсінуге, оны сөйлеуде дұрыс әрі әсерлі қолдануға мүмкіндік береді. Көркем әдебиет – мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың қуатты құралы.

Көркем әдебиет балалардың тілін дамытуға үлкен әсер етеді. Әдеби шығармалар балалардың сөздік қорын кеңейтіп, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануды үйретеді. Мысалы, ертегілерде кездесетін кейіпкерлердің диалогтары мен іс-әрекеттері балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, балалардың логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге де көмектеседі. Көркем әдебиет арқылы балалар өз эмоцияларын, ойларын толық әрі нақты жеткізуге үйренеді. Әсіресе, өлеңдер мен жаңылтпаштар балалардың тілдік дамуына ықпал етеді, өйткені олар дыбыстарды дұрыс айтуға, сөйлеу қарқынын реттеуге үйретеді. [2]

Көркем әдебиет балалардың тілін дамытуда маңызды құрал болып табылады. Көркем әдебиет балаларға сөздік қорын кеңейтуге көмектеседі. Әдеби шығармаларда жаңа сөздер мен сөз тіркестері кездеседі, оларды балалар меңгеру барысында сөздік қоры қалыптасады. Сонымен қатар грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануды үйретеді. Әсіресе ертегілер, өлеңдер мен әңгімелер, сөйлемдерді дұрыс құруға, грамматикалық ережелерді ұстануға зор ықпал етеді. Эмоциялар мен ойларды жеткізу дағдыларын дамытады. Көркем әдебиет арқылы балалар өз сезімдері мен ойларын нақты әрі толық жеткізуге үйренеді. Дыбыстарды дұрыс айтуға және сөйлеу қарқынын реттеуге үйретеді. Өлеңдер мен жаңылтпаштар балалардың тілдік дамуына ықпал етіп, дұрыс дыбыстау мен сөйлеу ырғағын қалыптастыруда көмек болады.

Көркем әдебиет арқылы байланыстырып сөйлеуді дамыту әдістері өте көп. Әр түрлі әдістерді қолдану арқылы балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады. Көркем әдебиетпен жұмыс жасағанда мәтіннің мазмұнын талқылау, оған сүйене отырып өз пікірін білдіру, сұрақтар қою және оқылғанды шығармашылық тұрғыдан қайта айтып беру арқылы баланың тілдік дағдылары дамиды.

Ертай Ашықбаев - қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі. Оның шығармаларының негізгі тақырыптары балалардың әлемі, олардың қоршаған ортаға көзқарасы, табиғаттың көркем бейнесі мен адамның рухани дүниесі. Балалардың сөйлеу тілін дамыту үшін оның шығармаларындағы сөз қолдану ерекшеліктері мен тілдік құралдардың мәні зор. Өлеңдер мен әңгімелерде жиі кездесетін қайталаулар, метафоралар мен бейнелі сөздер балалардың тілін байытып, сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Ертай Ашықбаевтың шығармаларында қолданылатын тілдік құралдардың ішінде аллитерация , яғни дыбыстардың қайталануы, асонанс немесе дауысты дыбыстардың қайталануы. Дауысты дыбыстардың жиі қайталануы арқасында шығармалары бала тіліне жеңіл. Сонымен қатар ұйқас және сөздердегі ырғақтық үйлесімдер балалардың тілдік

қабылдауын жетілдіреді.Қарапайым сөздер мен тіркестер баланың сөздік қорын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, «Бал бөпем» өлеңінде қолданылатын қайталаулар

«Бал-бал бөпем, бал бөпем

Бал жемістен ал бөпем

Шырынына қан бөпем

Шырқап әнге сал бөпем » баланың сөйлеу тілін дамытуға көмектеседі.[3] Бұл қайталанулар мен әуезділік тілдің дұрыс айтылуына, буындардың дұрыс бөлінуіне және үндестік заңдарының сақталуына септігін тигізеді. Өлеңде дыбыстардың қайталануы мен үйлесімділігі айқын байқалады, ол балалардың дұрыс сөйлеуін дамытуға, сөздерді айқын айтуға, ырғақты сезінуге көмектеседі.

Балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды түсіну үшін алдымен тіл бұзылыстарының негізгі түрлерін қарастыру қажет. Оларға мыналар жатады:

1. Фонетикалық бұзылыстар – дыбыстарды дұрыс айтпау, буындарды дұрыс бөліп айту, сөздерді айқын сөйлемей.
2. Лексикалық бұзылыстар – сөздік қордың аздығы, сөздердің дұрыс таңдалмауы, сөздердің мағынасының бұрмалануы.
3. Грамматикалық бұзылыстар – сөйлемдердің құрылымы дұрыс болмауы, сөйлемде сөздер бір-біріне сәйкес келмей қолданылуы.
4. Сөйлеу әрекеттері бұзылыстары – сөздерді байланыстыра алмау, ойды жүйелі түрде жеткізе алмау.

Бұл бұзылыстардың әрқайсысы баланың тілін дамыту барысында түрлі қиындықтар туындатуы мүмкін. Дегенмен, Ертай Ашықбаевтың шығармаларын қолдану арқылы бұл бұзылыстарды түзетуге болады. Ертай Ашықбаевтың шығармаларын қолдана отырып, балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуда бірнеше тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

Фонетикалық дағдыларды дамыту: Ертай Ашықбаевтың өлеңдерінде көбінесе дыбыстар мен буындардың қайталануы, үндестік заңдары жақсы сақталған. Балалар осы өлеңдерді қайталап оқи отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға, буындарды дұрыс бөлуге үйренеді. Мысалы, «Бал бөпем» өлеңін оқи отырып, балалар «б», «п» дыбыстарын қайталап айтып, тілдерін дұрыс жаттықтырады.

Лексикалық дағдыларды дамыту: Өлеңдер мен әңгімелердегі сөздер мен тіркестердің мағынасына терең бойлау арқылы балалардың сөздік қорын кеңейтуге болады. Ертай Ашықбаевтың шығармаларында кездесетін бай сөздер, теңеулер мен образдар балалардың лексикалық қорының молаюына ықпал етеді. Грамматикалық дағдыларды дамыту: Ертай Ашықбаевтың өлеңдерінде қарапайым және түсінікті грамматикалық құрылымдар көп кездеседі. Балалар осы құрылымдарды меңгеру арқылы сөйлемдерді дұрыс құрастыруды үйренеді.

Шығармашылық дағдыларды дамыту: Өлеңдер мен әңгімелер балалардың қиялын дамытуға ықпал етеді. Балалар көркем сөздер мен метафораларды қолдана отырып, өз ойларын шығармашылық түрде білдіруге үйренеді.[4]

Монтессори технологиясын қолдана отырып, психикалық дамуы тежелген баланың сенсорлық дамуын (ПДТ) қолдау ерекше маңызды. Бұл әдіс баланың табиғи мүдделерін, оның даму қарқынын және жеке қажеттіліктерін ескере отырып, арнайы ұйымдастырылған сенсорлық ортада жүзеге асырылады. Бұдан шығатыны, ақыл-есі кем балалар үшін сенсорлық тәжірибе олардың қоршаған ортаны түсінуін және әлеммен байланысын жақсартады. Қайталау арқылы біз сенсорлық дағдыларды игереміз және жаңа ақпаратты қабылдау қабілетін арттырамыз деген қорытындыға келе отырып, Біз М.Монтессоридің ең бай арсеналынан бірнеше жаттығулар ұсынғымыз келеді.

"Рельефті сандар" жаттығуы. Жаттығудың мақсаты - тактильді сезімдерді нақтылау. Тактильді сезімдер арқылы санауды үйрену. Хатқа дайындық.

Материалдар: барқыт қағаздан жасалған фигуралар картон табақтарға жабыстырылған. Жұмыс сипаттамасы: бала алдына цифрлардың бедерлі жазуы бар штанганы қояды. Мысалы, "1" саны бар тақта. Мұғалім оны сырғытып, санды қалай жазу керектігін көрсетеді. Бала бұл қозғалысты қайталайды және соңында санды атайды. Ол белгілі бір фигураның контурын жақсырақ түсіру үшін ауадағы қол қимылдарын қайталай алады.

Түсініктеме: математика бойынша Оқу материалдары баланы сандар мен санау әлеміне енгізеді. Бедерлі қағаз беттерінің арасындағы айырмашылық баланың санды жазу кезінде қолының жанасуын сезінгенде сенсорлық қабылдауына ықпал етеді, бұл жақсы есте сақтау үшін пайдалы және олар сандарды жазуға дайындалады.

"Пинцет моншақтарының жиынтығы" жаттығуы. Жаттығудың мақсаты-ұсақ моториканы дамыту. Саусақ қозғалысын жақсарту. Қолды жазуға дайындау.

Материал: кішкентай моншақтар, ойықтар, пинцет.

Жұмыс сипаттамасы: бала қолымен пинцет алады, моншақтардың ұштарын тостағанға ақырын ұстап, оларды ұяшықтарға апарады. Ұяшықтар толған кезде моншақтар қайтадан пинцетпен жиналады.

Түсініктеме: бұл жаттығу әсіресе саусақтарды үйлестіруді жақсы үйретеді, содан кейін бала кішкентай әріптер жазуға машықтанады. Жұмыс кезінде баланың назарын аударуды талап етеді және ішкі бақылауды қамтиды. Егер бала пинцетпен ыңғайсыз жұмыс жасаса және моншақ құлап кетсе, ол әрқашан өз қателігін түзете алады. Баладан қозғалыс дәлдігін талап етеді.

Қорытындылай келе, Монтессори технологиясы психикалық дамуы тежелген баланың сенсорлық дамуына жүйелі, терең және бейімделген тәсілді ұсынады. Бұл әдіс олардың әлеуетін ашады және күнделікті өмірде қолдануға қажетті сенсорлық дағдыларды нығайтуға көмектеседі.

Дамушы ортада Монтессори технологиясымен жұмыс нәтижесінде психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық функцияларынан басқа сенсорлық қабілеттерді, қоршаған орта туралы білімді, ұсақ моториканы, сөздік қорын дамытуға болады.

Біз Монтессори технологиясы арқылы психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық функцияны дамыту мүмкіндігі жоғары деген қорытындыға келеміз, өйткені Монтессори технологиясын өзгерту арқылы баланың жан-жақты дамуына әртүрлі ойындар арқылы әсер етіп, оның қызықты және дамытушы ортада болуын қамтамасыз етуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Монтессори М. Дом ребенка: метод научной педагогики. – Гомель, 1993.
2. Щербакова Е., Голицина В. К вопросу о развитии познавательной активности // Дошкольное воспитание. – 1991. – №10. – С. 36.
3. Монтессори М. Помоги мне сделать это самому. – М.: Издат. дом «Карапуз», 2000.
4. Хилтунен Е.А. Дети Монтессори. – М.: Издательство «Астрель», - 2008.
5. Афанасьева Т.А., Сумнительный К.Е. Я люблю Монтессори. – М.: Издат. дом «Карапуз», 2004.
6. Монтессори Press [Электронный ресурс], режим доступа <http://montessori-press.ru>, свободный (дата обращения: 10.10.2020г.)

ЦИФРЛЫҚ АУТИЗМ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Таганова А.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: agu73@mail.ru

Туркменбай Т.А.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
БВ03101-Психология ББ 2 курс студенті
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада сандық аутизм - бұл соңғы жылдары зерттеушілердің назарын аударған құбылыс, бұл адамның нақты әлеуметтік өзара әрекеттесуден алшақтап, цифрлық технологияға тәуелді болуынан туындаған мәселе екендігі жайында және бұл термин негізінен балалар мен жасөспірімдер арасында байқалатын әлеуметтік

дағдылардың төмендеуін және коммуникативті қиындықтарды сипаттайтын, бірақ ересектер арасында да әбден болуы мүмкін келелі мәселе жайында сөз болмақ.

Тірек сөздер: телефон, ата-ана мен бала, дамудың тежелуі, көңіл бөлу.

Аннотация. В этой статье речь пойдет о том, что цифровой аутизм - это явление, которое привлекло внимание исследователей в последние годы, это проблема, вызванная тем, что человек дистанцируется от реального социального взаимодействия и становится зависимым от цифровых технологий, и этот термин в основном описывает снижение социальных навыков и коммуникативные трудности, наблюдаемые среди детей и подростков, но вполне может возникнуть и среди взрослых.

Ключевые слова: телефон, родитель и ребенок, задержка развития, внимание.

Annotation. This article will focus on the fact that digital autism is a phenomenon that has attracted the attention of researchers in recent years, it is a problem caused by the fact that a person distances himself from real social interaction and becomes addicted to digital technology, and this term mainly describes the decline in social skills and communication difficulties observed among children and adolescents. teenagers, but it may well occur among adults.

Keywords: Phone, parent and child, developmental delay, attention.

Қазір еңбектеген баланың да, еңкейген қарттың да телефонның шырмауынан шыға алмаған заманы. Соңғы уақытта «Цифрлық аутизм» деген «сырқат» пайда болды [1].

Әлемде бұл дерт жайлы айтылып жүргені баршамаға аян, дегенмен қанша дабыл қағылса да, белгілі бір деңгейде, шешімін таппай келе жатырған мәселе екендігі анық. Бұндай сандық аутизмге бой ұрған балалар сөйлей алмайды, ойын жеткізе алмайды, тіпті, өкінішке орай, қатарларымен ойнай да алмайтын деңгейге жетіп отыр.

Қоғам болып «аутизм» деген сөзге үрейлене қараймыз. Бірақ күн сайын гаджеттің алдында телміріп отыруды қалыпты жағдай санап, смартфонсыз бір сағат қалудан қорқамыз. Ғалымдар ми қызметі бұзылуының жаңа, әлі зерттелмеген түрін «цифрлық аутизм» деп баға берген [2].

Аутизм жоғары жүйке жүйесінің бұзылуынан туындайтын ауыр психикалық дерт болса, ал цифрлық аутизм қолымыздағы смартфонның құдыретінен туындаған, адамның өзінің қолдан жасап алған ауруы.

Қай жерде жүрсек те, ол қала болсын, ауыл болсын, тіпті желісі жоқ пойыз бен ұшақта да телефонға телмірген адамдар... Телміріп отыратындары соншалық, есімдерін екі қайтара айтып шақырмасаң, саған назар аудармайды да.

Қазір әлеуметтік желідегі әдемі адамдар, мінсіз өмір, ақылдылар мен данышпандар елдің назары болды. Біреулері осындай мінсіз көріністердің арқасында заманмен бірге дамып, өсіп жатса, екіншілері өздерінің өмірлеріне қанағатсыздық танытып өз-өздеріне күрсінуде. Негізгі мәселе осы қанағатшылық пен күрсінуден бітсе мейлі ғой... Бірақ, осындай әдемі бейнені көремін деп немесе осы әдемі мінсіз өмірді сүремін, елмен бірге дамимын, мінсіздікті менде көрсетемін деп, шынайы өмірді, отбасын, балаларын ұмытқандар қаншама... Жылаған баланы әлдімен, махаббатпен, қамқорлықпен емес, осы смартфонмен жұбататындар қаншама... Сонда нәтиже...

Бір-бірімен сөйлеспейтін ата-ана мен бала, бір-бірімен араласып, бірге әңгіме айтып, бірге ойнамайтын бауыр, отбасылық дастарқандағы үнсіздік немесе тіпті бір дастарқанның басында бас қоспайтын отбасы, көңілді даладан іздеген бала, тәрбиені беріп жатырған телефон...

Ал осындай отбасылық жағдайда өсіп жатырған нәрестелер ше?. Баланың жасының үш-төртке келіп, тіпті ана, әке деген сөзді айта алмауын, қатарластарымен бірге қосылып ойнай алмауын әлі де еркелік деп көз жұмып қарай береміз бе?.

– Пәленше, дефектолог бол, қазір барлық жерге керек, жұмысты тез табасың, айлығы керемет,- деп, мектеп бітірушіге ақыл айтатындар қаншама?. Дефектологтарға

сұраныстың артуы қалыпты ма?. Дұрыс немесе мүлдем сөйлей алмайтын, ойлай алмайтын, қанша шақырсаң да саған назар аудармайтын балалардың санының артуы ешкімді алаңдатпайды ма?. Кінә кімнен, неден?. Осыдан он жыл бұрын бұндай мәселе болды ма, «дефектология» немесе «логопедия» ұғымдары бізге таныс па еді?.

Әрине жоқ, бізге бұндай жағдаяттар да мамандар да таныс емес еді. Тіпті ол мамандарды қоя тұрсақ, қарапайым офтальмолог дәрігерлерге кезек болмайтын. Ал қазірше, екі-үш күн алдын офтальмолог дәрігерге жазылмасаң, кіріп қарала алмайсың, екінің бірі көзілдірікте, бір шағын ауданда екі оптика. Жастары не бәрі бес-алты жаста болса да арнайы көру көзілдірігін киіп жүрген балалар қаншама?. Бұның барлығының себебі - жоғарыда айтып кеткен кішкентай телефонның ықпалы.

Шетелдік маман ата-аналар өз балаларын виртуалды ортада 5 сағаттан артық қалдырса, мұндай жағдайдың басым бөлігінде балаларда психомоторлық дамудың кешігуі, тілінің кеш шығуы, мінез-құлықтың бұзылуы және аутизмге ұқсас белгілердің пайда болатынын мәлімдеді [3].

Қазіргі таңда бес баланың екеуінде осындай белгілер кездеседі. Тіпті бір отбасының қатар өсіп жатқан екі баласында да кездескен жағдаяттарды көріп жүрміз... Неге десеңіз, қазіргі таңдағы балаларға қамқоршылары үш-төрт айлығынан бастап мультфильм көрсетіп бастайды, баланың көруі өскен сайын ұлғайып, бала сол бейненің ішіне қатты кіріп, шынайы өмірді тысқары қалдырып, содан осындай жүре келе дамуы тежелген балалар пайда болады. Бұл жағдайға бәлкім қамқоршыларды да кінәләй алмаймыз, қазір бәрі жұмыс басты балаға бөлетін уақыт аз, әлди айтып отыратын ана мен ертегі айтатын әжелердің бәрі жұмыста, баланы тыныштандыратын жалғыз нәрсе осы - теледидар мен телефон болып отыр... Бірақ ең құрығанда көрсету шегін білсек, балаға екі-үш сағатты арнасақ, онымен бірлесіп ойнасақ, сөйлессек, бұл жағдайдың алдын алар ма едік?.

Кейбір ата аналарда уақыттың шектеулігі соншалық, тіпті баланы күнделікті таза ауаға шығару үлкен мәселе. Шығарғанның өзінде де, бала бір жақта, қамқоршы басқа жақта, тағы да балаға көңіл бөлінбей қалатын сәттер болады...

– «Ана, қарашы» «Ана, қалай сырғанағанымды көрдің бе?»-деген сұрақтарына бала, әдетте жауапқа үнсіздік қана алатын сәттер болады. Себебі, ананың көңілі балада емес, телефонда. Телефонның шырмауындағы ана баланың «ана» деген сөзіне бірден назар аударар қойуы екіталай... Соның арқасында балада отбасыдағы көңілден көрі, телефондағы бейне жақынырақ болады. Нәтижесінде дұрыс ойлана алмайтын, мүлдем немесе дұрыс сөйлей алмайтын, қоғамға қосыла алмайтын бала қалыптасады.

Зерттеушілер цифрлық аутизмнің белгілерін классикалық аутизм спектрінің бұзылуымен салыстырады. Алайда, классикалық аутизм туа біткен неврологиялық бұзылыс болса, цифрлық аутизм – бұл технологияға шамадан тыс құмарлықтан дамиды, мінез-құлық құбылысы. Психологтар мен неврологтар сандық құрылғыларды ұзақ уақыт пайдалану:

- Эмоционалды интеллекттің төмендеуі;
- Ауызша және вербалды емес қарым-қатынастың әлсіреуі;
- Нақты әлеуметтік ортадан оқшаулауға;
- Назар аудару қабілетінің төмендеуі;
- Бұл мидың когнитивті дамуындағы кідірістерге әкелуі мүмкін екенін анықтады.

БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сандық құрылғыларды шамадан тыс пайдаланудың балалар психикасына кері әсерін бірнеше рет атап өтті.

2 жасқа дейінгі балалар үшін экран уақытын және 5 жастан асқан балалар үшін күніне 1-2 сағаттан артық емес шектеу бойынша ұсыныстар берілді.

Сондықтан әлеуметтік желілерге деген тәуелділіктен қалай құтылуға болады?. Көптеген ата-аналар балаларынан жоғарыда айтылған белгілер көрінгеннен кейін ғана, әрекет жасап бастайды. Деректер телефонын алып немесе теледидарды көруге тиым салып,

бірден шектеулер қойып тастайды. Бірақ телефонсыз баланың бос уақытта не істейтінін, немен айналысатынын ойлайтын ата-аналардың саны аз.

Осы тұрғыда психолог, логопед Бақытгүл Насеридинқызы:

– Телефонды алып қойыңызшы, олардың мінез-құлқы бұзылады. Қазіргі уақытта үлкен қалаларда қай мектептерде болса да көптеген тегін үйірмелер бар. Ата-аналардың екіншіше орай қазір оған мүмкіндігі бар, бірақ жалқаулығы жібермейді. Яғни, момын баланы футбол, волейбол, баскетбол секілді командалық үйірмелерге берген жөн. Ал, гипербелсенді бүлдіршіндерді миды тынықтыратын шахмат, суда жүзуге қатыстырса әбден болады. Баланың энергиясын дұрыс бағытқа жұмсауды үйрену керек дейді психологтар.

Тағы да мамандардың кеңесіне жүгінсек, ата-ананың баламен өткізген уақытының көлемінен бұрын, сапасы маңызды. Әрі кез-келген жастағы адамға ең керегі тек махаббат пен мейірім екенін бәрі біледі,...- дейді [4]

Қорытынды айта кететін ой, қазір қоғам дамуда, жаңа, адам ойлап тапқан нәрселер арқылы өміріміз жеңілдеуде. Әлемде прогресс болып жатқанда, дамудың орнына регресске кетпейік. Өзімізді, бесігімізді түзейік. Жақындарымызға көңіл бөлейік. Туғаннан жоқ ауруды қолдан жасап әбігерге түспейік!

Биылғы жыл басында Сенат депутаттары білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды мақұлдады. Енді оқу үдерісінде ұялы телефондарды пайдалануға шек қойылды. Дегенмен мәселенің отбасынан бастау алатынын аңғару қиын емес.

Технология адамдарды жақындастырғанымен, нақты қарым-қатынастың төмендеуі әлеуметтік дағдылардың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл әсіресе отбасылық қатынастарда, білім беру жүйесінде және жұмыс орнындағы топтық жұмыста байқалады. Шешу жолдары экран уақытын реттеу - балалар мен жасөспірімдерге шектеулер енгізу және сандық детоксикация жүргізу. Балаларды ерте жастан әлеуметтік дағдыларға үйрету - эмоционалды интеллектті дамыту, спортқа, өнерге баулу. Ата-аналардың технологиялық тәрбиеге назар аударуы - бұл баланың құрылғыларды қалай және қанша уақыт қолданатынын бақылау. Цифрлық сауаттылықты арттыру - адамдарға цифрлық әлемнің артықшылықтары мен зиянын ажыратуға көмектесу.

Цифрлық аутизмнен сақтану әр отбасында, ата-ана жауапкершілігінде жатыр. Мамандардың айтуынша, ата-ананың баламен өткізген уақытының ұзақтығынан бұрын, сапасы маңызды. Әр ата-ана баласына күнделікті сапалы бір сағатын арнаса жеткілікті екен. Сапалы дегеніміз – басқа шаруаны ысырып қойып, баланың жанында отыру, сұрағына жауап беру, бар махаббаты мен мейірімін арнау [5].

Цифрлық аутизм - бұл технологиялық дамумен бірге жүретін жаңа әлеуметтік құбылыс. Бұл сандық құрылғыларға шамадан тыс тәуелділіктің нәтижесінде адамның нақты қарым-қатынастан алшақтауына әкеледі. Ғалымдар бұл мәселені елемеу болашақ ұрпаққа кері әсерін тигізуі мүмкін деп ескертеді. Осылайша, адам мен қоғам деңгейінде тепе-теңдікті сақтау және технологияны саналы түрде пайдалану бұл мәселемен күресудің негізгі әдісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://qazaqstan.tv/news/181833/>
2. <https://aikyn.kz/251264/cifrlly-autizm--shynayy-omirden-alystap-ketkender>
3. <https://inbusiness.kz/kz/news/cifrllyk-autizm-smartfonga-zhipsizbajlanudyn-saldary>
4. <https://qazaqstan.tv/news/181833/>
5. <https://ortalyq.kz/tsifrlly-autizm-satyp-al-an-aurudy-emi-bar-ma/>

НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В СОВРЕМЕННОЙ ПЕДАГОГИКЕ: ФОРМИРОВАНИЕ БУДУЩЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Токжанова А.М.

К.п.н., доцент, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
Республика Казахстан, город Актобе
E-mail: Aigul.tokzhanova@gmail.com

Жулаева А.И.

К.м.н., доцент, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
Республика Казахстан, город Актобе
E-mail: azhulayeva@zhubanov.edu.kz

Аннотация: В данной статье перечислены основные тенденции развития современного образования в РК, а именно: личностно-ориентированное обучение, цифровые и гибридные среды обучения, геймификация обучения, социально-эмоциональное обучение, инклюзивная педагогика, искусственный интеллект и аналитика обучения, обучение на основе проектов, образование в области устойчивого развития и глобальной гражданской ответственности, компетентностно-ориентированный подход в образовании. Также рассматриваются возможности включения данных педагогических трендов в систему вузовского образования.

Ключевые слова: персонализированное обучение, нейрообразование, среда обучения, цифровая педагогика, искусственный интеллект

Аңдатпа: Бұл мақалада ҚР-дағы заманауи білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары қарастырылады, атап айтқанда: тұлғаға бағытталған оқыту, цифрлық және гибриді оқыту орталары, оқытуды геймификациялау, әлеуметтік-эмоционалды оқыту, инклюзивті педагогика, жасанды интеллект және оқыту аналитикасы, жобалар негізінде оқыту, тұрақты даму және жаһандық азаматтық саласындағы білім беру, білім берудегі құзыреттілік-бағдарланған тәсіл. Сондай-ақ, осы педагогикалық трендтерді жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіне енгізу мүмкіндіктері қарастырылуда.

Тірек сөздер: жекелендірілген оқыту, нейробілім беру, оқу ортасы, цифрлық педагогика, жасанды интеллект

Abstract: This article lists the main trends in the development of modern education in the Republic of Kazakhstan, such as: personality-oriented learning, digital and hybrid learning environments, gamification of learning, socio-emotional learning, inclusive pedagogy, artificial intelligence and learning analytics, project-based learning, education in the field of sustainable development and global citizenship, competence-based approach in education. The possibilities of including these pedagogical trends in the system of higher education are also being considered.

Key words: personalized learning, neuro education, learning environment, digital pedagogy, artificial intelligence

В эпоху, характеризующуюся быстрыми технологическими изменениями и меняющимися потребностями общества в Республике Казахстан, образование претерпевает глубокие преобразования. Курс на цифровизацию общественных процессов и необходимость внедрения инноваций в образование повлекли за собой изменения в педагогике - искусстве и науке преподавания, которая больше не ограничивается традиционными классными моделями. Вместо этого оно расширяется за счет более инклюзивных, адаптивных и привлекательных подходов. Нами предпринимается попытка

рассмотреть наиболее значимые новые тенденции в образовании, которые формируют современную педагогическую практику.

Важным трендом, направленным на личностно-ориентированное обучение, является персонализированное обучение: адаптация образования к индивидуальным потребностям. Персонализированное обучение подчеркивает важность общения с учащимися в академическом, эмоциональном и когнитивном плане. Этот подход предполагает адаптацию обучения к индивидуальным стилям, предпочтениям и темпу обучения. Используя адаптивные технологии, аналитику обучения и дифференцированные стратегии преподавания, преподаватели могут создавать более значимые и эффективные условия для обучения. В результате повышается вовлеченность, мотивация и успеваемость учащихся.

Относительно редкое, однако уверенно набирающее обороты обучение, основанное на использовании мозга – нейрообразование. Поскольку достижения в области неврологии привели к более глубокому пониманию того, как мозг обрабатывает и сохраняет информацию, у обучающихся, озабоченных личной эффективностью, существует спрос на коучей, способных повысить эффективность когнитивной деятельности с применением технологий майнд-фитнеса, нейрогимнастики. Так, в российский атлас современных профессий сейчас включена профессия майнд-фитнес тренера[1]. Обучение, основанное на работе с мозгом, включает эти знания в практику занятий в классе, делая упор на повторение, эмоциональную связь и мультисенсорный опыт. Эта тенденция позволяет преподавателям разрабатывать уроки, которые согласуются с когнитивными функциями и способствуют долгосрочному запоминанию и пониманию материала.

В рамках развития цифровизации в Казахстане цифровое обучение стало центральным компонентом современного образования, особенно после пандемии COVID-19. Возникшие тренды на микро- и макро- онлайн-обучение позволили многим обучающимся получать свои знания их соцсетей, которые ведут преподаватели. Одним из успешных примеров микрообучения можно считать обучение химии преподавателя Улана Усенова на платформах TikTok и Instagram[2]. Кроме того, новый формат смешанного обучения (blended learning) как гибридная модель, сочетающая очное и онлайн-обучение, обеспечивает гибкость и доступность для разных учащихся[3]. Такие инструменты, как системы управления обучением, мобильные приложения и виртуальные классы, повышают интерактивность и позволяют обучаться самостоятельно, а также прививают учащимся необходимые навыки цифровой грамотности.

Проблемы по малой вовлеченности обучающихся и низкой их мотивацией к обучению, стоящие перед преподавателями, разрешимы при использовании игровых технологий обучения. Геймификация предполагает включение элементов игрового дизайна, таких как очки, уровни и значки, в образовательные мероприятия для повышения мотивации и вовлеченности. Обучение, основанное на играх, идет еще дальше, используя реальные игры в качестве инструментов обучения, способствующих решению проблем, сотрудничеству и вовлеченности. Эти методы задействуют внутреннюю мотивацию учащихся и могут сделать процесс обучения более динамичным и приятным. Геймификация обучения возможна в рамках практического применения навыков на симуляционных тренажерах, а также с применением инструментов, помогающих воссоздать элементы виртуальной и дополненной реальности.

Многими исследователями подчеркивается важность развития эмоционального интеллекта человека для эффективной коммуникации и построения успешной карьеры. В связи с тем, что образование все больше ориентируется на развитие ребенка в целом, социально-эмоциональное обучение (СЭО) приобретает все большее значение. СЭО учит учащихся понимать свои эмоции и управлять ими, строить позитивные взаимоотношения и принимать ответственные решения. Реализуемый с помощью практик осознанности,

рефлексии и групповых дискуссий, СЭО способствует созданию благоприятного климата в классе и поддерживает успеваемость.

Современная педагогика становится все более инклюзивной, признавая важность разнообразия и равноправия в классе. Если под термином специальная педагогика мы подразумевали включение в образовательный процесс детей 8 категорий, то термин инклюзивная педагогика трактуется как учитывающая культурные особенности педагогика. Обучающиеся из среды кандасов, слабо владеющие языком обучения, могут быть вовлечены в учебный процесс при преподавании с учетом культурных особенностей учащихся. Инклюзивные практики, в том числе Universal Design for Learning (UDL), гарантируют, что все учащиеся, независимо от способностей или образования, получают доступ к значимому образовательному опыту.

Искусственный интеллект (ИИ) и аналитика обучения играют все более важную роль в образовании. ИИ может помочь преподавателям принимать решения на основе данных: так, автоматизированное выставление оценок возможно на основе платформы Formative.ai, а некоторые интеллектуальные системы репетиторства и прогнозной аналитики способны персонализировать обучение и выявлять учащихся, которым может потребоваться дополнительная поддержка. Обучающая аналитика позволяет в режиме реального времени отслеживать прогресс учащихся, помогая преподавателям соответствующим образом корректировать свои стратегии.

Обучение, основанное на проектах (PBL), и обучение, основанное на запросах, основаны на подходах, ориентированных на учащихся, которые делают упор на активное участие в решении реальных проблем. Эти модели поощряют учащихся задавать вопросы, проводить исследования, сотрудничать и предлагать решения. Ориентируясь на критическое мышление, креативность и коммуникацию, PBL и обучение, основанное на исследовании, готовят студентов к решению задач 21-го века.

Поскольку глобальные проблемы, такие как изменение климата и социальное неравенство, становятся все более актуальными, преподаватели уделяют больше внимания устойчивому развитию и глобальной гражданской позиции. Эти подходы учат студентов критически относиться к этическим вопросам, понимать глобальную взаимозависимость и принимать ответственные меры. Это направление, часто объединяющее различные дисциплины, направлено на воспитание информированных, чутких и инициативных граждан мира.

Компетентностно-ориентированный подход к обучению призван отточить мастерство обучающихся. Обучение, основанное на компетенциях, отличается от традиционного обучения, основанного на времени, и вместо этого фокусируется на демонстрации учащимися своего мастерства. Учащиеся продвигаются вперед, достигая четко определенных результатов, что обеспечивает гибкий график и индивидуальную поддержку. Эта модель гарантирует, что учащиеся действительно понимают и могут применять то, чему они учатся, что делает образование более актуальным и ориентированным на навыки.

Сфера образования развивается под влиянием технического прогресса, изменений в общественных ценностях и растущего признания разнообразных потребностей учащихся. Эти новые тенденции в педагогике отражают стремление к более персонализированному, инклюзивному и эффективному преподаванию и обучению. По мере того как преподаватели адаптируются к этим изменениям, они не только повышают успеваемость, но и готовят студентов к процветанию в сложном, взаимосвязанном мире.

Список литературы:

1. <https://atlas100.ru/catalog/obrazovanie/trener-po-maynd-fitnessu/>
2. https://forbes.kz/articles/himicheskij_rep_1650422662
3. Blended learning. - Macmillan ELT, 2016. – 160 p.

ЗАМАНАУИ ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ӨМІРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ӘСЕРІ

Толбаева Ж.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, магистр
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: ztolebayeva@zhubanov.edu.kz

Утеуова А.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, магистр
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
E-mail: auteuova@zhubanov.edu.kz

Андатпа: Дисфункционалды отбасынан шыққан жасөспірімдерде девиантты мінез-құлық жиі байқалады және мақалада жасөспірімнің мінез-құлқына, оның оқу үлгеріміне, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасына отбасы мен цифрландырудың әсері қарастырылады. Мақалада отбасылық қатынастармен және цифрлық ортамен өзара әрекеттесумен байланысты девиантты, деликвентті, тәуелді мінез-құлыққа ықпал ететін негізгі себептер қарастырылады.

Тірек сөздер: білім, цифрлық орта, жасөспірімдер, отбасы құндылықтары.

Аннотация: девиантное поведение часто наблюдается у подростков из неблагополучной семьи, и в статье рассматривается влияние семьи и цифровизации на поведение подростка, его успеваемость, отношения со сверстниками и взрослыми. В статье рассматриваются основные причины, способствующие девиантному, деликвентному, зависимому поведению, связанному с семейными отношениями и взаимодействием с цифровой средой.

Ключевые слова: образование, цифровая среда, подростки, семейные ценности.

Abstract: Deviant storytelling is partially considered in adolescents from dysfunctional families, and the articles examine the influence of family and numbers on a teenager's narrative, his success, and his relationship with superpowers and adults. The article examines the main causes associated with deviant, delinquent, dependent behavior related to family relationships and interference with the digital environment.

Keywords: education, digital environment, teenagers, family values.

Қазіргі халықаралық классификацияға сәйкес «жасөспірім» термині әдетте 11 жастан 19 жасқа дейінгі жасты білдіреді. Дегенмен, екі кезенді ажыратады - ерте жасөспірімдік (14 жасқа дейін) және жастық кезеңге градацияға сәйкес келетін кеш жасөспірімдік (19 жасқа дейін). Бұл кезеңдегі негізгі әрекет түрі оқу болып қала береді, дегенмен қатарластарымен қарым-қатынас, топтағы орнын анықтау, алғашқы ғашықтық сезімі басымдық ала бастайды. Ағзадағы гормоналдық өзгерістерді, дене бітімінің өзгеруін және екіншілік жыныстық белгілердің пайда болуын ескере отырып, жасөспірімнің мінез-құлқы бұл өзгерістерге байланысты болжауға келмейтін сипатқа ие болуы мүмкін. Айқын өзін-өзі білдіруден тұйықтыққа дейін, оқу, спорт, шығармашылықтағы жетістіктерден бастап, керісінше, барлығына деген қызығушылықтың жоғалуына дейінгі жағдайлар орын алуы мүмкін.

Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы дәл осындай түбегейлі өзгеріс оларды «қиын жасөспірім» ұғымымен байланыстырады. Жасөспірімдердің мінез-құлқын девиантты, деликвентті және аддиктивті деп сипаттауға болады. Мектеп оқушыларының арасынан

өткізген зерттеу нәтижесіне сәйкес 15-18 жас арасында 59,2 % жасөспірімдер бос уақыттарын әлеуметтік желілерде өткізуді жөн көретіні анықталған. Сонымен қатар, респонденттердің шамамен жартысы (42,7 %) «экстремалды ғаламтор -пайдаланушылар» қатарына жатады.

Жасөспірімдердің көпшілігінің әлеуметтік желілерде өткізетін уақыты барлық сыни нормалардан асып түседі. Мұндай жағдайдың деструктивті салдары – созылмалы ұйқының бұзылуы, отбасындағы жанжалдар, шынайы қарым-қатынастың виртуалдықпен ауыстырылуы. Мәселені қиындата түсетін жайт – жасөспірімдердің өздері әлеуметтік желілердің психикасы мен жалпы өміріне тигізіп жатқан кері әсерін байқамайды. Керісінше, көптеген респонденттер үшін виртуалды қарым-қатынас жақсы психологиялық көңіл-күйдің маңызды триггеріне, күйзеліс жағдайлары мен сыртқы орта тудырған жүйке күйінен арылу құралына айналған.

Сондай-ақ, ғаламтор пен әлеуметтік желілердің ішінара анонимділік мүмкіндігін беретінін де атап өткен жөн. Бұл жағдай тек балаларды ғана емес, ересектерді де шынайы өмірде баруға батылы жетпейтін әрекеттер жасауға итермелейді. Мұндай әрекеттердің кең таралған мысалдарының бірі- кибербуллинг, яғни нақты бір адамға бағытталған қорқыту, қорлау, кемсіту және қудалау, бұл әрекеттер цифрлық байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады [1].

Тағы бір мысал -троллинг, яғни ғаламтор қауымдастықтар мен әлеуметтік желілердегі басқа қатысушыларда теріс реакция тудыруды мақсат ететін арандату мен дау-дамай әрекеттері. Цифрлық ортадағы мұндай агрессивті мінез-құлық түрлері құрбандар үшін психологиялық жарақат пен әлеуметтік оқшаулану сияқты ауыр салдарларға алып келуі мүмкін .

Интернетке тәуелділіктің бірнеше себебі бар. Біріншісі, әлеуметтік желіні қолдану миымыздың ләззат алу орталықтарын тітіркендіреді. Жасөспірім әр жолы өзінің фотосуретінің астына жағымды пікір жазылғанда немесе «лайк» алған кезде жағымды эмоциялар сезінеді. Мұндай сезімді қайтадан бастан кешіруге деген ұмтылыс оны әлеуметтік желілерге қайта-қайта оралуға итермелейді, соның салдарынан ол бұл ортада барған сайын көбірек уақыт өткізе бастайды. Тағы бір себеп – көп қолданушылы веб-платформалармен жұмыс істеу кезінде ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, жасөспірім «Instagram» секілді желіде отырып, қысқа уақыт ішінде әртүрлі сипаттағы ақпаратты алады. Жасөспірім бірқатар мәселелерге тап болады: зейіннің төмендеуі, ақпаратқа тәуелділік, стресс, шаршау, интеллектінің төмендеуі, күйзеліс, шаршау, оқшаулану .

Цифрландыру өзімен бірге екі қарама-қайшы үдерісті алып келеді. Бір жағынан, бұл – жоғары сынып оқушыларының рухани және тұлғалық дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынатын, әртүрлі технологиялық жетістіктерді қолдануға жол ашатын, техникалық прогрестегі қуатты серпіліс пен ілгерілеу. Ал екінші жағынан – виртуалды өзін-өзі дамытудың қауіптері мен қатерлерін де қатар алып келеді. Бұл жағдайда тұлғаның рухани, адамгершілік және интеллектуалдық қырлары зардап шегеді. Жастар этика мен азғындықтың, құқықтық нормалар мен олардан ауытқудың, ақиқат пен жалғанның, адамгершілік пен қатыгездіктің айқын шекаралары мен өлшемдері жоқ цифрлық ортаға тап болады. Қазіргі таңда көптеген танымал тұлғалар мен қарапайым блогерлердің контентінде көрініс тауып, олар жасөспірімдер мен жастар үшін құндылықтар жүйесінің бағыт-бағдарын белгілейтіндерге айналды [2].

Мектепішілік есепте тұрған оқушылармен жұмыс жасау барысында жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынасына тәуелділік байқалды.

Кесте 1. Мектепішілік есепте тұрған оқушылар саны бойынша мәліметтер

		2023	2024	2025
1.	Мектепішілік есепте тұрған балалар саны, адам саны	19	11	6

2.	Толық емес отбасы	13	7	3
3.	Ұлдар	14	8	4
4.	Қыздар	5	3	2

Кестеден көрініп тұрғандай, мектепшілік есепте тұрған балалардың жалпы санының жартысынан астамы толық емес отбасылардан шыққан. Есептегі балалардың арасында ұл балалардың басым екені байқалады. Мектеп әкімшілігінің, әлеуметтік педагогтың, психологтың және басқа да профилактикалық органдардың есепте тұрған балалармен және олардың отбасыларымен жүргізген жұмысына талдау жасау барысында, жасөспірімнің тәртібіне отбасындағы қолайсыз қарым-қатынастардың үлкен әсер ететіні анықталды: ата-ананың ажырасуы, өгей әке/шешеммен шиеленіскен қатынас, ата-ананың беделінің болмауы, ата-аналық міндеттерден саналы түрде бас тарту, отбасындағы материалдық қиындықтар, алкогольизм және т.б. Мұндай жағдайда жасөспірім негізінен өзін-өзі реттеуге мәжбүр болады, ал оның мінез-құлқын түзетуге және отбасындағы жағдайды жақсартуға бағытталған іс-шаралар оң нәтиже бермейді. Бұл өз кезегінде жасөспірімнің жағымсыз әлеуметтік ортаға тәуелділігін арттырып, оның психологиялық жай-күйінің нашарлауына, оқу процесіндегі қиындықтардың күрделенуіне және құқықбұзушылық әрекеттердің (темекі шегу, алкогольдік ішімдіктер ішу, ұрлық, бұзақылық) қайталануына алып келеді.

Кез келген мінез-құлықты бағалау оны белгілі бір нормамен салыстыруды көздейді. Мұндай қалыптан ауытқыған мінез-құлық көбінесе девиантты, яғни ауытқушы мінез-құлық деп аталады. Девиантты мінез-құлық – бұл жалпыға ортақ немесе болжанатын нормаларға (психикалық денсаулық, құқық, мәдениет, мораль) қайшы келетін әрекеттер жүйесі. Девиантты мінез-құлық екі негізгі категорияға бөлінеді. Біріншіден, бұл – психикалық денсаулық нормаларынан ауытқитын мінез-құлық, яғни анық немесе жасырын психопатологияның болуын меңзейді. Екіншіден, бұл – қоғамға қарсы сипаттағы мінез-құлық, яғни әлеуметтік және мәдени нормаларды, әсіресе құқықтық ережелерді бұзу. Мұндай әрекеттер егер салыстырмалы түрде жеңіл сипатта болса, олар құқықбұзушылықтар деп аталады, ал егер елеулі сипатқа ие болып, қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқса – қылмыстар деп танылады. Осыған сәйкес мінез-құлықтың делинквенттік (құқыққа қарсы) және криминалды (қылмыстық) түрлері туралы айтылады. Делинквенттік мінез-құлық, әдетте, мектеп сабақтарын жүйелі түрде қалдырудан және антиәлеуметтік бағыттағы құрдастар тобымен байланыс орнатудан басталады. Оның артынан ұсақ бұзақылық, әлсіздер мен кішілерге әлімжеттік жасау, кіші жастағылардан қалта ақшасын тартып алу, велосипед пен мотоциклдерді рұқсатсыз мініп кету сияқты әрекеттер жалғасуы мүмкін. Сирек жағдайда алаяқтық немесе ұсақ алыпсатарлық, қоғамдық орындардағы әдепсіз әрекеттер кездеседі. Бұған қоса, кейбір жасөспірімдер тарапынан отбасында аз мөлшерде ақша ұрлау фактілері де орын алуы мүмкін[3].

Бұл әрекеттер кәмелетке толмаған жасөспірімдер тарапынан жасалған жағдайда, қылмыстық кодекс шеңберінде жазаланбайды. Алайда мұндай жасөспірімдер жоғары делинквенттік белсенділік танытып, қоғам мен отбасы үшін елеулі мазасыздық тудыруы мүмкін. Әдетте, дәл осы делинквенттік мінез-құлық жасөспірімдер ісі жөніндегі комиссиялардың қарауына себеп болатын ең жиі факторлардың бірі болып табылады.

Делинквенттік мінез-құлық көбінесе мектептен себепсіз қалудан және антиәлеуметтік құрдастар тобымен араласудан басталады. Мұндай әрекеттердің жалғасы ретінде ұсақ бұзақылық, жасы кішілер мен әлсіздерге қысым көрсету, жас балалардан ақшаларын тартып алу, велосипедтер мен мотоциклдерді (көбінесе жай ғана міну мақсатында) айдап кету жағдайлары жиі кездеседі. Кей жағдайда алаяқтық немесе ұсақ алыпсатарлық және қоғамдық орындардағы әдепсіз әрекеттер байқалады. Сонымен қатар, бұған «үйдегі ұрлық» – яғни ақша ұрлау да қосылуы мүмкін. Мұндай әрекеттер кәмелетке толмаған жаста қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болмайды. Алайда жасөспірімдер тарапынан делинквенттік белсенділік жоғары болып, бұл қоғамда елеулі алаңдаушылық

тудырады. Делинквенттік мінез-құлық – кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиялар тарапынан қаралатын істердің ең жиі кездесетін себебі болып табылады[4].

Аддиктивті мінез-құлық – деструктивті мінез-құлықтың бір түрі болып табылады, ол адамның психикалық жай-күйін өзгерту арқылы шынайы өмірден қашуға ұмтылуынан көрінеді. Бұл мінез-құлық белгілі бір заттарды қабылдау немесе назарды нақты бір нысандарға не қызмет түрлеріне тұрақты аудару арқылы іске асады және оған қарқынды эмоциялардың дамуы қатар жүреді. Бұл процесс адамды соншалықты баурап алады, ол өз өмірін аддикцияның басқаруына береді. Адам өз тәуелділігінің алдында дәрменсіз болады. Ерік-жігер әлсіреп, аддикцияға қарсы тұру мүмкіндігі жоғалады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жасөспірім тұлғасының, оның дүниетанымы мен соған сәйкес мінез-құлқының қалыптасуында цифрлық орта мен отбасының маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Осыған байланысты, жасөспірімдермен жұмыс барысында отбасындағы ахуалды жақсартуға, ата-аналар (немесе заңды өкілдер) арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайтуға ерекше назар аудару қажет.

Цифрлық ортаға қатысты, түрлі интернет-ресурстарды қолдану ережелері, жеке деректерді қорғау және құпиялылықты сақтау маңыздылығы жөнінде ақпараттық-ағартушылық жұмыстар жүргізу қажет. Жасөспірімдер мен олардың отбасыларына қолжетімді болатын бейнероликтер, дәрістер, подкасттар базасын жасау маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.Р. Асманова Влияние социальных сетей на сознание подростков. Международный журнал экспериментального образования. 2014. № 6-1;
2. А. М. Бушуева Основные формы девиантного поведения старших школьников в свете цифровизации и глобальных вызовов. Мир науки. Педагогика и психология. 2022. № 6.
3. К.А. Зыков., Л.В. Абдалиева., В.В. Комаров. Особенности девиаций у старшеклассников в цифровой среде. Личность в меняющемся мире: здоровье, адаптация, развитие. 2023.
4. И.Ю. Клубников Девиантное поведение подростков: анализ роли современных медиа и цифровых технологий Актуальные проблемы педагогики и психологии. 2023. Том 4. № 7.

МАЗМҰНЫ

Амантаева Б.И., Амангельдиева И. ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	3
Амангельдиева И. ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖЕҢУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ	5
Бағытжанов А.А. ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ОРТАНЫҢ РӨЛІ	8
Дуйсенова А. ПСИХОСОМАТИКА: ЖАН МЕН ТӘННІҢ БАЙЛАНЫСЫ	12
Ергарина Ж.М., Нурболатова Д.Н., Касенова Н.Б., Жеткербай З.С., Гибадуллина А.И. ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ ТАМАҚТАНУ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ ПСИХОӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ	15
Каримова Г.М., Өмірзақова Ә.С. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ СӨЙЛЕУІН ДАМУДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ	20
Кереймаганбетова Ж.Н., Эжимырадова М.М. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДИЗОРФОГРАФИЯСЫН ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ЛОГОПЕДТІК ЖҰМЫС ЖҮЙЕСІ	23
Кусаметова Г.К., Арманұлы Д. ПРЕОДОЛЕНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ИНЕРЦИИ ЛИЧНОСТИ В ПРОЦЕССЕ УБЕЖДЕНИЯ	27
Қазбергенова Р.А., Утешова Б.С. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ	30
Магзимбетова Г.К. «ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ДОМБЫРА ОЙНАУДЫ ҮЙРЕТУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТЕГІ АПРОБАЦИЯ БАРЫСЫ	35
Мамбеталина А.С., Аймагамбет А.Б. СОВРЕМЕННЫЕ СТРАТЕГИИ ПРОФИЛАКТИКИ СЕЗОННОГО АФФЕКТИВНОГО РАССТРОЙСТВА: АНАЛИЗ И РЕКОМЕНДАЦИИ	40
Мамбеталина А.С., Аймагамбет А.Б. ОБЗОРНАЯ СТАТЬЯ: ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ СЕЗОННОГО АФФЕКТИВНОГО РАССТРОЙСТВА ОТ ДЕПРЕССИВНОГО И БИПОЛЯРНОГО РАССТРОЙСТВА	44
Мамытова А.У., Орынбасарова Ж.К. ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА АУЫЗША СӨЙЛЕУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРТЕГІНІҢ РӨЛІ	49
Мурзатлеуова А.Е. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	54
Мурзатлеуова А.Е. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РӨЛІ	57
Нетебай Ф.К. СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДИАЛОГТІК СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫР ЖОЛДАРЫ	62
Нигметжанова Н.А., Өмірзақова Ә.С. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ САБАҚТАРЫНДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ	66
Оразова Ж.О., Қайрақбай А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕББҚ БАР ТҰЛҒАЛАРҒА КӨЗҚАРАС: МЕДИЦИНАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕН ӘЛЕУМЕТТІК МОДЕЛЬГЕ ӨТУ ҚАЖЕТТІГІ	69

Оразова Ж.О., Құлсариева А.А. ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	72
Оразова Ж.О., Сарсенханова А.Б. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ – ЕРІКТІК САЛАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	76
Оразова Ж.О., Төлеуғазиева Ж.Ә. ЖЕҢІЛ ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ: ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР	80
Оразова Ж.О., Тұрарбек Г.С. ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМІН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ	85
Рыстыгулова А.Т., Мырзағали Ә. АҚЫЛ ОЙЫ ЖЕҢІЛ БҰЗЫЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ	89
Сайфуллаева А.Е. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ	92
Сарсенханова А.Б. ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АРТ-ТЕРАПИЯ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЭМОЦИЯЛЫҚ-ЕРІКТІК САЛАСЫН ДАМУЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	94
Таганова А.М., Андырмаш Ж.Қ. АШЫҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАЛПЫ ТІЛ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ	98
Таганова А.М., Байкадамова А.М. АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТӘЛІМГЕРЛІК ТӘЖІРИБЕ	103
Таганова А.М., Байкадамова А.М. АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МЕНІҢ ТӘЛІМГЕРЛІК ТӘЖІРИБЕМ	108
Таганова А.М., Ермағамбетова Ә.Д. ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЕРІКТІ САЛАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫН ТҮРЛЕРІ	114
Таганова А.М., Жанахмет А.М. ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ	120
Таганова А.М., Орынбасарова Б.Б. МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМУЫ	125
Таганова А.М., Туркменбай Т.А. ЦИФРЛЫҚ АУТИЗМ – ҚОҒАМ ДЕРТІ	128
Токжанова А.М., Жулаева А.И. НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В СОВРЕМЕННОЙ ПЕДАГОГИКЕ: ФОРМИРОВАНИЕ БУДУЩЕГО ОБРАЗОВАНИЯ	132
Толбаева Ж.А., Утеуова А.А. ЗАМАНАУИ ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ӨМІРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ӘСЕРІ	135